$\bar{x}$  – қаржылық тәуекелдің орташа болжамды мәні;

$n$  – қаржы ресурстарының салымдарының саны (жиілік).

Дисперсия қаржылық тәуекелдің жиілігінің абсолютті тербелісін сипаттайды, ал тербелістің салыстырмалы дәрежесін вариация коэффициенті көрсетеді. Ол келесі формуламен анықталады:

$$v = \sigma / \bar{x} \cdot 100,$$

мұндағы  $v$  – вариация коэффициенті;

$\sigma$  – орташа квадраттық ауытқу;

$\bar{x}$  – қаржылық тәуекелдің орташа болжамды мәні.

Вариация коэффициенті 1-ден 100%-ға дейін өзгеруі мүмкін. Вариация коэффициенті қаншалықты жоғары болады, соншалықты тербеліс күшті. Вариация коэффициентінің түрлі мәндеріне келесідей сапалы баға бекітілген: 10% -ға дейін – салымдардың төмен тербелісі; 10-25% - қаржылық тәуекелдің орташа тербелісі; 25%-дан жоғары – қаржылық тәуекелдің жоғары тербелісі.

Дисперсия мен вариацияны қолданған кезде тәуекелдің қаржылық нәтижені алудың математикалық ықтималдылығы бар екенін ескеру қажет. Бұл ықтималдылық субъективті эксперттік жолмен немесе объективті қаржылық тәуекелдің деңгейін математикалық есептеу негізінде анықтауға болады.

Кәсіпорынның тәуекелдерін бағалаудың негізгі әдістері болып статистикалық әдістер есептеледі. Олардың ішіндегі перспективалы әдіс қаржылық тәуекелдерді факторлық талдау (факторлық жүйе моделін қолдану) болып табылады. Мысалы, диверсификацияланған инвестициялық тәуекелді инвестиция объектісінің даму перспективаларының бар-жоқтығы бойынша, бәсекелестік деңгейі, тапсырыстар саны, келісілген шарттар саны бойынша, ал

диверсификацияланбаған – несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер, инфляциялық күтілімдер, ел экономикасының дамуының жалпы беталыстары бойынша бағаланады.

Қаржылық тәуекелді бағалаудың басқа да аналитикалық әдістері кеңінен қолданылады. Іскерлік белсенділік, қаржылық тұрақтылық коэффициенттері есептеледі, банкроттылыққа ұшырау ықтималдылығы анықталады, жалпы қаржылық даму деңгейі талданады.

Тәуекел деңгейінің түрлі салыстырмалы сипаттамалары жасалып, рейтингтер анықталады.

Тәуекелді бағалаудың перспективалы әдісі модельдеу болып табылады. Бұл әдістің негізгі қиындағы нақты жағдайларға байланысты модельді дұрыс таңдау. Модельдер қаржылық тәуекел ықтималдылығын бағалап, нақты жағдайды болжамдауға мүмкіндік береді.

Тәжірибеде тәуекелдерді бағалауда аналогиялар әдісі қолданылады. Қаржы менеджерлері, мамандар түрлі шығарылымдар немесе басқа кәсіпорындар тәжірибесі негізінде белгілі бір жағдайлардың болуы, қаржылық нәтижелер алу ықтималдылығын, қаржылық тәуекел деңгейін анықтайды. Осы әдіс негізінде көптеген кәсіпорындардың тактикасы мен стратегиясы құрылады. Бірақ әр кәсіпорынның өзіндік кадрлік, шикізаттық және салалық сипаттағы ерекшеліктері бар екенін ескеру қажет.

Тәуекелді бағалаудың негізгі әдісі кәсіпорынның қаржылық жағдайын кешенді талдау, оның қаржылық тұрақтылығы пен төлемқабілеттілігін талдау болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын экспресс-талдау кеңінен тараған. Оның мақсаты – кәсіпорынның балансы мен қаржылық нәтижелер және оларды қолдану туралы есебі негізінде жалпы қаржылық жағдайын және даму динамикасын бағалау. Мұнда қаражаттарды (активтерді) орналастыру мен қолдануына, олардың көздеріне (меншікті капитал мен міндеттемелер, яғни пассивтер) назар аударылады.

Қаржылық жағдай тұрақтылығының баланстық моделі кеңінен танымал. Бұл модель негізінде қаржылық тәуекел облысы анықталады және кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық деңгейі талданады:

$$\Phi + З + Дс = Ис + Кт + К + Р,$$

мұндағы  $\Phi$  – негізгі құралдар немесе басқа айналымнан тыс активтер;

$З$  – запастар мен шығыстар;



Дс – ақшалай қаражаттар, қысқа мерзімді қаржылық салымдар, дебиторлық қарыздар және басқа активтер;

Ис – меншікті қаражаттар көздері;

Кт – орташа, ұзақ мерзімді несиелер және қарыздық қаражаттар;

К – қысқа мерзімді несиелер;

Р – кредиторлық қарыздыр.

Қаржылық тәуекелді бағалау үшін қаржылық тәуекел ықтималдылығын сипаттауға мүмкіндік беретін коэффициенттерді (мультипликаторлар) есептеуде негізделетін мультипликативті әдісті қолдануға болады. Белгілі көрсеткіштерді (коэффициенттерді) есептеу есеп берудің белгілі баптары арасындағы қатынасын анықтауда негізделеді.

Кәсіпорынның қаржылық тәуекелін компьютерлік имитациясы перспективалы болып табылады. Қазіргі кезде тәуекелді бағалау бойынша дайын бағдарламалық өнімдер жиынтығы жасалған. Әр кәсіпорынның қаржылық тәуекелді жекеше модельдеу мүмкіндіктері бар.

Қаржылық жағдайды болжамдау қаржылық тәуекел ықтималдылығын анықтауға, болашақта кәсіпорынның даму перспективасын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге болжамдау қаржылық талдау мен жоспарлауға сүйенеді.

Қаржы тәуекелінің сыртқы белгілері келесілер: міндеттемелерді орындамау, төлемдерді тоқтату, салықтарды төлеу мерзімдерінің кешіктірілуі, өндірістік, коммерциялық дәстүрлі байланыстардың бұзылуы. Ішкі белгілері: өндірістің тоқтап қалуы, өткізу көлемінің төмендеуі, жұмысшылардың қызметтен босатылуы, мерзімі өтіп кеткен кредиторлық қарыздың жоғары үлесі, қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелерінің төмен көрсеткіштері, қаржыландыру көздері ретінде қарыздық қаражаттарды қолдану үлесінің жоғарылығы.

Кәсіпорынның тәуекелін бағалау үшін рейтингтік әдіс қолданылуы мүмкін. Оның мәні: негізгі көрсеткіштер корреляциялық-регрессиялық талдау көмегімен топтастырылады. Кейін кәсіпорынның эксперттік өлшем бойынша белгілі көрсеткіштердің орта салмақты рейтинг мәні (орны) ретінде есептелетін интегралды рейтингі анықталады. Келесі кезеңде кәсіпорындардың талданатын топтарындағы тәуекел деңгейі бойынша әр кәсіпорынның интегралды рейтинг мәні есептеледі. Рейтингте бірінші орынды экономикалық потенциалы жоғары және төмен деңгейлі тәуекелді кәсіпорын алады.

Кәсіпорынның экономикалық қызметінің тәуекелін сапалы бағалау төмендегілерді қарастырады:

- тәуекел факторларын анықтау;

- тәуекел туындайтын жағдайларды талдау;
- тәуекелдердің потенциалды облысын анықтау.

Әр кәсіпорында жіберілетін тәуекелдің облысын анықтау қажет. Тәуекел облысы – жалпы жоғалтулар бекітілген тәуекелдің шекті мәнінен аспайтын мүмкін болатын жоғалтулардың кейбір зонасы.

Тәуекел көлеміне салалар ерекшеліктері, халық шаруашылығының құрылымдық қайта құру жағдайында сала жағдайының өзгерісі, өндірістің мерзімдік сипаты, капитал айналымдылығының жылдамдығы, өндірілетін өнім диверсификация мүмкіндігі, клиенттер мен жабдықтаушылар диверсификациясы, әлемдік нарыққа шығу мүмкіндігі әсер етеді.

Саланың арнайы тәуекелдерін ескеру қажет. Тәуекелдің келесі облыстары бар:

- тәуекелсіз зона;
- минималды тәуекел облысы;
- жоғары тәуекел облысы;
- критикалық тәуекел облысы;
- жіберуге болмайтын тәуекел облысы.

Тәуекелдерді бағалауда ең басты ықтималдылықты анықтау қажет. Ықтималдылық 2 әдіспен анықталады.

- субъектілік;
- объектілік.

Субъектілік - субъективтік критерийлерге негізделген, яғни ол бағалауының мамандандырылуы оның тәжірибесі (қаржылық эксперттердің бағалауы, қаржылық консультанттардың пікірі, т.б.). Бірақ ықтималдылықты субъективті түрде анықтаған кезде әр тұлға әр түрлі шешім қабылдайды, әр түрлі пікірге келуі мүмкін. Оның ішінен ең кең тарағаны эксперттік бағалау (түрлі экспертиза жүргізіледі, логикалық, математика-статистикалық әдіс-тәсілдерді қолданады, т.б.).

Объектілік - ықтималдылықтың математикалық мөлшерінің есебін анықтау арқылы анықталады. Мысалы: Белгілі бір салаға салымнан 250 мың тг. түсті. Ол 200 жағдайдың ішінен 120 жағдайында ғана орындалды, сонда бұндай пайда алу ықтималдығы 0,6 (120/200) болады.

$$P = n/E_n$$

P - ықтималдық.

E<sub>n</sub> - жалпы қарастырылатын жағдайлардың саны,

n - ол күтілетін нәтиже бойынша жағдай саны.

Тәуекел мөлшері (тәуекел деңгейі) екі критерия арқылы анықталады:

- 1) орташа күтілетін мөлшер;
- 2) көрсеткіштің ауытқуы.

1) Орташа күтілетін мөлшер – барлық бола алатын көрсеткіштердің орташа деңгейін анықтайды. Мысалы: А саласына капиталды салған кезде 120 оқиғаның ішінен 48 оқиғадан 250 мың тг. (ықтималдық 0,4), 36 оқиғадан 200 мың тг. (ықтималдық 0,3), 36 оқиғадан 300 мың тг. (ықтималдық 0,3) түсім түсті. Сонда орташа күтілетін мөлшер  $(250 * 0,4 + 200 * 0,3 + 300 * 0,3) = 250$  мың тг. болады.

Дәл осылай В саласына капиталды салудан түсетін орташа түсім  $(400 * 0,3 + 300 * 0,5 + 150 * 0,2) = 300$  мың тг.

А және В саласына капиталды салған кездегі екі орташа күтілетін түсім сомасын салыстыра келе, осындай шешім шығаруға болады: А саласындағы түсетін түсім мөлшері 200 – 300 мың тг. аралығында, яғни орташа мөлшері 250 мың тг.; Ал В саласындағы түсетін түсім мөлшері 150 – 400 мың тг., орташа мөлшері 300 мың тг. құрайды.

2) Толық шешімін табу үшін көрсеткіштердің ауытқуын анықтау керек. Көрсеткіштердің ауытқу дәрежесі күтілетін мөлшердің орташа мөлшерден ауытқу дәрежесін қарастырады. Ол үшін практикада бір-бірімен тығыз байланысты екі критерия қолданылады: дисперсия және орташа квадраттық ауытқу.

Дисперсия квадратталған орташа көрсеткіштердің орташа күтілетін нәтижеден ауытқуын қарастырады.

$$\sigma^2 = \sum(x - x_{\text{орт}})^2 n / \sum n$$

$\sigma^2$  - дисперсия;

x - әр жағдайға (жиілік) байланысты күтілетін көрсеткіш;

x орт – орташа күтілетін көрсеткіш;

n – жиілік саны.

Орташа квадраттық ауытқу келесі формула арқылы анықталады:

$$\sigma = \sqrt{\sum(x - x_{\text{орт}})^2 n / \sum n}$$

Дисперсия мен орташа квадраттық ауытқу абсолюттік ауытқу өлшемі болып табылады.

Анализ үшін вариация коэффициенті қолданылады. Вариация - бір жағдайдан (вариант) басқа жағдайға ауысқандағы белгінің сандық

бағасының өзгеруі (тербелмелігі). Вариация коэффициенті орташа күтілетін және орташа квадраттық ауытқу қатынасы.

$$V = \pm \sigma / \bar{x} * 100\%$$

V - вариация коэффициенті, %;  
 $\sigma$  - орташа квадраттық ауытқу;  
 Хорт – орташа күтілетін көрсеткіш.

Вариация коэффициенті арқылы көрсеткіштердің ауытқуын салыстыруға болады. Вариация коэффициенті 0-ден 100 % -ға дейін өзгере алады. Коэффициент көп болған сайын ауытқуы да көп болады. Төменде вариация коэффициенті бойынша әр түрлі мәндерді бағалау көрсетілген:

10 %-ға дейін – төмен ауытқу;  
 10-25 %-ға дейін – орташа ауытқу;  
 25 %-дан артық – жоғары ауытқу.

А саласына капиталды салғанда орташа квадраттық ауытқу:

$$\sigma = \sqrt{180\,000 / 120} = \pm 38,7;$$

Ал В саласына:

$$\sigma = \sqrt{750\,000 / 100} = \pm 86,6;$$

Вариация коэффициенті (А саласы):

$$V = \pm 38,7 / 250 * 100 = \pm 15,5 \%;$$

В саласының вариация коэффициенті

$$V = \pm 86,6 / 300 * 100 = \pm 28,9 \%;$$

А саласына капитал салған кезде вариация коэффициенті В саласындағы вариация коэффициентіне қарағанда аз. Осыдан А саласына капиталды салу В саласына қарағанда тиімдірек деген шешімге келуге болады.

Кесте 1- А және В саласына капиталды салған кездегі дисперсия есебі

№	Түскен түсім мың тг. x	Оқиға саны n	(x – x орт)	(x – x орт) <sup>2</sup>	(x – x орт) <sup>2</sup> *n
<b>А саласы</b>					
1	250	48	-	-	-
2	200	36	-50	2500	90 000
3	300	36	+50	2500	90 000
Барлығы	Хорт = 250	120			180 000
<b>В саласы</b>					
1	400	30	+100	10 000	300 000
2	300	50	-	-	-
3	150	20	-150	22 500	450 000
Барлығы	Хорт = 300	100			750 000

Тағы тәуекелді анықтаудың оңайтылған әдістері бар. Ол инвестордың тәуекел деңгейі оның кірісінің максималды немесе минималды болар болмас

мөлшеріне байланысты. Егер осы мөлшердің диапазоны үлкен болған сайын, тәуекел деңгейі жоғарырақ болады. Сонда дисперсияны, орташа квадраттық ауытқу мен вариациялық коэффициентті есептеу үшін келесі формуланы қолдануға болады:

$$\sigma^2 = P \max (x \max - \text{хорт})^2 + P \min (\text{хорт} - x \min)^2;$$

$$\sigma = \sqrt{\sigma^2};$$

$$V = \pm \sigma / \text{хорт} * 100,$$

Мұндағы:

P max – максималды табыс алу ықтималдығы;

x max – максималды табыс мөлшері;

Хорт – орташа күтілетін табыс мөлшері;

P min – минималды табыс алу ықтималдығы;

x min – минималды табыс мөлшері.

Енді есептеген кезде осылай шығады.

А саласына капиталды салу бойынша:

$$\sigma^2 = 0,3 (300-250)^2 + 0,3(250-200)^2 = 1500;$$

$$\sigma = \sqrt{1500} = \pm 38,7;$$

$$V = \pm 38,7/250 * 100 = \pm 15,5\%.$$

В саласына капиталды салу бойынша:

$$\sigma^2 = 0,3 (400-300)^2 + 0,3(300-150)^2 = 7500;$$

$$\sigma = \sqrt{7500} = \pm 86,6;$$

$$V = \pm 86,6/300 * 100 = \pm 28,9\%.$$

Бұл екінші тәсілдің нәтижесі жоғарыда қарастырылған мысалдағыдай сәйкес келеді, А саласында тәуекел азырақ.

Сонымен, осы бөлімде мен тәуекел деңгейін анықтау формулаларын қарастырдым. Жоғарыда баяндалған әдістер тәуекелге байланысты көрсеткіштерді анықтау үшін кең қолданылады.

#### **1.4 Қаржылық тәуекелді басқару жүйесі**

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың логикалық жалғасы – кәсіпорын қызметінің кемшіліктерін жою жолдарын іздеу болып табылады.

Жағымсыз жағдайлардың ауқымына байланысты кәсіпорын жағдайын жетілдіруге қажетті іс-әрекеттер көлемі анықталады. Жеңіл


қаржылық дағдарыс кезінде ағымдағы қаржылық жағдайды бірыңғайлау, яғни ақша қаражаттарының кірістері мен шығыстарын үйлестіру жеткілікті. Ал терең қаржылық дағдарыс жағдайы қаржылық жағдайды тұрақтандырудың барлық ішкі және сыртқы механизмдерін қолдануды қажет етеді. Кәсіпорынның жағдайы аппараттық деңгейге жеткенде қаржылық жағдайды жетілдірудің жолдарын іздестіру қажет, ал табылмаған жағдайда кәсіпорынды жою туралы шешім қабылдауға мәжбүр болады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын тұрақтандырудың ішкі механизмдері ең алдымен кәсіпорынның ағымдағы төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталуы тиіс. Ағымдағы төлем қабілетсіздікті жою мақсатында кәсіпорын қаржылық жағдайды жетілдіру бойынша оперативтік шаралар жүргізу, яғни ағымдағы шығыстарды азайту және кейбір активтерді сату қажет. Осыдан кейін алдағы кезеңде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тактикалық шаралар жүргізілуі қажет. Кәсіпорынның толық қаржылық тұрақтылығының негізгі шарты ол – ұзақ мерзімді қаржылық теңдікті қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан кәсіпорынның стратегиялық шаралары қаржылық тұрақтылықты ұзақ мерзімде уақытқа дейін сақтап тұруға бағытталуы тиіс. Кәсіпорынды дағдарыстан алып шығу үшін қаржылық жағдайды тұрақтандырудың ішкі және сыртқы механизмдерінің жиынтығынан құралатын кәсіпорынды сауықтыру бойынша бизнес – жоспар жасалынады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын сауықтырудың бағыттарын қарастырайық.

Кәсіпорын меншікті айналым қаражаттарының жетіспеушілігін азайту мақсатында жаңа акциялар мен облигациялар шығаруы мүмкін. Бірақ жаңа акцияларды шығару олардың бағамдарының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Сондықтан батыс елдерінде көбіне облигацияларға көп жүгінеді.

Кәсіпорынның банкроттығының алдын алу жолдарының бірі ол – акциялар бойынша дивидендтер көлемін азайту немесе төлеуден уақытша бас тарту. Бірақ бұл шараны іске асыру үшін кәсіпорын акционерлерін қаржылық сауықтыру бағдарламасының нәтиже беретіндігін және болашақта дивидендтер көлемінің өсетіндігіне сендіру қажет.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын сауықтырудың маңызды көзі – факторинг, яғни кәсіпорынның өзінің дебиторлық борыштары бойынша талап ету құқықтарын банкке немесе факторинг компанияларға сатуы болып табылады.



Сурет 3 – Қаржылық сауықтырудың негізгі бағыттары

Кәсіпорынның материалдық техникалық базасын жаңартудың ең тиімді жол-дарының бірі – лизинг. Ол инвестициялаудың бір түрі болып табылады. Лизингтік операциялар бойынша жедел амортизацияны пайдалану өндіріс құралдарының оперативті түрде жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынға үлкен табыс әкелетін тиімді жобаларды іске асыру мақсатымен кредиттер тарту да кәсіпорынды сауықтырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Меншікті капиталдың жетіспеушілігін азайтудың бір жолы ол – оның айналымдылық жылдамдығын арттыру болып табылады.

Меншікті қаржы ресурстарының көлемін арттыру жолдары:

- тұрақты шығындар сомасын азайту
- айнымалы шығындар сомасын азайту
- жедел амортизацияны пайдалану
- пайдаланылмайтын мүліктерді сату
- сыртқы әлеуметтік және тағы да басқа бағдарламалардан бас тарту, инвестициялық белсенділікті төмендету.

Кәсіпорынды қаржылық сауықтырудың негізгі бағыттарының бірі өндіріс табыстылығын арттыратын ішкі резервтерді іздеу болып

табылады. Оған өндіріс қуаттылығын толық пайдалану, өнімнің сапасы мен бәсеке қабілеттілігін арттыру, өзіндік құнды азайту, материалдарды, еңбек және қаржы ресурстарын үнемді пайдалану жатады.

Тәжірибеде кәсіпорынның қаржылық жағдайына әсер ететін негізгі үш проблема кездеседі:

- төлем қабілеттіліктің төмен болуы, яғни ақша қаражаттарының жетіспеушілігі. Бұған кәсіпорынның кредиторлар, жұмысшылар және бюджет алдындағы міндеттемелерін өтеуге қаражаттарының жетіспеушілігі дәлел бола алады.

- меншік иелерінің мүдделерін толық қанағаттандырмау. Бұған меншік иелері алатын табыстарының олардың салған салымдарына қарағанда әлдеқайда төмен болуы дәлел бола алады.

- қаржылық тәуелсіздігінің немесе қаржылық тұрақтылығының төмендеуі. Тәжірибеде қаржылық тұрақтылықтың төмен болуы болашақта міндеттемелерді өтеу бойынша қиыншылықтар тудыруы мүмкін, ал бұл өз кезегінде кәсіпорынның кредиторларға тәуелді болуына алып келеді. Жоғарыда жасалынған талдау негізде біздің кәсіпорында алғашқы екі проблеманың (өте төменгі төлем қабілеттік және рентабельділік) қаржылық тәуелсіздігіне келсек, ол ұзақ мерзімді қарыздардың жоқ болуы және кәсіпорын қызметінің негізінен меншікті капиталмен қаржыландырылуына байланысты кәсіпорын кредиторларға тәуелді емес, яғни қаржылық тұрақты. Талдау барысында анықталған кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының әлсіз жақтары негізінен төлемқабілеттілік пен рентабельділіктің төмен болуынан туындап отыр. Осыған байланысты біз кәсіпорынның қаржылық тұрақтандыру үшін төлемқабілеттік пен рентабельділікті арттыру жолдарын іздеу керек деген қорытындыға келеміз.

Кәсіпорынның төменгі төлем қабілеттілігі мен рентабельділігін талдау кезінде ұзақ мерзімді міндеттемелерді алу қажет пе деген сұрақ туындайды. Бір жағынан, ұзақ мерзімді міндеттемелерді пайдаланбау кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын, яғни тәуекелсіздігін білдірсе, екінші жағынан, ұзақ мерзімді міндеттемелер кәсіпорынның төлем қабілеттігі мен рентабельділігін арттыруға көмектеседі. Бұл жағдайда біз «тәуекел-табыс» деген екі факторлы моделіне тоқталып кеткен жөн. Бұл модельдің негізгі қағидаты - тәуекелсіз табыс та жоқ. Яғни тәуекел мен табыстың қолайлы қатынасын тапқан жөн. Алайда қарыз қаражаттарын пайдалану қажеттілігі болмайды егер кәсіпорын өз пайдасын өзіндік құнды төмендету негізінде арттырса.

Сонымен кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартудың бірнеше жолдарын атап көрсетуге болады: өзіндік құнды азайту қажет.



Ол үшін өзіндік құнға факторлық талдау жасау, оның өсу себептерін анықтау және азайту жөнінде шаралар қолдану қажет. Материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарының тиімді пайдалануына көп көңіл бөлу қажет.

Негізгі көзі меншікті капитал болып табылатын капитал салымдарын азайту не боламса ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарын немесе лизингті пайдалану.

Капитал салымдарын белгілі бір уақытқа дейін қысқарту пайда алуға мүмкіндік береді, алайда бұл капитал салымынан мәңгі-бақиға бас тарту қажет екендігін білдірмейді. Сондықтан ол үшін кәсіпорын ұзақ мерзімді несиелер алуы немесе лизингті пайдалануы қажет. Сонымен қатар жаңа техникалар енгізу, ғылыми-зерттеу, тәжірибелі-конструкторлық және технологиялық жұмыстар жүргізуді ұмытпаған жөн. Бұл өндірістік шығындардың азаюына септігін тигізіп, кәсіпорын табыстылығын арттырады.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша кәсіпорынның өндірістік қуаттылығына талдау жасау, олардың 100 % пайдаланылуын қамтамасыз ету және олардың қолданылмайтын бөлігін сату немесе жалға беру қажет. Сонымен қатар жоспарлардың жасалуы мен орындалуына көп көңіл бөлген жөн.

Тәуекелділік жағдайында шешімдер қабылдау кезінде қолданылатын нақты әдістер мен тәсілдер кәсіпорынның қызметі түріне, қойылған мақсаттар жету стратегиясына тәуелді болады. Сонымен бірге тәуекелді басқару теориясы мен практикасымен тәуекелді талдау барысында басшылыққа алынатын негізқалаушы принциптер орнатылған. Біріншіден, меншік капиталдың мөлшерінің мүмкіндігінше тәуекел етуге болады, екіншіден, азшылық үшін көпшілікпен тәуекелге баруға болмайды.

Тәуекелдерді талдаудан кейін осы тәуекелдерді басқару әдістерін талдау қажет. Әрине бұл процестің ажырамас бөлігі болып сақтандыру табылады. Сақтандырудан басқа тәуекелден қашу немесе оны өзіне алу, шектеу, хеджирлеу, сараптау, тәуекелдерді бөлу, қаражаттарды резервтеу, тәуекелдер бойынша мүмкін болатын қаржылық жоғалтуларды айыппұл санкциялар жүйесі есебінен өтеу, кепілдік және т.б. сияқты тәуекелдерді басқару әдістері қолданылады.

Тәуекелді төмендету – тәуекелді жағдайдың болу ықтималдылығын және мүмкін жоғалтулар көлемін азайту. Тәуекелді басқару әдісін таңдау кезінде тәуекел түрі бойынша максималды мүмкін болатын шығысты есептеу, оны тәуекелге ұшырауы мүмкін капитал көлемімен сәйкестендіріп, барлық мүмкін шығысты меншікті қаржылық ресурстар көлемімен салыстыру қажет.

Тәуекелді басқару жүйесінің қызметін тиімді жүргізу кәсіпорынды басқару жүйесінде құрылымдық бөлімше – тәуекелді басқару бөлімшесін құруды қарастырады. Бұл бөлімше міндетті түрде тәуекелді басқару бойынша мақсатты шаралардың арнайы бағдарламасын жасауы керек.

Кәсіпорын деңгейінде мұндай бағдарлама жасау кәсіпорынның қызметі мен құрылымының негізгі элементі ішкі және сыртқы тәуекелдерден қорғаныштылық және жоғары тұрақтылықты кепілдендіретін тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету тиіс. Тәуекелдер кәсіпорын қызметтерінің түрлі жақтарына әсер етеді және ол жағымсыз сипаттамаға ие болады. Жағдайды тұрақтандыру бойынша жұмыстар тәуекелдерді басқарудан бастау қажет, яғни тәуекелмен байланысты қаржылық жоғалтуларды төмендетуге бағытталған кәсіпорын үшін экономикалық қолайлы ұсныныстар мен шаралар енгізіліп, жасалуы тиіс.

Кәсіпорынның тәуекелді басқару бөлімшесі бірнеше топтардан тұруы қажет. Бөлімшенің құрамына кіретін әр топқа ішінде білім облысы әртүрлі мамандар болу керек: ең алдымен - анти-тәуекелділік басқарушы, маркетинг бойынша маман, қаржы маманы, персоналды басқару бойынша, жоспарлы-экономикалық жұмыс бойынша, өндіріс бойынша маман.

Кәсіпорынның басқармасы тәуекелді басқару мәселелерін шешуде басты орын алады, өйткені ол тәуекелді төмендету бойынша шаралар бағдарламасын бекітеді, критикалық жағдайларда оларды өткізу шешімдерін қабылдайды, анти-тәуекелділік бағдарламамен бірге сыналатын шешімдер қабылдайды.

Тәуекелді басқару бойынша шараларды тікелей өткізу кәсіпорынның негізгі өндірісітік және басқарушылық бөлімшелерінің қызметіне қайшы келеді, олардың есеп беру көрсеткіштеріне жағымсыз әсерін тигізеді, себебі бұл шаралар жедел табыс әкелмейтін шығыстарды талап етеді.

Сондықтан тәуекелді басқару бойынша соңғы шешімдерді кәсіпорынның басқару органдарының ең жоғарғы органы қабылдағаны үлкен маңыздылықты иеленеді.

Қаржылық тәуекелмен байланысты мүмкін жоғалтуларды төмендетуде қызығушылық тудыратын кез келген кәсіпорын өзі үшін келесі мәселелерді шешу қажет:

- қаржылық тәуекелмен байланысты мүмкін жоғалтуларды бағалау;

- фирма белгілі бір тәуекелдерді өзінде қалтыра ма, яғни олар бойынша өзі жауапты бола ма, не олар бойынша жауапты басқа субъектілерге беретіндігі туралы шешім қабылдауы тиіс;

- негізгі мақсаты мүмкін жоғалтуларды төмендету болып табылатын тәуекелдерді басқару бағдарламасын жасау қажет.

Бұл міндеттерді тәуекелді басқару бойынша мақсатты шаралардың арнайы бағдарламасын жасау негізінде мүмкін. Антитәуекелдік менеджерде тәуекелді басқару бойынша дұрыс шешім қабылдау үшін барлық қажетті ақпараттар болуы тиіс.

Тәуекелді басқару мақсаттары мен міндеттері.

Тәуекелді басқару бойынша мақсатты шаралардың кез келген арнайы бағдарламасын жасаудың мақсаты кәсіпорынның тәуекелділік жағдайларында сәтті қызмет етуді қамтамасыз ету болып табылады.

Қаржылық тәуекелмен байланысты қаржылық жоғалтуларды төмендету мәселесін шешу мысалға келесідей жүргізілуі мүмкін: бар тәуекелді жою, мүмкін тәуекелдің алдын алу, мүмкін болатын зиянның тікелей алдын алу, мүмкін болатын зиянның жанама алдын алу.

Мұндай бағдарламаны талдауда тәуекелді басқару бойынша мақсатты шаралардың арнайы бағдарламасының мазмұны мен мақсаттары анықталады.

Қаржылық тәуекелді басқару принциптері. Тәуекелді басқарудың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру менеджерге фирма тәуекелдерін басқару принциптерін нақтылауды талап етеді.

Менеджер тәуекелді басқару бойынша мақсатты шаралардың арнайы бағдарламасын жасауда негізге алатын принциптер кәсіпорынның стратегиясымен анықталады. Егер кәсіпорын өзінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге негізделсе, онда бағдарлама жасаушы жұмыс негізіне алатын сәйкесінше принциптері қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ететін тәуекелді басқару әдісін таңдауды ұсынады. Мұндай нақты принцип мысалы компанияның барлық тәуекелдерді сыртқы ортаға шығаруға бағытталу принципі болып табылады.

Тәуекелді басқару функцияларының мәні пәндік сипаты иеленбейтіндіктен, ол коммерциялық кәсіпорындардың интегралдық құндылықтарын сақтауға бағытталғандықтан, бұл функцияларды орындау фирма бөлімшелерінің және тәуекелді басқару қызметкерлерінің біріккен күштерімен жүзеге асырылады. Тәуекелді басқару жүйесін орнату үшін біріншіден, мамандарды дайындау қажет, екіншіден, әрдайым біріккен тренингтер жүргізілуі тиіс.

## **Бакылау сұрактары**

1. Тәуекелдің өсу рөлінің беталысы көрінісінің объектілік себебі неде?
2. Тәуекел деген не?
3. Тәуекел және белгісіздіктің арасындағы айырмашылық пен ортақтылық неде?
4. Тәуекел жағдайына қандай шаралар ілеседі?
5. Таңдалатын баламаның әрекетінің іске асыру ықтималдылығында қалай бағаланады?

## 2 Тарау. ТӘУЕКЕЛДІҢ ЖІКТЕЛУІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

### 2.1 Сыртқы тәуекелдер

Кәсіпкерлік тәуекелдердің мағынасын топтастырудың күрделілігі олардың көптүрлілігіне байланысты. Тәуекелмен кәсіпкерлік фирмалар ағымды және де ұзақ мерзімді мәселелерді шешуде үнемі кездесіп отырады. Барлық кәсіпкерлік ұйымдар соқтығысатын тәуекелдердің белгілі бір түрлері бар, жалпымен қатар белгілі бір қызметтерге байланысты төл тәуекел түрлері де бар: мысалы, банктік тәуекелдердің сақтандыру қызметінің және соңғы кезекте өндірістік кәсіпорнынның тәуекеліне қарағанда айырмашылықтары бар.

Тәуекелдің түрлік алуан түрлілігі өте жоғары – өрттен және апаттардан бастап ұлтаралық қақтығыстарға, кәсіпкерлік қызметті және инфляциялық тұрақсыздануды реттейтін заңнамаларға өзгерістер енгізуге дейін әкеліп соқтырады.

Сондай ақ, қазіргі заманның экономикалық және саяси дамуында анықтау қиындыққа соқтыратын, санымен бағаланатын тәуекелдің жаңа түрлерін тудырады. Бизнесінің трансұлттануы күрделі қаржылай және өндірістік өзара байланыстарды тудыруға әкеліп соқтырады. Бір компанияның құлдырауы жағдайында, банкрот-компаниямен байланысты компаниялар қатарына құлдырауының ықпалын тигізетін жағдайда «Домино әсерін» тудырады. Өндірістік-шаруашылық кәсіпкерлік ұйымдарының қызметінде компьютерлеу мен автоматтандыруды күшейту компьютерлік ақауда немесе есептеу техникаларының істен шығуында шығындарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Соңғы жылдары саяси факторларға байланысты тәуекелдер маңызды рөлге ие болды, себебі олар өзімен бірге кәсіпкерлікке көптеген шығын келтіруде.

Кәсіпкерлік мәселелеріне арналған экономикалық әдебиетте кәсіпкерлік тәуекелдердің топтастыруының жүйелі жүйесі жоқ. Тәуекелдің топтасуына көптеген жақындастықтар бар. И.Шумпетердің кәсіпкерлік тәуекелдің топтастыруының белгілі қызығушылығын тудырады, ол тәуекелдің екі түрін көрсетеді:

- өндірістің техникалық құлдырауына байланысты тәуекел, мұнда апатты жағдайлардың салдарынан туындаған игіліктердің жоғалу қаупі де жатады;

- Коммерциялық жетістіктің жоқтығына байланысты тәуекел.

Ю.Осипов кәсіпкерлік тәуекелдің үш түрін ажыратады: инфляциялық, қаржылық және операциялық. Өз кезегінде С. Валдайцев барлық тәуекелдерді екі топқа бөледі: коммерциялық және техникалық.

Кәсіпкерлік тәуекелді топтастыруға басқа да жақындастықтар бар, бірақ олар жоғарыда көрсетілгендерді қайталайды. Бірақ, көрсетілген тәуекелдердің барлық түрлері олардың алуан түрлілігін толық көлемде көрсетпейді, сондықтан да оларды белгілі бір белгілеріне байланысты тәуекелдердің түрлерін анықтау қажет.

Тәуекелмен кәсіпкер өз қызметінің түрлі сатыларында кездеседі және нақты тәуекелдік жағдайлардың орын алу себептері де алуан түрлі болуы қалыпты жағдай. Әдетте пайда болу себептері жағдайлардың тұрақсыздығына әкеліп соқтыруы мүмкін жағдайлар болып табылады. Мұндай қайнар көзіндегі тәуекелдерге: тікелей шаруашылық қызметі, кәсіпкердің өзінің қызметі, кәсіпкерлік қызметтің қорытындысына ықпалын тигізетін қоршаған орта жағдайы туралы ақпараттың жетіспеушілігі жатады. Осыған қарағанда, келесілерді айыру қажет:

- Шаруашылық қызметпен байланысты тәуекел;
- Кәсіпкердің жеке тұлғасымен байланысты тәуекел;
- қоршаған ортаның жағдайы туралы ақпараттың жетіспеушілігіне байланысты тәуекел.

Соңғы тәуекелдің пайда болуы керісінше пропорционалды, өзінің фирмасына байланысты қоршаған ортаның жағдайы туралы ақпараттандалғаны, ол қазіргі шаруашылық жағдайында аса маңызды болып табылады. Серіктестіктері (сатып алушылары немесе қамтамасыз етушілер) туралы әсіресе олардың іскерлік имиджіндегі және қаржылай жағдайлары туралы ақпараттың жетіспеушілігі кәсіпкерге тәуекелділік тудыруына әкеліп соқтырады. Ресейдегі немесе басқа шет елдердегі серіктестіктерінің салық төлеу туралы ақпараттың жетіспеушілігі – мемлекеттік органдар тарапынан кәсіпкерлік фирмадан айыппұл санкцияларын өтеуді талап етуде шығындардың қайнар көзі. Бәсекелестері туралы ақпараттың да жетіспеушілігі кәсіпкердің шығындалуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Кәсіпкердің жеке тұлғасына байланысты тәуекел барлық кәсіпкерлердің кәсіпкерлік саласында түрлі білімдеріне, кәсіпкерлікті жүргізуде түрлі тәжірибе және бөлек келісімшарттар тәуекелділік деңгейіне қоятын талаптарының түрлілігімен анықталады.

Пайда болу салалары бойынша кәсіпкерлік тәуекелділіктерді сыртқы және ішкі деп бөлуге болады. (сыртқы тәуекелдердің пайда болу қайнар көзі кәсіпкерлік фирмаға қарасты сыртқы орта болып табылады. Кәсіпкер оларға ықпалын тиге алмайды, ол тек оларды болжап және өз қызметінде есепке ала алады. )

Осыған байланысты сыртқы тәуекелдерге кәсіпкердің қызметіне тікелей байланысты емес тәуекелдер жатады. Сөз кәсіпкерлік қызметін реттейтін заңнамалардың күтпеген өзгертулері жөнінде болып отыр;

қызмет көрсету елінде саяси режимінің тұрақсыздығы және басқа жағдайлар, сәйкесінше және ұлттандыру, көтерілістер, эмбарго енгізу соғыстарының басталуының нәтижесінде кәсіпкерлердің шығындарына әкеліп соқтырады.

## 2.2 Ішкі тәуекелдер

Ішкі тәуекелдің қайнар көзі болып өз кәсіпкерлік фирма болып табылады. Бұл тәуекелдер тиімсіз менеджмент, қате маркетингтік саясат, сондай ақ ішкі фирмалық теріс пайдаланушылықтардың салдарынан пайда болады.

Ішкі тәуекелдің арасында негізгі болып кәсіпкерлік фирмадағы қызметкерлердің кәсіби деңгейлері мен мінез құлықтарына байланысты кадрлық тәуекелдер болып табылады.

Қазіргі жағдайда шаруашылықтану кәсіпкерлік тәуекелдің шешім қабылдау деңгейіне байланысты екі түрін ерекшелейді: макроэкономикалық (глобалдық) тәуекел және бөлек фирмалар деңгейіндегі тәуекел (локалдық). 80-шы жылдардың ортасына дейін Ресейде тәуекелдің негізгі үлесі глобалды деңгейге келді – мемлекет деңгейі. Шаруашылық субъектілердің өзіндіктерінің пайда болуынан бастап жағдай өзгерді, енді тәуекелдің негізгі бөлігін кәсіпкерлік ұйымдар арқалайды. Өздерінің капиталсалымдарын және инновациялық қызметтегі бағыттарын анықтап, өздері тұтынушылармен және тауармен қамтамасыз етушілермен өздері келісімшартқа отырып олар осы шешімдерге байланысты кәсіпкерлік тәуекелді өз мойындарына толықтай алады.

Уақыт ұзақтығы бойынша кәсіпкерлік тәуекелдерді қысқа мерзімді және тұрақты тәуекелдерге бөлуге болады. Қысқа мерзімді тәуекелдер тобына кәсіпкерге белгілі бір уақыт мөлшерінде қауіп төндіретін тәуекелдер жатады, мысалы, шығындар тауар тасымалдауда орын алуы мүмкін көліктік тәуекел, немесе нақты келісімде төленбеу қауіп бар тәуекелдер енеді.

Тұрақты тәуекелдерге аталған географиялық ауданда немесе экономиканың белгілі бір саласында кәсіпкерлік қызметке үздіксіз қауіп төндіретін, мысалы, жетілдірілмеген құқықтық жүйесі бар елде төленбеуі немесе жоғары сейсмикалық қауіпті аудандарда ғимараттардың құлау тәуекелі болған жағдайдағы тәуекелдер жатады.

Кәсіпкердің негізгі мақсаты – фирманың құлдырауына әкеліп соқтыратын сызықтан аспайтындай есеппен тәуекелге бел буу болғандықтан, рұқсат етілетін, қиын-қыстау және апаттық тәуекелдерді анықтауға болады. Рұқсат етілетін тәуекел – бұл «қандай да бір

жобаның немесе кәсіпкерлік қызметті іске асырудағы кірістерден толықтай айырылу» тәуекелі. Аталған жағдайда шығындар болуы мүмкін, бірақ олардың көлемі күтілетін кәсіпкерлік кірістен төмен; сондықтан да аталған кәсіпкерліктің бұл түрі немесе нақты келісімшарт, тәуекелдің болуына қарамастан өзінің экономикалық мақсаттылығын сақтайды.

Тәуекелдің келесі сатысы рұқсат етілетін тәуекелге қарағанда аса қауіпті – бұл қиын-қыстау тәуекелі. Бұл тәуекел кәсіпкерлік қызметінің аталған түрін немесе бөлек келісімді іске асыруда келтірілген шығындар көлемін жоғалтуға байланысты тәуекел. Мұнда қиын-қыстаудың бірінші сатысы нөлдік кіріс табу қаупімен байланысты, бірақ кәсіпкердің шығындалған материалдық шығындарын өтеу арқылы жүзеге асады. Қиын-қысатудың екінші сатысы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда толық көлемде шығындалу, яғни көзделген кірістерді жоғалту және кәсіпкер барлық шығындарды өз есебінен төлеу қаупі бар.

Апатты тәуекел деп кәсіпкердің мүліктеріне тең немесе соған тең келетін көлемде шығындалу қаупімен сипатталады. Апаттық тәуекел кәсіпкерлік фирманы банкроттыққа әкеліп соқтырады, аталаған жағдайда кәсіпкердің белгілі бір қызмет түріне немесе нақты бір келісімге салған қаражаты ғана емес, оның мүлкінің жоғалтуына да әкеліп соқтырады. Бұл мұндай жағдайға іспетес, кәсіпкерлік фирма жоспарланған кіріске сеніп сырттан қарыз алған, апаттық тәуекел орын алған жағдайда кәсіпкер қарызды өз есебіне төлеуге мәжбүр болады.

Кәсіпкерлік тәуекелдің заңдылықты деңгейі бойынша келесілер анықталуы мүмкін: ақталған (заңға сыйымды) және ақталмаған (заңға сыйымсыз) тәуекелдер. Мүмкін бұл кәсіпкерлік тәуекеліне аса маңызды тәжірибелік мағынасы бар маңызды топтастыру элементі болып табылуы мүмкін. Ақталған және ақиалмаған тәуекелді ара жіктерін ажырату үшін бірінші кезекте бұлардың ара жіктері кәсіпкерліктің әр саласында, экономиканың түрлі саласында түрлі болып келеді. Ғылыми-техникалық даму саласында зерттеулердің фундаменталдық сатысында теріс қорытынды алу мүмкіндігі 5-10 %, қолданбалы ғылыми жобаларда - 80-90%, жоба – құрама жобаларда - 90-95% құрайды. Аталған қызметтің саласы жоғары тәуекелдің орын алуымен сипатталады, онымен қоса тәуекел қаупі мүлдем орын алмайтын бөлек салалар бар, мысалы, атомдық энергетиканы атауға болады.

Барлық кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру мүмкіндігіне сәйкес екі үлкен топтарға бөлуге болады: сақтандырылатын және сақтандырылмайтын. Кәсіпкер, өзін жартылай қауіпсіздендіру арқылы, сақтандыру жарнасы түрінде нақты шығындарды жүзеге асыру арқылы тәуекелді экономиканың басқа субъектілеріне жартылай ауыстыруы



мүмкін. Осыған байланысты, тәуекелдің кейбір түрлерін, мысалы мүлік жолуының тәуекелі, өрт, апаттың және т.б. пайда болу тәуекелдерін кәсіпкер сақтандыра алады.

Сақтандыру тәуекелі – шамаланған жағдай немесе орын алған жағдайларда сақтандыру жүргізілетін жағдайлардың жиынтығы. Қауіптің қайнар көзіне байланысты сақтандыру тәуекелдері екі топқа бөлінеді:

- табиғаттың күші салдарынан орын алған апаттық жағдайларға байланысты тәуекелдер (ауа райы жағдайлары, жер сілкіністер, су тасқындары және т.б.);

- Адамның орынды әрекеттеріне байланысты тәуекелдер.

Сақтандыруға жөнді тәуекелдерге жататындар:

- өрт және басқа апаттық жағдайлардың салдарынан орын алған шығындар;

- көліктік жол апатының салдарынан орын алған шығындар;

- тасымалдауда бүлінген немесе жойылған өнімнің қорытындысы бойынша көрсетілген шығындар;

- фирма қызметкерлерінің қателері нәтижесінде орын алған шығындар;

- фирма қызметкерлерінің бәсекелестерге ақпарат беру нәтижесінде келтірілген шығындар;

- субмердігерлердің өз міндеттемелерінің орындамауларының нәтижесінде орын алған шығындар;

- фирманың іскерлік белсенділігінің уақытша тоқтатылуының нәтижесінде келтірілген шығындар;

- фирманың басшысының немесе жетекші қызметкерінің өлімі немесе сырқаттануының нәтижесінде орын алған шығындар;

- Фирманың қызметкерінің сырқаттануы, өлімі немесе қайғылы оқиғаға ұшырауы нәтижесінде келтірілген шығындары.

Бірақ сақтандыру компаниялары қолға алмайтын тәуекелдің тағы бір түрі бар, бірақ мұнда сақтандырмау тәуекелін алу кәсіпкердің кірісінің потенциалды қайнар көзі болып табылады. Бірақ сақтандыру тәуекелінің нәтижесіндегі шығындарды сақтандыру компаниялардың есебіне төленсе, сақтандырылмаған тәуекелдің салдарынан орын алған шығындар кәсіпкердің өз фирмасы қаражатынан төленеді. Негізгі тәуекелдің ішкі қабаты болып фирманың жеке капиталы, сондай ақ арнайы құрылған резервтері болып табылады. Ішкіден басқа, шығын төлеудің қайнар көзіне айналған сыртқы қайнар көздері де бар, мысалы, еншілес банктерге аналық банк жауапты болады.

Тағы да тәуекелдің екі үлкен топтарын атап өтуге болады: статистикалық (жай) және динамикалық (спекулятивтік).

Статистикалық тәуекелдің ерекшелігі олар үнемі өздерімен бірге кәсіпкерлік қызметіне шығындар әкеледі. Мұнда кәсіпкерлік фирмаға келтірілген шығындар, толықтай қоғамға келтірілген шығындар болып есептеледі.

Шығындалу себептеріне сәйкес статистикалық тәуекелдер келесі топтарға бөлінеді:

- апаттық жағдайлардың (от, су, жер сілкінісі, дауылдар және т.б.) фирманың активтеріне кері әсерін тигізу нәтижесінде орын алған шығындар;

- қылмыстық әрекеттер нәтижесінде келтірілген шығындар;

- кәсіпкерлік фирмаға қатысты тиімсіз заңнаманы (жеке меншікті тікелей тартып алуға немесе заңнаманың жоқтығына байланысты айыптыдан төлемақы алуға мүмкіндіктің жоқтығынан) қабылдау нәтижесінде орын алған шығындар;

- негізгі қамтамасыз етушінің немесе тұтынушының қызметінің мәжбүрлі тоқтауына әкеліп соқтыратын үшінші тұлғаның жеке меншікке қауіпінің нәтижесінде орын алған шығындар;

- кәсіпкерлік фирманың негізгі жекеменшікті тұлғасының немесе бас қызметкерлердің өлімдері немесе жұмысқа жарамсыздықтарының (білікті кадрларды таңдаудағы қиындыққа байланысты, сондай ақ жекеменшік құқықтарын берудегі орын алған қиындықтар) нәтижесінде орын алған шығындар;

Статистикалық тәуекелмен салыстырғанда динамикалық тәуекел кәсіпкерлік фирмағанемесе кіріс немесе шығын әкеледі. Сондықтан да, оларды «спекуляциялық» деп атауға болады. Сонымен қатар, бөлек фирмалардың шығындарына әкеліп соқтыратын динамикалық тәуекелдер бір уақытта толықтай қоғамға пайда әкелуі мүмкін. Сондықтан да динамикалық тәуекелдер басқаруға қиын болып табылады.

Ереже ретінде, бүкіл тәуекелдер өзара байланысты және кәсіпкердің әрекетіне әсер етеді. Осы жағдайлар тәуекелді оңтайландыру бойынша шешімді қабалдауды қиындатады және нақты тәуекелдердің құрамына терең жасау, сонымен қатра олардың пайда болу себептері мен факторларды қажет етеді.

Кәсіпкерлік мәселелерге арналған экономикалық әдебиеттерінде тәуекелдер жіктелуінің құрылған жүйесі жоқ, ереже ретінде мақсаттар және жіктелу тапсырмасымен белгіленентін тәуекелдер жіктелуіне көптеген әдістер бар. Жіктелу негізіне қаланған көптеген маңызды элементтер төменде тізілген болып табылады:

Қайсар бойынша тәуекелдің пайда болуы келесі топтарға бөліне алады:

- жеке меншік шаруашылық;
- табиғи факторлармен шартталған.

Пайда болу себептері бойынша тәуекелдер бірқатар факторлардың салдары болып табылады:

- болашақтың белгісіздігі, көп нұсқалық, қоғамдық құбылыстардың қайшылығы, қоғамдық дамудың ықтималдылық сипаты, апаттық элементтер, кездейсоқтық, ойда жоқтық;

- жеткіліксіздік, ақпараттық, объект, құбылыс, процесс туралы мәліметтің толық еместігі;

- серіктестіктің ойда жоқ мінез - құлығы және (адам, топ, ұжым, ұйым) қоғамдық өмірге өзінің қажеттілігі, қызығушылығы. Мақсаттарының өткізілімі мақсатында субъектінің әсері;

- қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани өміріне ғылыми - техникалық прогрестің әсері.

Тәуекелдің ортақ жіктелуіне өмірдің түрлі жақтарымен және адамдардың әрекетімен байланысты тәуекелдің келесі түрі бөлінеді:

- мемлекеттік және өкіметтер органдардың әрекеттермен шартталған саяси тәуекелдер;

- апаттармен, жер сілкіністерімен, жанартаулардың атқылауымен, су тасқындарымен т.б. байланысты экологиялық тәуекелдер;

- әлеуметтік ширығудың өсуінің шарттануы, кластар мен топтарға қоғамның топтасуы, әлеуметтік- саяси жағдайдың, заңдардың орындалмауы мен заңдылықтың іске аспауы әлсізденген әлеуметтік тәуекелдер ;

- ғылым мен техниканың дамуы мен оның табиғи орта жағдайына, адам денсаулығына, жол апаттарымен апаттардың қауіптілігінің артуына кері әсері, өндірістермен, еңбектің зиянды шарттарымен және белгіленген технологияларды қолдануда қоршаған ортаны ластаумен байланысты тәуекелдер;

- адамдардың экономикалық әрекетімен байланысты экономикалық тәуекелдер ;

- арнайы тәуекелдер (спорттық, педагогтық, мамандық және т.б.)

Экономикалық тәуекелдер ішінен банктік, аудитрлік, сақтандыру, кәсіпкерлік және ішкі экономикалық әрекеттің тәуекелдерін бөліп алуға болады. Олардың әрқайсысы экономикалық әрекеттің бір жағымен: банктік немесе сақтандыру ісімен, кәсіпкерлікпен немесе ішкі сауда- саттықтың саласымен байланысты. Аудитрлік тәуекелді дұрыс емес көзқарасты қалыптастыру ықтималдылығы ретінде және ( аудит) тексеріс нәтижесі бойынша дұрыс емес қорытындыны құруда салдар ретінде белгілейді.

Бақылау тәуекелі (ішкі бақылау табылмаған қателердің

қауіптілігі);

Компанияның сипаты ретінде клиенттің шарталған ішкі тәуекелі ішкі бақылау көмегімен қоршаған ортаның шартын тексеруге болмайды. Табылмаған тәуекел (аудиторлік тексеріс өткізу процесінде ішкі бақылау жүйесімен жіберілген кателердің көрінбеу ықтималдылығы).

Валюталық тәуекел, шетелдік валюта бағамының ауытқуымен байланысты экспорттер үшін бұл – алу кезінде шетелдік валютаның ауытқуы (немесе) төлемді алуға дейінгі тапсырысты және келісөзді бекіту, импорттер үшін тәуекел бұл – кесілген уақыттың тапсырыс датасы аралығы мен төлеу күнін бекіту;

Төлеу тәуекелі клиентті қаржы жағдайымен немесе оның елімен немесе төлегісі келмеуімен байланысты мысалға, нарық бағасының түсуінен (сатушы тәуекелі);

Жағымсыздық тәуекелі тауарды қабылдаудан бас тартумен байланысты (сатушы тәуекелі);

Бірденені орындамау тәуекелі - сатушы тауарды сату келісіміне сәйкес емес, басқа сапада, басқаша санда, кешіктірілгенді қойса қауіптілік (сатушы қауіптілігі).

Көліктік тәуекел – жолда тасымалдау және ұстап қалу кезінде бұзылу немесе тауар зауалын қауіптілігі келісілген орынға жеткізу бойынша сатып алу (сатып алу мен сатушы тәуекелі).

Нарықтық тәуекелі – оңтайлы емес нарықты іздеу қауіптілігі;

Елдік тәуекел – импорттер фирмасы бар елдің саяси, экономикалық, әлуметтік жағдайына байланысты.

Сақтандыру тәуекелі – бұл тәуекел сақтандыру жағдайының келуімен байланысты. Олар сол немесе өзге сақтандыруда сақтандырушының жауапкершілігінің көлемін білдіреді және статистикалық, эмперикалық негізінде, ықтималдылық теориясы негізінде белгіленеді.

Белгіленгендей, өндірістік, қаржылық және коммерциялық тәуекелді айыра алады. Бірақ ортақ қабалданған тәуекелінің жіктелуі жоқ. Солай, мысалға, қаржылық және несиелік тәуекелді айыра алады. Қаржылық тәуекелді заемды қаржы қарым – қатынасымен барлық кәсіпорынның қаржылық жағдайларына, яғни, заемды байланыстырады және меншіктік қаржының қарым – қатынасы жоғары болған сайын тәуекел де жоғары. Ал несиелік тәуекел заемшы ссуда бойынша төлей алмауын шарттандырады. Көрсетілген нұсқаулармен қатар инвестициялық тәуекелдің инвестициялық - қаржылық портфельдің құнсыздану ықтималдылығымен байланысын ажырата алады.

Нарықтық тәуекелді нарықтық экономикалық конъюктураның

күтпеген өзгерісі немесе тұтастай экономикалық қауіптілігі ретінде белгілейді. Көптеген авторлар сыртқы және ішкі тәуекелді бөледі. Сыртқыларға нарықтық сақтандыру, апагтық тәуекел, валюталық тәуекелді жатқызады. Сыртқы тәуекелді саяси және экономикалыққа бөледі. Ескерген жөн, кейбір авторлар өндірістік тәуекелді контракт немесе келісім шартқа тапсырышымен бірге фирманың өз міндеттерін орындамау мүмкіндіктерімен қаржылық (несиелік) тәуекел – фирманың қарызын қаржыландыру әрекеті үшін нәтижені пайдалануда инвесторлар алдында фирманың қаржылық міндеттерін орындамау мүмкіндіктерімен байланыстырады.

Осындай түрде кәсіпкерлік тәуекел келесі түрлерді өндірістік, коммерциялық, қаржы несиелік және инвестициялы тәуекелді енгізеді.

Соңғы қорытындыға таласпай, кәсіпкерлік салада маңызды инвестициялық тәуекелді жіктеп көрейік.

Жүйелік тәуекел (дифференциалды емес) тұтастай процеспен байланысты, жүйелік емес (дифференциалды) нақты экономикалық құбылыстармен байланыты және диверсикациямен кішірейтілуі мүмкін деп белгілесек, мысалы.

Қызмет еткізу кезеңімен қатар қаржылық – экономикалық және әлеуметтік тәуекелдің ықтималдылығы (білікті кадрларды алумен күрделі әлеуметтік инфрақұрылым әлсіздігі, ереуіл қауіпі) техникалық тәуекел (жаңа технологиялар, шикізат пен материалдар сапасының тұрақсыздығы, технологиялар беріктігі), экологиялық тәуекел (өндіріс зияндылық, дүркін шығарын тастаулар, қоныс тебуші орынның жақындығы).

Экономикада тәуекел түсінігінің нұсқаларының бірі Дж. М. Кейс есімімен байланысты, ол өнім құндылығы және қызмет көрсету нарықтық бағаның ойламаған жерден өзгеріске ұшырайды, жабдықтардың шарасыздық тозығы мен апаттар нәтжесінде бұзылуларға әкелуде ықтимал шығынға кіруі керек. Осымен байланысты Кейнс «тәуекел» туралы күтілген түсім анықтығын кейінгіге қалдыру ықтималдылығын жабу үшін негізгі түрін ескеру керек деп есептеген.

Біріншіден, кәсіпкер немесе заемщик тәуекелі онымен ол есептеген перспективалық пайданы шын ала алама» деген күдік пайда болады.

Екіншіден, несие беруші тәуекелі шығынға ұшырау ойымен қауіптілігімен байланысты болуы мүмкін немесе міндетті орындаудағы борышкердің басқа әрекеттерінің шетіне шығуы, сонымен қатар қамтамасыз ету мөлшерінің жеткіліксіздігі ықтималдылығымен байланысты, яғни, заемщиктің кірісті алу есебі ақталмағаны үшін еріксіз шығынға ұшыраудың қауіптілігі.

Үшіншіден, бұл тәуекел – ақша бірлігінің құндылығының азаю ықтималдылығымен байланысты.

Экономикалық ғылымда тәуекелдің классикалық және жаңа классикалық теориясы бар. Классикалық тәуекел теориясының өнімдері (Милль, Сепиор) пайызды кәсіпкерлік кіріс құрылымында салынған капитал еншісі ретінде ) және тәуекел үшін төлемді (ықтимал тәуекелдің өтемі ретінде кәсіпкерлік әрекетпен байланысын) айыра алды. Классикалық теориядағы экономикалық тәуекел таңдаған шешімді өткізу нәтижесінде математикалық күткен шығынмен теңдестіреді. Аталған шешімнің іске асуына алып келетін тәуекел - мұнда. Мұндай біржақты термелеу сезілгеннен кейін тәуекелдің басқа түсінігіндей өнімін ертті.

XX жүзжылдығындағы 20 -30 жылдары А. Маршал және А. Пигу тәуекел Q-ді экономиканың жаңа классикалық теориясының негізін жасады. Кәсіпкер іс - әрекеті тәуекелдің жаңа классикалық теориясына сәйкес шектелген пайданың тұжырымымен шартталған. Бұл егер бірдей ұсынылған кірісті беретін күрделі қаржы нұсқаларының екеуінің бірін, таңдап алу керек болса, онда кіріс ауытқуы аз нұсқасы таңдалады.

Тәуекелдің жаңа классикалық теориясын соңынан осындай күткен мөлшердегі кіріске қарағанда, бірақ та ықтимал толқындарымен байланысқан адал кіріс үлкен пайдаға иеленеді. Мұнан А. Маршал бәсекені ұстау, лоторей және құмар ойындарын ойнау пайдасыз деп қорытынды жасайды. «Құмарға әуес рөліне Дж.М. Кейнс көңіл бөлген. Үлкен кіріс үшін кәсіпкер үлкен тәуекелеге баратыны туралы классикалық теориясына қосымша қанағат факторы жаңа тәуекелден қорытындыға әкеледі.

Кәсіпкерлік әрекеттің күрделі мәселелерінің бірі капитал салудың оңтайлы нұсқаларын таңдау болып табылады. Кәсіпкер өзінің жиынағында тәуекел элементін құрайтын белгісіздіктің әртүрімен соқтығысады. Олардың алдында нарықтық конъюктураның есебімен және басқа да факторлардың әсерінен тәуекел дәрежесін белгілеу тапсырмасы пайда болады.

Тәуекелден құтылуды болжайды, ал жиі ойсыздық («Qui resque riens n'a riens» - «тәуекел етпеген ұтпайды»). Сондықтан кәсіпкерлер іс-әректің ережесі «тәуекелден қашпау, ал оны алдынан ала көру, төмен деңгейдегі ықтималдылыққа дейін төмендету». Кәсіпкерлік тәуекел- бұл тәуекел, кез келген әрекет түрінде пайда болатын өнім өндірісімен, тауармен, қызмет көрсетумен, оларды жөнелтіммен, тауарлы-қаражатты және қаржылық операциямен, коммерциямен, әлеуметтік – экономика және ғылыми- техникалық жобалардың іске асуымен байланыстылығы.

Көптеген факторлар әсерінің нәтижесінде пайда болған қызметтерден кәсіпкерлік тәуекелдер туындайды. Олар фирманың ішкі шешімдерінің немесе жоғарқы кәсіпкерлік ортаның қызметін нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Қазіргі экономиканың жай-күйін талдау кәсіпкерлік тәуекелдің пайда болуына әкелетін мына себептерді көрсете алады: Экономикалық дағдарыс; қоғамның қылмыстану көрсеткіші; инфляцияның жоғарғы қарқыны; саяси тұрақсыздық; шаруашылық субъектілерінің жауапкершіліксіздігі; кәсіпкерлік қызметкерлерді қадағалаушы құқықтық және нормативті актілердің нақты болмауы, олардың үнемі өзгеріп отыру; тәуекелдің жалпы деңгейінің түсуіне қарсы тұратын кәсіпкерлік құқықтың болмауы; кез келген келісім-шарттардың «моральді» тәуекелін арттыратын кәсіпкерлердің басым бөлігінің өз қызметіне сай жауапкершілігінің; кәсіпкердің қылмыстық әлемге тәуелділігі, құқық қорғаушы органдардың оны қорғай алмауы; саясаттың экономикаға шектен тыс араласуы; федералды және жергілікті деңгейлерде аппараттың көбеюі; тұрақсыз салық заңдылықтары; салықтар мен міндетті төлемдердің ауыртпалықтары; жағыссыз бәсеке; нарық мәселесі мен кәсіпкерлік туралы кәсіпкерлердің білім деңгейінің төмен болуы және т.б. Банктің қарыз алушысының несие қабілеттілігін бағалау әдістерін жетілдіру бойынша жалпы ұсынымдар мен қолданылып жүрген әдістемелер келесі негізгі процедуралардың орындалуын ұсынады: қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау; қарыз алушыға несиелік рейтинг бекіту және банктің меншікті несиелеу лимитін белгілеу. Қарыз алушының несие қабілеттілігі сұрағы жеткілікті зерттелген мәселеге жатпайды. Бүгінгі күннің несиелік мекемелері үшін де «несие қабілеттілік» сұрағы өзекті болып отыр. Қарыз алушының несие қабілеттілігі түсінігін екі көзқарас тұрғысынан қарастыруға болады: қарыз алушы тұрғысынан – несиелік мәмілені аяқтау және алған қарызды өтеу мүмкіндігі; кредитор тұрғысынан – ұсынылатын несиенің мөлшерін дұрыс анықтау және осы несиеге қатысты тәуекелдің алдын алу.

Ортаның әсер етуінің анықталмауынан тәуекел объективті негізді және кәсіпкерлердің өздерінің шешім қабылдауының нәтижесіндегі субъективті негізді қалағандықтан, кәсіпкерлік фирманың табысы мен

шығындарын бірі кәсіпкерлік фирмаға қатысты сыртқы, ал басқалары сыртқы болып табылатын фактордың әрекеті ретінде қарастыру керек. Сыртқы факторлар деп кәсіпкердің өзгерте алмайтын, бірақ оны есепке алу қажет мәселелерді айтамыз. Сыртқы факторлар өзара байланысты болғандықтан, бұл факторлардың басымдылықтарын айқындау қиынға түседі: бір фактордың өзгерісі екіншісінің өзгерісіне әкеледі, және олардың өзара өзгерісі тәуекел деңгейіне әсер етеді.

Кәсіпкерлік тәуекел деңгейіне әсер етуші факторлар екі топқа бөлінеді: тікелей қызмет және жанама қызмет факторы.

Тікелей қызмет факторы кәсіпкерлік қызметтің нәтижесі мен тәуекел деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Ал жанама қызмет факторы кәсіпкерлік қызмет пен тәуекел деңгейіне әсер ете алмайды, өзгерте алмайды.

Тәуекелді басқару жүйесі ұйымның басқарушылық мақсаттарының бүкіл бір бөлігінің орындалуын қамтамасыз етеді. Ол бүкіл басқарушылық қызметтің негізі бола алады, оның базасында басқарушылық стратегия мен бақылау жүйесі жасалынады. Төменде мақсаттар иерархиясы мен ұйымның бірлескен тәуекелін басқару жүйесінің орындалу этаптары көрсетілген:

Стратегияның және ұйымды басқару міндеттерінің кіріспесін концептуалды деңгейде қалыптастыру және олардың өзара байланысы мен ішкі логикасын анықтау;

Негізгі стратегиялар мен міндеттерді жасау үшін анықтау принциптерін, тәуекелді бағалау мен диагностикалауды қалыптастыру;

Бұл принциптерді басқарушылық бақылаудың маңызды процедураларын құру үшін, сонымен қатар ұйымдастырушы құрылымның сызбасын жасарда, өкілеттілікті табыстау жайлы құжаттарды дайындарда, негізгі және қосымша бөлімшелердің техникалық тапсырмаларын орындарда база ретінде қолану;

Тәуекелді басқару принциптері мен бақылау жүйесінің принциптеріне сәйкес жауапкершілікті, қызметтің нәтижесін бағалауды және өзін-өзі бағалауды қамтамасыз ету процедураларын анықтау;

Бұл процедураларды басқару процесін жетілдіру факторлары ретінде қолдану;

Жоғарыда айтылған процедуралар мен принциптерге сүйене отырып мониторинг пен кері байланыс механизмін жасау керек, ол процедуралардың жоғары сапасын, оны сақтау бағасы мен тексеруін қамтамасыз ету үшін.

Тәуекелді басқару жүйесі - бар тәуекел бірлігін жан-жақты анализдеуді, олардың идентификациясын, бақылау механизмдерінің бағасын және өндірілуін болжайды. Жүйелі қатынастардың талаптары

тәуекелдің барлық түрлерінің максималды қамтылуын болжайды. Бұл олардың нақты классификациясының болуын қажет етті.

Тәуекелді басқару мәселесі жеке шаралар мен қызметтерді жинау арқылы нәтижелі шешілмейді. Бұл міндет компания қызметінің барлық аспектілерін қозғайтын, тәуекелді басқарудың кешенді технологияларын енгізу арқылы ғана шешіледі. Технологияның негізінде принцип жату керек, ол бойынша бірде-бір бизнес-шешім тәуекелдің деңгейін түсінбей қабылданбайды.

Шешім қабылдау мен мүмкін шығындарды азайтудың басқарушылық технологияларының дамуының нәтижесі тәуекелді басқарудың кешенді концепциясы болып табылады.

Тәуекелдерді кешенді басқару – нарықта көшбасшы болуға тырысатын кез-келген компанияны стратегиялық және жедел басқарудың бөлінбес бөлігі болуы керек.

Тәуекелді басқару жүйесінің нәтижелі қызмет атқаруы белгілі бір принциптердің сақталуын талап етеді, олар оған жобалану және құрылу кезеңінде кіріктірілуі керек:

Тәуекелдер бірлігінің максималды қамтылуы пайда болуы мүмкін барлық тәуекелдерді қамтуды қарастырады, ол белгісіздік дәрежесін минимумға жеткізуге мүмкіндік тудырады;

Тәуекелдердің әсерін азайту пайда болуы мүмкін тәуекелдер спектрін азайтуды және олардың компанияның қызмет ету дәрежесіне әсер етуін азайту бағыттары бойынша іс-әрекеттерді күшейтуді талап етеді;

Тәуекелдерге реакцияның адекваттылығы тәуекелдер бірлігіндегі барлық өзгерістерге адекватты және жылдам реакцияның болуын болжайды;

Негізделген тәуекелді қабылдау, яғни, тәуекелді қабылдау тек ол идентификацияланған және бағаланған, оның мониторинг механизмі кіріктірілген жағдайда ғана болады.

Тәуекелді басқару жүйесіне берілген функциялар басқару процесінің өзінің мазмұнын анықтайды, ол жұмыстардың келесі ретпен орындалуына әкеледі:

Тәуекелді басқару бойынша саясатты құрастыру;

Тәуекел жағдайының анализі, яғни тәуекелдің факторларын табу және оның мүмкін деңгейін бағалау, бұл жағдайдағы шаруашылық субъектілерінің іс-әрекетін болжамдау;

Шешімнің ең альтернативті нұсқаларын ойластыру және оның ең қолжетерлігін, ең заңға сәйкесін таңдау;

Тәуекелдерді азайтудың қолжетімді жолдары мен құралдарын анықтау;

Жою бойынша, тәуекелдің жағымсыз салдарын компенсациялау бойынша дайындалу және шараларды жоспарлау.

## 10.2 Кәсіпорын тәуекелін басқару

Кез келген кәсіпкерлік фирма өзіндік қызметкерлер талғамына ие, тәуекелмен байланысты бағытталған және осы негізде қауіпке әкелер тәуекелдердің пайда болуын, қандай тәуекел деңгейі оларға пайдалы немесе қандай тәуекелдерге бармау керектігін шешеді. Осындай қызметтерді тәуекелді басқару жүйесі деп атайды. Бұл кәсіпкерлік фирма қызметінің нәтижесін шешудегі тәуекелділікті жеңілдетуге бағытталған қызметтің ерекше түрі.

Тәуекелді басқару – фирманың теориялық саласында, сақтандыру жұмысында, фирманың шаруашылық қызметінде, экономикалық есептеулерде математикалық әдісті қолдану және т.б. білім салаларын қажет ететін мамандандырылған қызмет саласы. Бұл бағыттағы кәсіпкердің қызметі оның кірісіне кедергі болатын және кәсіпкердің басты мәселесін шешуде, кез келген жағдайда альтернативалық жобалардың тиімдісін таңдауда өз фирмасының мүддесін қорғауы тиіс, сонымен бірге, неғұрлым жоба кірісі көбейген сайын, соғұрлым фирма үшін тәуекел деңгейінің жоғарылайтынын ескеру керек. Тәуекелді басқару бойынша кәсіпкерлік қызметті саяси тәуекел деп атайды. Саяси тәуекелге шешім қабылдауда қателесу қауіптілігін төмендету және кәсіпкерлік шешімдердің мүмкін болар теріс жақсатрын азайту мақсатындағы әр түрлі аралар жиынтығы жатады. Кәсіпкерге тәуекелдің бар болуын білу керек, бірақ жеткіліксіз. Тәуекелдің нақты түрі қызметкерлерге қалай әсер ететінін және бұл әсердің соңы не болатынын болжау керек. Алдымен, кейбір жағдайлардың орын алу мүмкіндігін бағалау керек, содан кейін оның бұл фирманың экономикасына қалай әсерін тигізетіндігін білу шарт.

Кәсіпкерлердің белгілі бір жағдайда әртүрлі шешім қабылдауы, олардың тәуекелге деген индивидуалды икемдерін білдіреді. Кәсіпкерлердің қай категорияға қатыстылығына сай – кәсіпкерлік тәуекелге жоғары дәрежелі дайындықтағы адамдар қатарына немесе тәуекелге өте сақ адамдар тобына кіруі мүмкін. Ол өзінің тәуекелге бел буынған жобаларға қатысуға немесе тәуекел дәрежесі ортаа ағын бизнеспен айналысатындығын шеше алады. Егер кәсіпкер тәуекелге жай көзбен қарайтын болса, онда оған бұл тәуекелі жоғары мүмкіндікті бағалау қиынға түседі немесе керісінше. Тәуекелдің табыс әкелмеуіне қарамастан, бір уақытта тәуекелдің дәрежесін анықтап, есептей алатын кәсіпкер ғана көптеген табыстарға жете алады.

Алынған тәуекелдің дәрежесі бастапқы кордын өлшемі, өнеркәсіптің көлемі, тиімділік деңгейі секілді параметрлер есебімен анықталады. Кәсіпорын неғұрлым көп капиталға ие болса, соғұрлым тәуекелге бел бұмайды және тәуекелдік болған жағдайда кәсіпкер батыл қадам жасай алады.

Тәуекелдікті басқара білу кәсіпкерге ресурстарды тиімді пайдалануға, жауапкершілікті бөлуге, фирманың жұмыс нәтижесін жақсартуға және тәуекел әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### **10.3 Кәсіпорын тәуекелінің бейтараптануының басты тетіктері**

Кәсіпкерлік қызметтің пайда болу процесі кезінде, тәуекелдік деңгейіне әсер етуші факторлар анықталғаннан кейін және тәуекелдікке бағалау жүргізілгеннен соң тәуекелге бетпе-бет келген фирма тәуекелдіктің орын алуын төмендетуі керек, яғни, тәуекел жүргізуші жұмысшы кәсіпорын тәуекелінің бейтараптануының қабылдау механизмін дұрыс таңдауы қажет. Кәсіпкерлік фирма шаруашылық – өндірістік қызмет барысында қаржылық операциялардан немесе тәуекелдің жоғарғы деңгейімен байланысты қызмет түрінен бас тарта алады. Берілген тәуекел бағыты өте қарапайым және радикалды болып келеді. Ол Кәсіпкерлік тәуекел мен қатысты шығындардан құтылуға итермелейді, ал басқа жағынан тәуекелдік қызметке қатысты табыс алуға мүмкіндік жасайды. Бұдан басқа жеке жағдайларда тәуекелден бас тарту мүмкін емес болуы мүмкін, ал бір тәуекелден қашу екінші бір тәуекелге әкеліп соқтыруы ғажап емес. Сондықтан, аталған әдісті тек қана маңызды тәуекелге қатысты қолданамыз. Анықталған кәсіпкерлік тәуекелдіктен бас тарту туралы шешім шешім қабылдаудың алдыңғы стадиясы ретінде қабылдануы мүмкін, егер тәуекел ойлағаннан жоғары болса, бұл қызметтің орындалуының толық теріске шығарылуы. Дей тұрғанмен, тәуекелден бас тарту туралы шешімнің көпшілігі шешім шығарар алдында қарастырылады, өйткені, қызметтік ұсыныстан бас тарту фирманың қаржылық және басқа да көптеген жоғалтуларына әкеліп соқтырады, ал кейбір кездері кәсіпкерлік фирманың келісім-шарттағы міндеттеріне сай мәселені қиындатады.

Қаржылық тәуекелдің бейтараптылығының мына әдістері төмендегі шарттар орындалғанда әсерлі:

1) Кәсіпкерлік тәуекелдің бір түрінен бас тарту одан жоғарғы деңгейдегі тәуекелдердің пайда болуына әкелмейді;

2) Тәуекел деңгейі Кәсіпкерлік келісім табыстылық мүмкіндігінен анағұрлым жоғары;

3) Кәсіпкерлік фирма берілген тәуекел бойынша қаржылық жоғалтудан кейін өзінің қаржылық жағдайындағы мүмкәндәктерін қайтара алмайды, өйткені бұл жоғалтылған қаражат көлемі өте жоғары. Фирма Кәсіпкерлік тәуекелдің барлық түрінен құламауы мүмкін, кей жағдайда фирма соңғы мүмкіндіктің барлығын жасап, ең соңғы құлағанша бизнеспен айналысуы мүмкін. Кейбір тәуекелдерді әлеуеттік табыс алу үшін, ал кейбіреуін тек өз шығындарын өтеу үшін қолданады. Тәуекелге бару барысында мүмкін болар жоғалтуларды жабу көзін іздестіру басты назарда болуы тиіс. Берілген жағдайда кәсіпкерлік тәуекелдің бастамасынан қалған шығындар кез келген ресурстармен жабылады. Егер фирмада қалған ресурстар жеткіліксіз болса, бұл бизнестің қысқартылуына әкеледі. Кәсіпкерлік ұйымдардың шығындарын жабуға арналған ресурстар екі топқа бөлінеді:

- 1) Бизнестің өзіндегі ішкі ресурсы;
- 2) Несиелік ресурс.

Бизнестің өзіндегі ішкі ресурсы. Шығындардың пайда болуы кезінде жекешіліктің барлық түрі зардап шегеді, сондықтан ішкі ресурстарға мыналар жатады:

кәсіпкерлікке жататын, мекеменің қауіпті жағдайларында зардап шекпейтін қолма-қол ақшалар.

- Зардап шеккен жекешіліктің қалдығы.
- Қаржылық және кәсіпкерлік қызметтердің.
- Дивидендтер және табыс инвестициясы мен бағалы қағаздардан пайыздық табыс бизнес иелерінің сақтау мақсатындағы қосымша салымдары

• Периодты есеп ретінде алынған, бөлу кезінде әртүрлі арнайы қаржылық тәуекелдерге жұмсалатын пайданың бөлінбеген қалдығы

• Кәсіпкерлік фирманың жарғылары мен заңдылықтарына байланысты құрылған фирманың резервті қоры. Оның құралымына фирманың периодты есебі кезінде алынған пайданың 5% дан кем емес сомасы кетеді.

• Несиелік ресурстар. Егер кәсіпкерлік фирма шығындарын жаба алмаған жағдайда несиелік ресурстардың көмегімен өтеуге болады.

Өндірістік кәсіпорындардың тәуекелін басқару алгоритмі үздіксіз тұйық цикл болып табылады, сегіз кезеңнен, үш стадиясында ұйымдастырушы-экономикалық және басқарушы шаралар кешенінен тұрады: дайындық, шешім қабылдау және жүзеге асыру.

Дайындық стадиясы кәсіпорынның жоғары тәуекеліндегі әр-түрлі сферасында табу процедуралары мен тәуекелдерді классификациялауды көрсетеді.



Шешім қабылдау стадиясы мәселені идентификациялауды және тәуекелдің негізгі параметрлерін анықтауды көрсетеді: күш, пайда болу мүмкіндігі, қауіптілік дәрежесін.

Жүзеге асыру стадиясы тәуекелді басқару әдістерін қолдануды, жүргізілген шаралардың нәтижелерін бақылау мен бағалауды, жағдайды анализдеуге көшуді көрсетеді.

Төменде қызмет көрсету саласындағы кәсіпорынның тәуекелін басқару үлгісі көрсетілген, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүмкіндігін барынша қолдануға мүмкіндік беретін.

Қабылданған шешімдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету тәуекелді басқаруды ұйымдастырудың тәжірибелік әдістері арқылы болжанады:

Тәуекелді басқарумен байланысты негізгі міндеттер мен функцияларды даралау, тәуекелді төмендету шараларын жоспарлау, оларды қаржыландыру формаларын анықтау;

Басқару жүйесінің барлық бөлшектерінің рационалды сәйкестенуі: басқару деңгейі бойынша тапсырмаларды бөлу, тәуекелді басқару бойынша бөлімшелерді қалыптастыру, тәуекелді нәтижелі басқару үшін құқықтарды, міндеттемелерді, өкілеттіліктерді бөлу;

Кәсіпорында нәтижелі тәуекелді басқару жүйесін құру үшін белгілі бір ұйымдастырушылық әрекеттер, қаржылық және басқа да шығындар қажет. Тәжірибе көрсеткендей, ең оңтайлы нұсқа – тәуекелді басқару кәсіпорынды басқару жүйесіндегі арнайы жүйеше болып қалыптасса немесе ұйымдастырушылық құрылымдағы мамандандырылған бөлімше ретінде болса.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Кәсіпорын тәуекелінің деңгейіне әсер етуші факторларды анықтау көрсеткіштері?
2. Кәсіпорын тәуекелін басқару қандай мәнде?
3. Кәсіпорын тәуекелінің бейтараптануының басты тетіктері мен көрсеткіштері?

## 11 Тарау. КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ ЖОҒАЛТУЛАР МЕН ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ БАРЫНША АЗАЙТУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

### 11.1 Кәсіпкерліктегі жоғалтулар мен тәуекел түрлері

Осыған дейін баяндалғандай, кәсіпкерлік тәуекелін бағалаудағы негізгі орынды кәсіпкерлік қызметті жүргізу кезіндегі мүмкін болатын ресурстарды жоғалтуды талдау мен болжау алады.

Бұл жерде кәсіпкерлік қызметтің сипаты және масштабымен объективті шарттасырылған ресурстардың шығыны емес, кездейсоқ алдын ала болжанбаған, бірақ ойластырылған сценарийден нақты кәсіпкерлік әрекет ауытқу әсерінен туындайтын потенциалды мүмкін болатын жоғалтулар туралы айтылып отыр.

Болжанбаған нұсқа бойынша оқиғалардың дамуымен шарттасырылған қандай да бір ықтималдықты бағалау үшін ең алдымен кәсіпкерлікпен байланысты жоғалтулардың барлық түрлерін білу, және оларды алдын ала анықтау немесе ықтимал болжамдық шамалар ретінде өлшеуге болады. Оған қоса, әрбір жоғалту түрін сандық жағынан бағалап оларды біріктіру де аса маңызды, бірақ мұны әрқашан жасай беруге мүмкіндік бола бермейді.

Болжау үдерісіндегі ықтимал жоғалтуларды есептеу туралы айтқан кезде аса маңызды бір жағдайды да ұмытпаған жөн. Кәсіпкерліктің барысы мен нәтижесіне әсер ететін оқиғалардың кездейсоқ дамуы ресурстардың артық шығындалуы мен соңғы нәтиженің төмендеуі түріндегі жоғалтулармен ғана шектелмейді. Сол бір кездейсоқ жағдай ресурстардың бір түрінің артуы мен басқасының кемуіне алып келуі мүмкін, яғни кейбір ресурстардың артық шығындалуымен бірге басқаларының үнемделуі байқалуы мүмкін.

Сонымен, егер кездейсоқ жағдай кәсіпкерліктің соңғы нәтижелеріне екіжақты әсер ететін болса, оның жағымды және жағымсыз салдары болады, тәуекелді бағалау кезінде осылардың екеуінде бірдей деңгейде есепке алу керек. Басқаша айтқанда, мүмкін болатын жоғалтулардың қосындысын анықтау кезінде есептелген жоғалтулардан олар алып келетін артықшылықтарды алып тастаған жөн.

Кәсіпкерлік қызметтегі мүмкін болатын жоғалтуларды материалды, еңбек, қаржылық, уақыттық жоғалтулар, арнайы жоғалту түрлеріне ажыратады.

Жоғалтулардың материалдық түрлері кәсіпкерлік жобада қарастырылмаған қосымша шығындарда немесе жабдыктарды, мүліктерді, өнімді, шикізатты, энергияны және т.б. тікелей жоғалтуларда көрініс табады. Айтылып кеткен жоғалтулардың әрбір түріне қатысты қолданылатын өзіндік өлшем бірліктері бар.

Материалдық жоғалтуларды берілген материалдық ресурстардың саны өлшенетін бірліктермен өлшеген дұрыс болып табылады, яғни салмақтың, көлемнің, ауданның және т.б. физикалық бірліктері.

Алайда әр түрлі бірліктерде өлшенетін жоғалтуларды қосып бір шамамен көрсету мүмкін емес болып табылады. Килграммдар мен метрлерді қосуға болмайтыны белгілі. Сондықтан жоғалтуларды құндық өлшеу, ақша бірліктерімен көрсету жалғыз ғана жол болып табылады. Бұл үшін физикалық өлшемдегі жоғалтулар құндық өлшемге сәйкес материалдық ресурс бірлігінің бағасына көбейту жолымен ауыстырылады.

Құны алдын ала белгілі болатын материалдық ресурстардың айтарлық көп көлемдері үшін жоғалтуларды бірден ақша түрінде бағалауға болады.

Құндық сипатта материалдық ресурстардың жекелеген түрлерінің әрбірі бойынша ықтимал жоғалтулар бағасына ие бола отырып оларды біріктіруге болады, бұл кезде кездейсоқ шамалар және олардың ықтималдықтарымен әрекет ету ережелерін сақтау қажет.

Еңбек жоғалтулары болжанбаған жағдайлардан, кездейсоқ оқиғалар әсерінен жұмыс уақытын жоғалтуды білдіреді. Еңбек жоғалтулары тікелей өлшемінде адам-сағат, адам-күн немесе жай ғана жұмыс уақытының сағаттары арқылы көрініс табады.

Еңбек жоғалтуларын құндыққа ауыстырғанда ақшалай көрініс еңбек сағаттарын бір сағаттың құнына (бағасына) көбейту арқылы жүргізіледі.

Қаржылық жоғалтулар – бұл қарастырылмаған төлемдермен, айыппұлдармен, қосымша салықтар төлеумен, ақша қаражаттарын және бағалы қағаздарды жоғалтумен байланысты тікелей ақшалай шығын. Одан басқа, қаржылық жоғалтулар қарастырылған көздерден ақшаны толық алмау немесе түгелімен алмау, қарыздардың қайтарылмауы, жіберілген өнімге тұғынушы ақша төлемеу, жүзеге асырылатын өнімдер мен қызметтерді арзандату әсерінен табысты азайту кезінде де болуы мүмкін.

Ақшалай шығындардың ерекше түрлері инфляциямен, валюта бағамының өзгерісімен, кәсіпорын қаражаттарын заңды түрде қосымша мемлекеттік (республикалық, жергілікті) бюджетке аударумен байланысты.

Соңғы, қайтарымсыз жоғалтулармен бірге шоттарды тоқтатып тастау, қаражаттарды уақытында бермеу, қарыздарды төлеуді кейінге қалдырумен шарттастырылған уақытша қаржылық жоғалтуларда болуы мүмкін.

Уақытты жоғалту кәсіпкерлік қызмет үдерісі жоспардағыдан төмен қарқынмен жүрген кезде орын алады. Мұндай жоғалтуларды тікелей бағалау сағаттармен, күндермен, апталармен, айлармен есептелетін көзделген нәтижені алудағы кешігулермен жүргізіледі. Уақыттық жоғалтуларды құндық өлшемге ауыстыру үшін кездейсоқ уақытты жоғалту кәсіпкерліктің табысы мен пайдасына қандай шығындар алып келетінін белгілеген жөн.

Жоғалтулардың арнайы түрлері адам денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға, кәсіпкерлік беделге зиян келтіру арқылы, сонымен қатар басқа да жағымсыз әлеуметтік және моральды психологиялық салдарлардан көрініс табады. Көбінесе жоғалтулардың арнайы түрлерін сандық, оған қоса құндық сипатта анықтау өте қиын болып келеді.

Жоғалтулардың әрбір түрлері үшін олардың пайда болуының және шамасының мүмкіндігін бастапқы бағалауды айды, жылды, кәсіпкерлікті жүзеге асыратын мерзімді қамтитын белгілі бір уақытта жүргізген жөн.

Тәуекелді бағалау үшін ықтимал жоғалтуларды кешенді талдау жүргізген кезде тәуекелдің барлық көздерін белгілеп қана қоймай, сонымен бірге қандай көздер негізгі екенін де анықтаған маңызды.

Жоғалтулардың жоғарыда көрсетілген түрлерін талдай отырып, олардың шамасының жалпы бағасына қарай отырып ықтимал жоғалтуларды анықтаушы және туындаушыға ажырату қажет.

Сәйкесінше, кездейсоқ факторлардың әсерімен шарттастырылған тәуекелді бағалаудан бұрын жоғалтудың жүйелі құрауыштарынан кездейсоқ құрауышарын ажыратып алған өте дұрыс шешім болып табылады. Бұл математикалық тұрғыдан қажет, себебі, кездейсоқ шамалармен болатын әрекеттер детерминирленген шамалармен болатын әрекеттерден айтарлықтай ерекшеленеді.

Өндірістік, коммерциялық, қаржылық кәсіпкерліктегі кездейсоқ жоғалтулардың көрініс талдауға өтпестен бұрын жоғалтулардың кейбір ерекше көздерін және оларға әсер ететін факторларды көрсетейік.

Оларға болжанбаған саяси факторлардың әсерінен болатын жоғалтуларды жатқызған жөн. Мұндай жоғалтулар саяси тәуекелдерді тудырады. Ол кәсіпкер үшін жағымсыз жағдайлар туғызатын және соған сәйкес ресурстарды артығымен жұмсауға және пайданы жоғалтуға алып келуге қабілетті шаруашылық қызметтің жағдайларын

өзгертетін саяси оқиғалармен шарттастырылған күтпеген нысанда көрініс табады.

Мұндай тәуекелдің қарапайым көздері – салық мөлшерлемелерінің артуы, мәжбүрлі аударымдардың енізілуі, келісімшарттық жағдайлардың өзгеруі, меншік нысандары мен қатынастарының өзгерісі, мүліктер мен ақша қаражаттарының саяси уәждерге сәйкес берілуі. Бұл жағдайда мүмкін жоғалтулардың көлемі мен олар анықтайтын тәуекел деңгейін алдын ала болжау өте қиын.

Осы сипаты жағынан табиғи апаттармен, сонымен қатар ұрлық және рәкеттікпен шарттастырылған жоғалтулар ұқсас болып келеді.

Ерекше орынға серіктестер тарапынан адалдықтың, әдлеттіліктің болмауымен шарттастырылған кәсіпкер жоғалтулары ие. Мәміледе алданып қалу немесе борышкердің төлем қабілетсіздігіне, қарыздың қайтпауына тап болу тәуекелі, өкінішке орай, шындық болып табылады.

Сонымен, потенциалды мүмкіндігі кәсіпкерлік тәуекел тудыратын жоғалтуларды сипаттайық.

## 11.2 Өндірістік кәсіпкерліктегі жоғалтулар

Жоспарланған өндіріс көлемін және өнімді жүзеге асыруды азайту өз кезегінде еңбек өнімділігінің төмендеуіне, жабдықтардың тұрып қалуына немесе өндіргіш күштерді толығымен қолданбауға, жұмыс уақытының жоғалуына, қажетті бастапқы материалдар санының болмауына, ақау үлесінің артуына сәйкесінше жоспарланған табыстың болмауына алып келеді. Бұл жағдайда ықтимал жоғалтулар  $D$  құндық сипатта мына формуламен анықталады

$$D = O \times C,$$

мұнда

$O$  – шығарылатын өнім көлемінің азаюының ықтимал қосындысы;

$C$  – өнім көлемі бірлігінің сату бағасы.

Өнімді сатуға жоспарланған бағаның жеткіліксіз сапаға, жағымсыз нарықтық конъюнктураның өзгерісіне, сұраныстың төмендеуіне, бағалық инфляцияға байланысты төмендеуі мына формула бойынша анықталатын ықтимал жоғалтуларға алып келеді

$$D = I \times O,$$

мұнда

Ц – өнім көлемі бірлігі бағасының ықтимал азаюы;

O - Жоспарланған өндірістің және өнімді жүзеге асырудың жалпы көлемі.

Материалдарды, шикізатты, отынды, энергияны артық жұмсаумен шарттастырылған арттырылған материалдық шығындар мынадай тәуелділікпен анықталатын жоғалтуларға алып келеді

$$D=M_1 \times \Pi_1 + M_2 \times \Pi_2 + \dots ,$$

мұнда

M – материалдық ресурстың ықтимал артық шығындалуы;

Ц – ресурс бірлігінің бағасы.

Басқа да арттырылған шығындар жоғары көлік тасымалдау шығындарының, сауда шығындарының, үстеме және басқа да жанама шығындардың салдары болуы мүмкін.

Жоспарланған еңбек төлемі қоры көлемінің артық шығындалуы артынша есептелген санның артуына немесе жоспарланғаннан гөрі кейбір жеке жұмысшыларға артық төлемдердің жасалуына алып келеді.

Егер де бизнес-жоспарды жүзеге асыру кезінде аударымдар мен салықтар мөлшерлемесі кәсіпкер тарапына жағымсыз өзгерістерге ұшырайтын болса, онда арттырылған аударымдар мен салықтар туындайды.

Айыппұлдар, табиғи кему, сонымен қатар апатты жағдайлармен шарттастырылған жоғалтуларды да есептеу жолымен есепке алу мүмкін болмаса да назардан тыс қалдырмаған жөн.

### **11.3 Коммерциялық кәсіпкерліктегі жоғалтулар**

Кәсіпкерлік жобаны жүзеге асыру үдесіндегі тауарды сатып алу бағасының жағымсыз өзгеруі (артуы) жән келісім шарттарының бұзылуы (D) ықтимал жоғалтуларға алып келеді, ол мына формула бойынша анықталады

$$D=O \times \Pi, \text{ мұнда}$$

O - е физикалық өлшеміндегі тауарды сатып алу көлемі;

Ц – сатып алу бағасының ықтимал артуы.

Жоспарланғанмен салыстырғанда сатып алу көлемінің төмендеуі өнім шығару көлемінің азаюына, яғни барлық операция масштабына әсер етеді. Пайданы (табысты) жоғалту сатып алу көлемін төмендеуін

жүзеге асырылатын тауар көлемінің бірлігіне келетін пайда (табыс) шамасына көбейту түрінде есептеледі.

Сатып алу мен жүзеге асыру көлемін азайту шығындардың төмендеуінен болуы мүмкін екенін де есепке алған жөн, себебі шартты-тұрақты шығындардан басқа операция көлеміне пропорционалды шығындар да кездеседі.

Айналым үдерісі кезінде (тасымалдау, сақтау) тауарды жоғалту немесе сапаны, тауардың тұтынушылық құнын жоғалту оның құнының төмендеуіне алып келеді. Мұндай шығынның деңгейі жоғалған тауар санының сатып алу құнына немесе бұзылған тауар санын босатылған бағаның төмендеуіне көбейтіндісі ретінде бекітіледі.

Жоспарланғанмен салыстырғанда айналым шығындарын арттыру адекватты түрде табыстың, пайданың төмендеуіне алып келеді. Шығындарды арттырудың мүмкін себептерінің ішінде болжанбаған баждар, аударымдар, айыппұлдар, қосымша шығындар болуы мүмкін.

Жобылықпен салыстырғанда тауар жүзеге асырылатын бағалардың төмендеуі жүзеге асыру көлемін бағаның төмендеуіне көбейтіндісі шамасында жоғалтуларға алып келеді.

Болжанбаған сұраныстың немесе тауарға деген қажеттіліктің төмендеуімен, бәсекелес тауарлармен оның ығыстырылуымен, сатуға шектелуімен шарттастырылған жүзеге асыру көлемінің азаюы сатылмаған өнім көлемі мен босатылған баға көбейтіндісімен өлшенетін табыс пен пайданың жоғалуын алып келуге қабілетті.

Қаржылық кәсіпкерліктегі жоғалтулар.

Айталып кеткендей, қаржылық кәсіпкерлік, шын мәнінде, бұл да коммерциялық кәсіпкерлік, бірақ бұл жерде тауар ақша, бағалы қағаз, валюта түрінде болады. Сәйкесінше, коммерциялық кәсіпкерлік үшін тән жоғалтулар қаржылық кәсіпкерлікте де болады.

Соған қарамастан қаржылық тәуекелді бағалау кезінде қаржылық мәміле агенттерінің бірінің төлем қабілетсіздігі, ақша, валюта, бағалы қағаз бағамының өзгеруі, валюталық-операциялық ақшаларға шектеу, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үдерісіндегі қаржылық ресурстардың белгілі бір бөлігінің алынуы сияқты ерекше факторларды да есепке алу қажет.

Тәуекел көрсеткіштері және оны бағалаудың әдістері.

Әрине, тәуекел ықтимал категория болып табылады, және оны ғылыми тұрғыдан сипаттап және өлшеп жоғалтулардың белгілі бір деңгейінің туындау ықтималдығы ретінде негіздеген жөн.

Басқаша айтқанда, тәуекелді барлық жағынан бағалау кезінде мүмкін болатын жоғалтудың әрбір абсолютті немесе салыстырмалы мән үшін сәйкес сондай шаманың туындау ықтималдығын белгілеу керек.

Ықтималдық қисығын (немесе кесте) құру тәуекелді бағалаудың бастапқы сатысы болып табылады. Бірақ оны кәсіпкерлікке қолдану көбінесе қиын мәселе тудырады. Сондықтан іс жүзінде тәуекелді тәуекелді түсіну үшін барынша маңызды жалпыланған сипаттамаларды білдіретін бір немесе бірнеше көрсеткіштер бойынша бағалай отырып жеңілдетілген тәсілдерді қолданумен шектелуге тура келеді.

Тәуекелдің басты көрсеткіштерінің кейбірін қарастырайық. Бұл мақсатпен ең алдымен жоғалту шамасына тәуелі белгілі бір тәуекел облысы немесе зонасын белгілейік.

Жоғалту күтілмейтін облысты тәуекелсіз зона деп атаймыз, оған нәлдік немесе теріс жоғалтулар (пайданы артуы) сәйкес келеді.

Рұқсат етілген тәуекел зонасы ретінде берілген кәсіпкерлік қызмет өзінің экономикалық мақсаттылығын сақтайтын аралық облысты түсінетін боламыз, яғни жоғалтулар орын алады, бірақ олар күтілетін пайдадан аз.

Рұқсат етілген зона шекарасы кәсіпкерлік қызметтен түсетін есептелген пайдаға тең жоғалту деңгейіне сәйкес келеді.

Келесі аса қауіпті облысты сыни тәуекел зонасы деп атайтын боламыз. Бұл жоғалту мүмкіндігімен сипатталатын облыс күтілетін пайданың шамасынан кәсіпкерліктен түсетін толық есептік табысқа дейінгі шамаға дейін асады, ол шығындар мен пайда қосындысын білдіреді.

Басқаша айтқанда, сыни тәуекел зонасы жоғалту қауіптілігімен сипатталады, олар күтілетін пайдадан асып түседі және де өзінің максимум деңгейінде кәсіпкерлік іске салынған барлық қаражаттарды орны толмас жоғалтуға алып келуі мүмкін. Соңғы жағдайда кәсіпкер мәміледен тек табыс алмай ғана қоймай, сонымен бірге пайдасыз барлық шығындар қосындысына тең зиян келтіреді.

Сыни тәуекелден басқа, одан да жаман апатты тәуекелді де қарастырған дұрыс болып табылады. Апатты тәуекел зонасы өзінің көлемі бойынша сыни деңгейден асып түсетін жоғалту облысын білдіреді және өзінің максимумында кәсіпорынның мүліктік жағдайына тең шамаға жете алады. Апатты тәуекел кәсіпорынды банкроттыққа, оның жабылуына және мүлікті сатуға алып келуге қабілетті.

Апатты категорияға мүліктік немесе ақшалық шығынға қарамастан адам өмірі немесе экологиялық апаттар туындауы үшін тікелей қауіптілікпен байланысты тәуекелді де жатқызған жөн.

Ықтималдықты бөлу қисығын құру үшін келесідей болжамдар қабылданған.



1.  $PP_p$  – есептік шамасына тең пайданы алу барынша ықтимал. Мұндай пайданы алуықтималдылығы максималды деңгейде, сәйкесінше  $PP_p$  мәнін пайданың математикалық күтімі деп санауға болады.

2. Пайданың жоғалтулары (PP) оның есептік шамасымен салыстырғандағы оның азаюы есептеледі. Егер нақты пайда PP-ға тең болса, онда

$$PP = PP_p - PP$$

3. Өте үлкен (теориялық түрде шексіз) жоғалтулардың ықтималдығы іс жүзінде нөлге тең, себебі жоғалтулар жоғарғы шекке ие болады (сандық бағалау мүмкін болмайтын жоғалтулардан басқасы).

Әрине, қабылданған ережелер белгілі бір деңгейде даулы, себебі олар шын мәнінде барлық тәуекел түрлері үшін сақталмауы мүмкін. Бірақ, жалпы алғанда, олар кәсіпкерлік тәуекелдің жалпы өзгеру заңдылықтарын дұрыс көрсетеді және пайда кездейсоқ шама ретінде бөлудің қалыпты немесе қалыптыға жақын заңға бағындырылған деген гипотезаға негізделеді.

Пайданы алудың ықтималдық қисығына сүйене отырып тәуекел қисығы деп атау дұрыс болып табылатын пайданың жоғалтуларының мүмкін ықтималдықтарын бөлу қисығын құрамыз. Іс жүзінде бұл да сол қисықтар, бірақ ол басқа координаттар жүйесінде құрылған.

Пайданың жоғалту ықтималдықтарын бөлу қисығында көрсетілген бірнеше сипатты нүктелерді белгілейік.

Бірінші нүкте ( $?PP=0$  и  $V=V_p$ ) пайданың нөлдік жоғалтулар ықтималдығын анықтайды. Қабылданған ережелерге сәйкес нөлдік жоғалтулар максималды, бірақ, әрине, бірден аз.

Екінші нүкте ( $?PP=PP_p$  и  $V=V_d$ ) күтілетін пайдаға тең мүмкін жоғалтулар шамасымен сипатталады, яғни ықтималдығы тең толық пайда жоғалтуларымен.

1 және 2 нүктелер шектес, рұқсат етілген тәуекелдің рұқсат етілген зонаның орнын анықтайды.

Үшінші нүкте ( $?PP=VP$  и  $V=V_{кр}$ ) есептелген табысқа тең жоғалту шамасына сәйкес келеді. Мұндай жоғалтулардың ықтималдығы  $V_{кр}$  тең.

2 және 3 нүктелер сыни тәуекелдің шекаралық зоналарын анықтайды.

Төртінші нүкте ( $?PP=IC$  и  $V=V_{кт}$ ) ықтималдылығы  $V_{кт}$  тең кәсіпкердің мүліктік жағдайына тең жоғалтулармен сипатталады.

3 және 4 нүктелердің арасында апатты тәуекел зонасы орналасқан.

Кәсіпкердің мүліктік жағдайынан артық жоғалтулар қарастырылмайды, себебі оларды төлету мүмкін емес.

Жоғалтулардың белгілі бір деңгейлерінің ықтималдығы күтілетін тәуекел туралы ойларды айтуға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштер болып табылады. сондықтан құрылған қисықтарды тәуекел қисығы деп атауға болады.

Мысалы, егер апатты жоғалту ықтималдығы барлық жағдайды жоғалту қаупін білдіретін көрсеткіштерден тұратын болса (мысалы, оның 0,2-ге тең мәні кезінде) онда есі дұрыс сак кәсіпкер мұндай істен бас тартады және де мұндай тәуекелге бармайды.

Осылайша, егер кәсіпкерлік қызмет тәуекелін бағалау кезінде тәуекел ықтималдылығының қисығын толығымен салу мүмкін болмаса, онда мұндай бағалаудың міндетін сәтті шешілген деп санауға болады.

Тәуекелді бағалаушы кәсіпкерге нүктелік емес, интервалдық әдіс тән. Оған тек жасалғалы отырған мәміледе 1000 теңгені жоғалту ықтималдығы 0,1 немесе 10% екенін білу ғана маңызды емес. Ол сонымен белгілі бір аралықтағы соманы жоғалту ықтималдығымен де қызығады. (мысалы, 1000-нан 1500 теңгеге дейін).

Жоғалту ықтималдығы қисығының болуы жоғалтудың белгіленген интервалда орта мәнді табу жолымен бұл сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді.

Интервалдық әдістің басқа да барынша мүмкін «жартылай интервалды» нысанда көрінуі мүмкін, бұл дәл осы кәсіпкерлік тәуекелдік үшін тән.

Тәуекелге рұқсат беру мен мақсаттылығы туралы кәсіпкер шешім қабылдау үдерісі кезінде оған жоғалтудың белгілі бір деңгейінің ықтималдылығын ғана емес, сонымен бірге жоғалтулар кейбір деңгейден асып түспейтіндігі маңызды. Логикаға сәйкес осы тәуекел көрсеткішінің негізгісі болып табылады.

Жоғалтулар белгілі бір деңгейден аспайды деген ықтималдылық сенімділіктің көрсеткіші болып табылады. Кәсіпкерлік істің тәуекел және сенімділік көрсеткіштері өзара тығыз байланысты.

Кәсіпкер мынадай нәрсені анықтады делік: 10000 теңгені жоғалту ықтималдылығы 0,1%, яғни салыстырмалы түрде аз, және ол мұндай тәуекелге дайын.

Бұл жердегі маңызды нәрсе кәсіпкер 10000 теңгені жоғалтудан қорықпайды, ол кез келген аз жоғалтуға дайын және одан көпке келісуге дайын емес. Бұл тәуекел жағдайындағы кәсіпкер әрекетінің табиғи заңды психологиясы.

-  $V_p$ ,  $V_d$ ,  $V_{кр}$ ,  $V_{кт}$  – тәуекелдері көрсеткіштерін білу пікір қалыптастыруға және кәсіпкерлікті жүргізу бойынша шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бірақ мұндай шешім қабылдау үшін рұқсат етілген, сыни және апатты тәуекел көрсеткіштерінің мәнін

бағалау жеткіліксіз. Олар жоғары көтерілмеуі қажет, ол қауіпті зонаға түспес үшін бұл көрсеткіштердің шекті шамасын белгілеу немесе қабылдау қажет.

Рұқсат етілген, сыни және апатты тәуекелдердің пайда болу ықтималдығының шекті мәндерін  $K_d$ ,  $K_{кр}$ ,  $K_{кт}$  деп белгілейік. Бұл көрсеткіштердің шамаларын кәсіпкерлік тәуекелдің қолданбалы теориясы белгілеуі тиіс, сонымен бірге кәсіпкердің өзі де асуға ұмтылмайтын шекті тәуекел деңгейін белгілеуге құқылы.

Менің ойымша, келесідей шекті тәуекел көрсеткіштеріне бағытталуға болады:  $K_d=0,1$ ;  $K_{кр}=0,01$ ,  $K_{кт}=0,001$ , яғни сәйкесінше 10, 1 және 0,1%. Бұл егер де жүз жағдайдың онында барлық пайданы, жүз жағдайдың бірінде табысты, мың жағдайдың бірінде мүлкті жоғалтатын болса, онда кәсіпкерлік мәмілені жасаудың тиімсіз екендігін білдіреді.

Қорыта айтатын болсақ, тәуекелдің үш көрсеткішінің мәніне және шекті тәуекелдің критерийлеріне ие бола отырып, талданып отырған кәсіпкерлік түрінің жалпы шарттарын қалыптастыруға болады:

А. Рұқсат етілген тәуекелдің көрсеткіші шекті мәнінен аспауы тиіс ( $B_d < K_d$ ).

Б. Сыни тәуекелдің көрсеткіші шекті шамадан аз болуы қажет ( $B_{кр} < K_{кр}$ ).

В. Апатты тәуекел көрсеткіші шекті деңгейден аспауы қажет ( $B_{кт} < K_{кт}$ ).

Сәйкесінше, шаруашылық тәуекелді бағалаудағы басты нәрсе мүмкін жоғалтулардың қисығын құу өнері болып табылады.

Тәуекел қисығын құрудың қолданбалы тәсілдерінің қатарында статистикалық, эксперттік және есептік-аналитикалық тәсілдерді атап кеткен жөн.

Статистикалық тәсілде жоғалту статистикасы зерттеледі, жоғалтулардың белгілі бір деңгейлерінің пайда болу жиілігі бекітіледі. Егер статистикалық массив жеткілікті болса, онда жоғалтудың бұл деңгейінің пайда болуының жиілігін ықтималдыққа теңестіруге болады, және осы негізде жоғалтулардың жоғалту ықтималдығын құруға болады.

Эксперттер бағасы әдісінің атауымен белгілі эксперттік тәсіл кәсіпкерлік тәуекелге байланысты тәжірибелі кәсіпкерлер немесе мамандардың пікірлерін өңдеу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Барынша тырысатын нәрселердің бірі эксперттер пікірінің орта мәнін шығару және олардың көмегімен ықтималдықтарды бөлудің қисығын құру.

Есептеу-аналитикалық тәсілде кәсіпкерлік тәуекел көрсеткіштері теорияға негізделеді. Өкінішке орай, айтылып өткендей, тәуекелдің қолданбалы теориясы сақтандыру және ойын тәуекеліне ғана жақсы жасалған.

Ойын теориясы элементтері барлық кәсіпкерлік тәуекел түрлерінде қолданылады, бірақ ойын теориясы негізіндегі өндірістік, коммерциялық, қаржылық тәуекелдердің бағалау есептеулерінің қолданбалы математикалық әдістері жасалмаған.

Соған қарамастан гипотезадан шығатыны жоғалтуларды бөлу заңы. Алайда бұл жағдайда да тәуекел қисығын құру мәселесін шешу керек.

#### **11.4 Қаржылық тәуекелді төмендету тәсілдері**

Қаржы тәуекелдері түрлі әдістер мен тәсілдер көмегімен шешіледі. Қаржы тәуекелдерін шешу құралдары болып олардан қашу, ұстап қалу, беріп жіберу, деңгейін төмендету.

Тәуекелден қашу тәуекелмен байланысты шарадан жай ауытқумен түсіндіріледі. Алайда кәсіпкер үшін көбінесе тәуекелден қашу пайда алу мүмкіндігін қолданбауды білдіреді. Тәуекелді ұстап қалу – тәуекелді инвестордың жауаптылығына қалтыру. Сонымен, инвестар венчурлік капиталды сала отырып, вечурлік капиталдың мүмкін болатын жоғалтуларын меншікті қаражаттары есебінен өтей алатынын алдын ала ескереді. Тәуекелді беріп жіберу инвестор тәуекел жауаптылығын басқа біреуге, мысалы сақтандыру қоғамына, беріп жіберумен түсірдіріледі. Бұл жағдайда тәуекелді беріп жіберу қаржы тәуекелін сақтандыру жолымен жасалды. Тәуекел деңгейін төмендету – жоғалтулар ықтималдылығын және көлемін қысқарту.

Қаржы тәуекелін шешуде нақты құралдарды таңдауда инвестор келесі принциптерге сүйенуі тиіс:

- меншікті капитал мүмкіндігінше ғана тәуекел етуге болады;
- тәуекелдің соңын ойлау керек;
- аз нәрсе үшін көптен тәуекел етуге болмайды.

Бірінші принципке сүйенуде инвестор капитал салымын жасаудан бұрын тиіс:

- берілген тәуекел бойынша мүмкін болатын шығыстар көлемін максималды түрде анықтау;
- оларды (шығыстарды) капитал салымының көлемімен салыстыру;
- оларды (шығыстарды) барлық меншікті қаржы ресурстармен салыстырып, инвесторды банкроттыққа әкелмей ме екенін анықтау.

Капитал салымы бойынша шығыстар көлемі капитал көлеміне тең, не одан кіші, не үлкен болуы мүмкін.

Портфельді инвестиция кезінде, яғни екінші ретті нарықта сатуға болатын бағалы қағаздарды сатып алған кезде шығыс көлемі әдетте шығыстанатын капитал көлемінен аз. Инвестордың өзіндік қаржылық ресурстардың көлемі және максималды мүмкін болатын шығыстар көлемінің арақатынасы банкроттыққа апаратын тәуекел деңгейі. Ол тәуекел коэффициентімен өлшенеді:

$$K_p = Y / C,$$

мұндағы  $K_p$  – тәуекел коэффициенті;

$Y$  – максималды мүмкін болатын шығыс сомасы;

$C$  – нақты түскен қаражаттар есебімен өзіндік қаржылық ресурстар көлемі.

Екінші принципке сүйену инвестор шығыстың максималды мүмкін болатын көлемін біле отырып, оның тәуекелдің ықтималдылығы қандай екенін анықтауды және тәуекелден (яғни шарадан) бас тарту, тәуекелді өз жауаптылығына алу немесе тәуекелді басқа тұлғаның жауаптылығына беру шешімін қабылдауды талап етеді

Үшінші принциптің қызмет етуі қаржы тәуекелін әсіресе беріп жіберуде көрінеді. Бұл жағдайда инвестор сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйақы өзіне жағымды арақатынасын анықтау тиіс. Сақтандыру сыйақысы немесе сақтандыру жарнасы - бұл сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру тәуекелі үшін төлемі. Сақтандыру сомасы – материалдық құндылықтар (немесе сақтанушының азаматтық жауапкершілігі, өмірі жіне денсаулығы) сақтандырылған ақша сомасы. Егер шығыс көлемі сақтандыру сыйақысын үнемдеумен салыстырғанды үлкен болса, онда тәуекел ұсталынып қалуы тиіс емес, себебі инвестор тәуекелді өзіне алмау керек. Қаржы тәуекел деңгейін төмендеті үшін түрлі әдістер қолданылады:

- диверсификациялау;
- таңдау және нәтижелер туралы қосымша ақпараттар алу;
- шектеу;
- сақтандыру;
- жабу;
- хеджирлеу және т.б.

Диверсификациялау өздерінің арасында тығыз байланысты түрлі салым объектілері арасында инвестицияланатын қаражаттарды

орналастыру процесін білдіреді. Диверсификациялау принципінде клиенттерге өз акцияларын сататын, ал алған қаражаттарды нарықтан сатып алынатын және тұрақты орташа табыс әкелетін түрлі бағалы қағаздарға салатын инвестициялық қорлардың қызметіне негізделеді. Диверсификациялау түрлі қызметтер арасында капиталды орналастыру кезінде тәуекелдің бөлімінен қашуға мүмкіндік береді. Сонымен, инвестор бір акционерлік қоғам орнына бірнеше түрлі акционерлік қоғам N акцияларын сатып алу табыс ықтималдылығын N есеге көбейтеді және сәйкесінше тәуекел деігейін N есе төмендетеді.

Кейде инвестор нәтижелер анықталмаған және шектелген ақпараттар жағдайында шешім қабылдайды. Әрине, егер инвесторда толық ақпарат болса, ол сапалы болжам жасап, тәуекел деігейін төмендете алатын еді. Бұл жағдай ақпаратты тауар ретінде көрсетеді. Ақпарат бағалы тауар болып табылады, ол үшін инвестор үлкен ақша төлеуге дайын, олай болса, ақпаратқа капитал салымы кәсіпкерліктің бір сферасы болып табылады. Толық ақпарат құны толық ақпарат бар кездегі бір нәрсенің күтілетін сатып алу құны мен ақпарат толық емес жағдайдағы күтілетін құн арасындағы қатынасы ретінде есептеледі. Егер болжам нақты болып шықпаса да, қаражаттарды перспективаға өткізудің сапалы болжамын қамтамасыз ететін сұраныс пен өткізу нарығын зеттеуге салған тиімді.

Шектеу – шығыстар, сатулар, несиелер және тағы басқалардың шекті сомасын бекіту. Шектеу тәуекел деңгейін төмендетудің маңызды құралы болып табылады және шектеуді банктер қарыз беруде, овердрафт келісімшартына отырғанда; шаруашылық жүргізуші субъектілер тауарларды несиеге(несие карточкасы бойынша), жол чектері және еврочектер бойынша сату, инвесторлар капитал салымы сомасын анықтау кезінде қолданады.

Сақтандыру мәні – тәуекелден қашу үшін инвестор табыстың бөлігінен бас тартуға, яғни тәуекел деңгейін нөлге дейін төмендету үшін төлеуге дайын. Егер сақтандыру құны мүмкін болатын шығысқа тең болса, онда тәуекелге қарсы инвестор басынан кешу мүмкін кез келген қаржылық жоғалтуларды толық өтеуді қамтамасыз ететіндей сақтана алады. Қаржы тәуекелдерін сақтандыру оның деңгейін төмендету әдістерінің ең тараған түрі болып табылады. Сақтандыру – бұл ерекше қаржылық қатынастар. Бұл қатынастар үшін міндетті түрде екі жақ болуы қажет: сақтандырушы мен сақтанушы. Сақтандырушы сақтанушы төлемдері есебінен ақша қорын (сақтандыру немесе резервтік қор) құрады.

Сақтандыру үшін құрылып жатырған ақша қорының мақсатты бағыттылық сипаты тән, оның ресурстарын тек алдын ала келісілген

жағдайлардағы жоғалтуларды өтеуге (көмек көрсету) жұмсау; қатынастардың ықтималдылық сипаты, себебі сәйкес жағдай қашан болатыны, оның күші қандай және қай сақтанушыға тиесілі болатыны алдын ала белгісіз; қаражаттардың қайтарымдылығы, себебі бұл қаражаттар барлық сақтанушылар бойынша зияндарды өтеу төлеміне бағытталған.

Сақтандыру процесінде сақтандыру қорын құруда қатысушылар арасында қаражаттарды қайта бөлу жүргізіледі: бір немесе бірнеше сақтанушы жоғалтуларын өтеу жоғалтуларды барлығына бөлу жолымен жүргізіледі. Белгілі бір кезеңде төлем жасаған сақтанушылар саны өтеу алатын сақтанушылар санынан үлкен болады.

Қаржылық тәуекелдерге әсер ететін әдістер:

- болдырмау;
- тәуекелді өзіне қалдыру: өз-өзін қаржыландыру, сырттай қаржыландыру, қаржыландыру қорларын құрмау;
- тәуекелдерді аудару, яғни тәуекелдерді басқа біреуге беру: сақтандыру компанияларына;
- тәуекелді төмендету: тәуекел ықтималдылығын төмендету, тәуекел дәрежесін төмендету немесе жағымсыз нәтижені төмендету.

Тәуекелдерді төмендету әдістері:

1. Әртараптандыру (диверсификация);
2. Ақпараттар жинау;
3. Шектеу (лимиттеу) әдістері;
4. Өзін өзі сақтандыру;
5. Сақтандыру;
6. Хеджирлеу.

Әртараптандыру (диверсификация) - бір бірімен байланысы жоқ салым салынатын объектілерге капиталды тарату процесі. Әртараптандыру арқылы капиталды таратқан кезде тәуекелдің бір бөлігінен құтылуға мүмкіншілік туады. Мысалы: инвестордың бір акционерлік қоғамның акциясын иеленгеннен гөрі бес акционерлік қоғамның акцияларын иеленген тиімдірек. Өйткені орташа күтілетін табыс ықтималдығы бес есе артады және тәуекел деңгейі бес есе төмендейді.

Диверсификация - инвестициялық тәуекелді тарату. Бірақ бұл инвестициялық тәуекелді 0 –ге дейін азайта алмайды. Өйткені шаруашылық субъектінің инвестициялық қызметіне және кәсіпкерлікке диверсификация әсер ете алмайтын сыртқы факторлардың бар екенін ұмытпауымыз керек.

Сыртқы фактор барлық қаржылық нарыққа, тек шаруашылық жүргізуші субъектілерге ғана емес, сонымен бірге инвестициялық

институттарға, банктерге, қаржылық компанияларға, т.б. ықпалын тигізеді. Сыртқы факторға мемлекет экономикасында құбылыстар, әскери қозғалымтар, азаматтық көтеріліс, революция, инфляция – дефляция, коммерциялық банктердегі депозит, несие пайыздық ставкаларының өзгеруі жатады. Бұл құбылысқа байланысты тәуекелді диверсификация арқылы тоқтатуға болмайды.

Сонымен тәуекел екі бөліктен тұрады: диверсификацияланатын және диверсификацияланбайтын.

Диверсификацияланатын тәуекел жүйелі емес тәуекел, яғни тәуекелді орналастыру (диверсификация) арқылы төмендетуге болады.

Диверсификацияланбайтын тәуекел – жүйелі, диверсификация арқылы төмендетуге болмайды.

Бұл мақсатпен шетел экономикасы «портфельді теориясын» енгізген. Осы теорияның құрамдас бөлігі «жүйелі тәуекел мен құнды қағаздар кірісі» (Capital Asset Pricing Model – CAPM) моделі болып табылады.

Инвестор кейде нәтижелер анықталмаған және шектелген ақпаратқа негізделген жағдайда шешім қабылдайды. Әрине, ақпарат толық болған жағдайда тәуекелділікті жақсы болжап, оны төмендетуге болады. Мұндай жағдайда пайдалы ақпарат тауар түрінде көрінеді. Ақпарат толық болған жағдайда толық ақпараттың құны белгілі бір заттың күтілген құны арасындағы айырма түрінде көрініп, ал ақпарат толық болмаған жағдайда күтілетін құны түрінде көрінеді.

Мысалы: Кәсіпкер қанша тауар сатып алу керек екендігі туралы таңдау алдында: 500 бірлік немесе 1000 бірлік. Егер 500 бірлік тауар сатып алса, онда 2000 тг. бір бірлікке шығын шегеді. Ал 1000 бірлік тауар сатып алса, онда шығын 1200 тг. бір бірлікке. Кәсіпкер берілген тауарды бір бірлігіне 3000 тг-ден сатады, бірақ ол бұл тауарға сұраныс болатынын білмейді. Сұраныс болмаған жағдайда оған бағаны төмендетуге тура келеді, бірақ бұл операциядан шығынға ұшырайды. Тауарды сатқан кезде ықтималдық «50 – 50» болады, яғни 500 бірлік тауарды сату үшін 0,5 ықтималдылықпен, 1000 бірлік тауарды сату үшін 0,5 ықтималдылықпен.

Пайда - 500 бірлік тауарды сатқан кезде 500 мың тг.  $[500*(3000-2000)]$ ; 1000 бірлік тауарды сатқан кезде – 1800 мың тг.  $[1000*(3000-1200)]$ ; Орташа күтілетін пайда – 1150 мың тг.  $(0,5*500 + 0,5*1800)$ .

Белгілі болған жағдайда күтілетін ақпарат құны -1150 мың тг. , ал белгісіз болған жағдайда (1000 бірлік тауар сатып алғанда) -900 мың тг.  $(0,5*1800)$ . Сонда толық ақпарат құны - 250 мың тг.  $(1150-900)$ .

Шектеу – белгілі бір лимит қою (шығынға, сату көлеміне, несиеге, т.б.). Лимиттеу тәуекелді төмендетудің негізгі құралдарының бірі.



Банктерде ссуда берген кезде, овердрафт бойынша келісімге тұрған кезде, т.б. қолданылады. Ал кәсіпкерлікте займдарды бергенде, тауарларды сатқанда, салым салынатын капитал сомасын белгілеген кезде қолданылады.

Банк үшін тәуекелді басқару ең маңызды мәселелердің бірі болып келетінін айтып кеткен жөн. Өйткені кез-келген банктің қалыптасу процесінен бастап бүкіл қызмет ету уақытында банктің іс-әрекеті көптеген тәуекелдерге тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан банктің болашақта банкроттыққа ұшырауы немесе ұшырамауы банктің тәуекелді басқаруымен байланысты. Банк ісінде тәуекел деп банктің табысы мен капиталына кері әсер ететін оқиғалардың болу ықтималдығын айтамыз. Тәуекел жағымсыз оқиғаның болу ықтималдығымен сипатталады. Бұл оқиғаларға мыналар жатады: табыстың төмендеуі, берілген несиелердің қайтарылмауына байланысты шығындардың пайда болуы, базалық ресурстардың азаюы, баланстан

тыс операциялар бойынша төлемдердің төленбеуі және тағы басқалары. Бірақ тәуекел деңгейі қаншалықты төмен болса, жоғары табыс алу ықтималдығы да соншалықты төмен болады. Сондықтан кез-келген банк өзінің қаражаттарын табысы жоғары және тәуекел деңгейі төмен іс-әрекеттерге жұмсауға тырысады.

Банк жүйесінің дағдарысы тәуекелдерді басқарудағы елеулі кемшіліктерді ашты. Бірқатар банктерде тәуекел-менеджмент жүйесі мүлдем құрылмаған, басқаларында – осы функцияның тәуелсіздігі қамтамасыз етілмеген, үшіншілерде – жоғары басшылық тәуекел-менеджерлердің туындаған проблемалар жөніндегі ескертулеріне құлақ аспаған. Банк жүйесінің жаңа даму кезеңінде басшылық тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру үшін айтарлықтай күш-жігер салуға тиіс.

Банк өзінің іс-әрекеттері нәтижесінде тәуекелдердің сан алуан түріне ұрынады. Мұндай тәуекелдер пайда болу уақтысына, пайда болу жеріне, ішкі, сыртқы факторларға және тағы басқа көптеген критерийлерге байланысты жіктеледі. Тәуекелдің барлық түрлері өзара байланысты болып табылады. Сондықтан тәуекелдің бір түрінің өзгеруі басқа да тәуекел түрлерінің өзгеруіне себеп болады. Осы себептерге байланысты банк үшін әр тәуекелдің түрін талдау, оның басқа тәуекелдің түрлерімен байланысын анықтау қиынға соғады.

Банктің басқармасы тәуекелдің пайда болу көздеріне және пайда болу себептеріне аса маңызды көңіл бөледі. Тәуекелдің пайда болуының үш көзін атап өтуге болады. Алғашқы екі түрі объективті сипатта, яғни банктің іс-әрекеттеріне байланыссыз немесе тәуелсіз болады. Ал, үшінші түрі субъективті сипатта болады, яғни банк қызметіне тәуелді болып келеді.

1. Нарықтық тәуекел деп әр түрлі активтер құнының өзгеруіне тәуелді қаржылық жағдайды айтамыз. Ол мыналардан тұрады:

а) Проценттік тәуекел – ағымдағы проценттік тәуекелдің өзгеруімен байланысты тәуекелдің түрі.

б) Валюталық тәуекел – валюта бағамының өзгеруімен байланысты тәуекелдің түрі.

с) Инвестициялық тәуекел – қор нарығындағы өзгерістермен байланысты тәуекелдің түрі.

2. Контрагент тәуекелі немесе несиелік тәуекел – контрагенттің өз міндеттемелерін орындамауына немесе берілген несиені қайтармауына байланысты тәуекелді айтамыз.

3. Басқару немесе менеджмент тәуекелі. Ол мыналардан тұрады:

а) Оперативтік тәуекел – банктің кейбір функцияларымен байланысты тәуекелді айтамыз. Оларға мыналар жатады: банктің ұйымдастырушылық құрылымы, ақпараттық және технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етілу дәрежесі, кадрлардың мамандану деңгейі, банктің өз қызметін жедел және нақты орындау қабілеті.

б) Стратегиялық тәуекел – банк қызметінің дұрыс ұйымдаспауымен немесе жіберілген қателермен байланысты тәуекелдің түрі. Олар: шешім қабылдау үшін ақпараттық базаның жеткіліксіздігі, қаржы нарығының математикалық модельдерінің сапасының төмен болуы, болжау және жоспарлау әдістемелерінің толық еместігі.

Тәуекел деңгейіне әсер ететін факторларды ішкі және сыртқы деп екіге бөлуге болады.

Жоғарыда келтірілген факторлар келесі жиі кездесетін банктік тәуекелдердің пайда болуына себеп бола алады:

1. Өтімділік тәуекелі активтерді тез арада ақшаға айналдыру немесе міндеттемелерді орындау үшін керек ресурстарды тарту қабілетін жоғалтумен байланысты.

2. Проценттік тәуекел нарықтағы проценттік ставканың ауытқуымен байланысты.

3. Несиелік тәуекел қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамауымен байланысты.

4. Нарықтық немесе инвестициялық тәуекел бағалы қағаздардың мүмкін болатын құнсыздануымен байланысты.

5. Саяси тәуекел мемлекеттегі саяси жағдайдың тұрақтылығымен сипатталады.

6. Валюталық тәуекел валюталық бағамның жоспарланған деңгейден ауытқуымен байланысты.

7. Операциондық тәуекел төлемдерді жүргізу барысында немесе мәліметтерді электрондық өңдеу кезінде пайда болады.

8. Экономикалық тәуекел өндіріс салаларында және қаржы нарығындағы болатын жағымсыз жағдайларға байланысты пайда болады.

9. Келеңсіз жағдай тәуекелі табиғи апаттармен немесе төтенше жағдайлармен байланысты пайда болатын тәуекелдің түрі.

Банктік тәуекелдерді басқару жүйесі нақты шаралар арқылы жүзеге асады. Ондай шаралар стратегиялық басқару деңгейінде немесе ұйымдастырушылық деңгейінде жүзеге асуы мүмкін. Банктік тәуекелдерді басқаруға байланысты банктер тарапынан көптеген жалпы және арнайы әдістер қолданылады.

Олардың ішінде жиі кездесетіндер: диверсификация; нәтижелер туралы қосымша ақпараттарды алу; лимиттеу; өзін-өзі сақтандыру; хеджирлеу; сапаны басқару.


Банк қызметін басқарудың бүкіл жүйесі тәуекелді басқаруға негізделген. Банктер актив және пассив операцияларын жүргізе отырып, тәуекелдердің қосымша факторларымен бетпе-бет келеді. Сондықтан тәуекелдерді басқару банкті стратегиялық басқарудың өзекті міндеттерінің қатарына кіреді. Банктің басқарушылық функцияларының табысы бақылау мен менеджменттің жай-күйі мен стратегиясына, оны ұйымдастыру жүйесіне байланысты.

Екінші деңгейдегі банктерде осы процесті сапалы ұйымдастыру үшін арнайы мамандандырылған бөлімдер тәуекел-менеджмент бөлімі ұйымдастырылады, оның қызметі белгіленген принциптер мен ережелерге негізделеді, ал оларды бұзу жекелеген операциялар мен жалпы банк бойынша залалға әкеп соқтыруы мүмкін. Тәуекел-менеджменті бөлімін ұйымдастыру үшін айрықша жағдайларда жұмыс істеп, нақты болжам жасай алатын және қаржы нарығындағы жағдайды қадағалап отыратын білікті мамандарды іріктеу қажет.

Банк үшін тәуекелдерді басқару өте маңызды болып келеді. Тәуекелдің жоғары деңгейімен сипатталатын банк қызметтерінің түрлерінде банк табысқа ие болу үшін шешім қабылдаудың ерекше механизмін дамытады. Банктер тәуекелдің мүмкін болатын деңгейін анықтап, оның табысты қандай дәрежеде ақтайтынын есептейді. Осының негізінде банк тәуекелдерді анықтауға өзгертуге, бақылауға, деңгейін төмендетуге байланысты іс-шараларды дайындап жүзеге асырады. Банктердегі тәуекелдерді басқару жүйесі төмендегі суретте көрсетілген элементтерден тұрады.

Біз зерттеген менеджмент және тәуекел-менеджменті теорияларының негізінде тәуекел-менеджменттің банк қызметіндегі маңызын білдіретін анықтаманы ұсынамыз: тәуекел-менеджмент банк қызметінде ұйымдастырылған жүйе болып табылады. Осы жүйенің мақсаты банк тәуекелдерін барынша қысқарту, олардың алдын алу, қадағалау, оларды бақылау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ жоспарланған пайданы алу және банктің имиджін нарықтың тұрақты қаржы субъектісі ретінде сақтау үшін барынша күш-жігер салу болып табылады.





Сурет 9 - Банктердегі тәуекелдерді басқару жүйесі

### 13.4 Екінші деңгейдегі банктердегі тәуекел-менеджменттің тиімділігін талдау

Банк активтері мен пассивтерін күрделі басқару бұл банк қызметінің барлық бағыттарында табыстылықты көздейтін, тәуекелді төмендетуге бағытталған банктің стратегиясын жасауды білдіреді. Күрделі басқару капиталдың жеткілікті шамасын белгілеу, өтімділік пен сезімтал пайыз мөлшерлемелерін анықтау, несиелік тәуекелді бақылауда ұстау, банктің активтерінің сапарын бақылау сияқты шараларды қамтиды. Күрделі басқарудың артықшылығы, яғни ол бәсекелестік стратегияға сәйкес келеді және банктің қабілетін барынша көрсете біледі.

Қазақстанның банктік секторының 2005-2011 жылдар аралығындағы экономикадағы рөлін талдаудан соңғы жылдарда коммерциялық банктердің экономикалық өсуін қамтамасыз етуге тигізген ықпалын кереміз (кесте 6).

2005 жылдан бастап, 2012 жылдың 1 қаңтарына дейін банктік сектордың активтерінің ЖІӨ-гі үлесі 25,1%-дан 87,7%-ға дейін 3,5 есе өскен. 2006 жылдан бастап, экономикалық өсуді жыл сайын орта

есеппен 10% тұрақты өсуге ие болуына банктердің активтерінің өсу ықпал еткендігі белгілі. 2005 жылдан 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін несиелік қоржынның ЖІӨ-гі үлесі де 15,9 % -дан 66,6 %-ға дейін 4,2 есе өскен.

Кесте 6 - Қазақстан банк секторының экономикадағы рөліне талдау

Көрсеткіштер	2005ж	2006 ж	2007ж	2008ж	2009ж	2010ж	2011ж
ЖІӨ, млрд теңге	3250,6	3747,2	4 612,0	5 870,0	7 453,0	10 139,5	13 315,2
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,1	30,6	36,3	45,8	60,6	87,5	87,7
Меншікті Капиталдың ЖӨ-ге қатынасы, %	3,8	4,3	5,1	5,9	7,9	11,5	13,4
Несиелік қоржынның ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,9	19,1	23,6	30,9	41,1	59,1	66,6
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,1	30,6	36,3	45,8	60,6	87,5	87,7
Депозиттердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,0	18,6	21,1	27,4	33,9	46,5	48,2
Ескерте – ҚР Экономика және бюджетті жоспарлау Министрлігінің мәліметтері негізінде автормен есептелген							

ЕДБ-дің капиталдары 2005 жылы 97,6 млрд теңгені құраса, 2011 жылдың аяғында салыстырғанда 18 есе өсіп, 1 78,8 млрд теңгені құрап отыр.

Сонымен қатар, Қазақстандық банк жүйесіне қатысты халықтың сенімінің артуын -соңғы жылдардағы банктердегі депозиттердің көлемінің артуынан байқауға болады. Соңғы 8 жыл ішінде банктердің депозиттері 12 есе артып, нәтижесінде 2011 жылы 3480,7 млрд теңгені құрады. Ал депозиттердің ЖІӨ-ге қатынасы 2004 жылы 11,3 % және 2010 жылы 39,1 %-ға дейін өскен.

Несиелік тәуекел несие берілгеннен кейін емес несие беру процесінде ескерілуге тиіс. Банктің қарыз қоржынын және несие қызметін талдау және бағалау банктің жалпы қаржылық жай-күйін анықтаудың аса маңызды құрамдастарының бірі болып табылады.

Несиелік тәуекел құрамынан тәуекелдердің мына түрлерін ерекше бөліп атауға болады, олар:

- *несиені өтемеу тәуекелі* қарыз алушының несиелік шарттық қарыздың негізгі сомасын толықтай және уақытылы қайтару, сондай-ақ пайыздар мен сыйақы төлеу ережелерін орындамау қаупін білдіреді;

- *төлемдерді кешіктіру тәуекелі* несиені қайтаруды кешіктіруді және пайыздарды уақытылы төлемеу қаупін білдіреді және ол банктің

өтімлік қаражатының кемуіне әкеп соқтырады. Кешіктіру тәуекелі өтемеу тәуекеліне айналуы мүмкін;

– несиені қамтамасыз ету тәуекелі тәуекелдің дербес түрі болып табылмайды және несиені өтемеу тәуекелі пайда болғанда ғана қарастырылады.

Несиелік тәуекелдің пайда болуына және оның пәрменділігіне ықпал ететін сыртқы да және ішкі де көптеген факторлар себеп болуда, барлық факторларды төмендегі түрлерге бөлеміз (кесте 7):

Кесте 7 – Банктің несиелік тәуекелінің факторлары

Сыртқы	Ішкі
- форс-мажор жағдайлары	- шарттық міндеттемелерді орындамау
- тұрақсыз экономикалық және саяси ахуал	- қарыз алушының несиеге қабілеттілігін бағалауға қойылатын талаптарды төмендету
- мемлекеттік экономикалық саясаттың қолайсыз өзгеруі	- кепілдіктердің төмен сапасы, кепілзатты бағалаудағы қателіктер
- ақпаратты бұрмалау тәуекелдері	- ырықтандырылған несие саясаты
- қызмет бабын теріс пайдалану тәуекелі	- банкті басқару тәуекелдері
- кредитті мақсатқа сәйкес емес пайдалану тәуекелі	- банк олар жөнінде жеткілікті ақпараты жоқ жаңа және жуықта тартылған клиенттердің өзіндік салмағы
- жауапкершіліктен жалтару	- өзара байланысты қарыз алушыларға берілген қомақты сомалар
	- экономикалық дамудың қолайсыз салалық және өңірлік үрдістері

Несиелік тәуекелдің несиелік операциялардың кірістілігіне ықпалын бағалау үшін төмендегі коэффициенттер жүйесін пайдалануды ұсынамыз.

Біз осы коэффициенттерді есептеу берілген несиелердің тиімділігін дұрыс өлшеуге көмектеседі және банк бас тігетін несиелік тәуекелге тиісті баға береді деп санаймыз.

Банкте тәуекел-менеджмент жүйесін құру тәуекел болуы мүмкін операциялардың ашықтығы мен оларды уақытылы анықтауға ықпал етуі тиіс. Банктердің басым көпшілігі клиенттердің (салымшылардың) қаражатымен жұмыс істейтіндіктен, ішкі тәуекел-менеджмент жүйесінің болуы тәуекелдермен бетпе-бет келуді барынша төмендету

және тиісінше банктің залалдарын қысқартуға ықпал етуге тиіс деп ойлаймыз.

Қазіргі уақытта банктердегі тәуекел-менеджмент бөлімінің функциялары айтарлықтай кеңейгенін атап өту қажет.

Мысалы, кейбір банктерде тәуекел-менеджменті қызметіне несиелеумен байланысты барлық салымшылардың, яғни заңды және жеке тұлғалардың сондай-ақ банк сатып алуға ниет білдіретін вексельдердің эмитенттерінің, индоссанттардың және авалистердің қаржылық жағдайын талдау жүктеледі.

Жекелеген банктер несиелік қызметкерлер мен дилерлерді қаржылық талдау жүргізумен байланысты техникалық жұмысан босату мақсатында тәуекел-менеджмент бөлімінің функциясын осылай кеңейтті.

Сонымен бірге актив операциялар жүргізетін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері өздеріне қажетті ақпаратты оны тәуекел-менеджменті қызметі талдап өңдегеннен кейін алады.

Жүргізілген талдау тәуекелдерді басқаруды келесі жүйеге біріктіру тәсілдемесін жасауға және әрбір элемент шектерінде топтардан тәуекел-менеджмент құралдарын жеке бөліп алуға мүмкіндік береді (Кесте 8):

Кесте 8 – Несиелік тәуекелдердің нәтижелілігі бағаларының коэффициенттері

Коэффициенттер	Анықтау тәртібі
1. Кредиттік маржа	Таза пайыздық кірістің несиелік салымдарға қатынасы
2. Таза пайыздық маржа	Таза пайыздық маржа мен несиелер бойынша шығасылар коэффициенттерінің арасындағы айырма
3. Несиелер бойынша шығасылар коэффициенттері	Кешіктірілген несиелердің несиелік салымдарға қатынасы
4. Несиенің тәуекелдің қорғалу коэффициенті	Резервтік капиталдың несиелік салымдарға қатынасы
5. Несиелер бойынша уыстан шығарылған пайда коэффициенті	Толықтай алынбаған пайыздар сомасының алынған пайыздардың жалпы сомасына қатынасы
Несиелік салымдардың осу қарқындары	Соңғы кезеңде берілген несиелердің ағымдағы жылда берілген несиелерге қатынасы

Кесте 9 – Тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтері		
Операция жүргізуден ішінара	Тәуекелдерді болжау	Ысырапты материалдық

немесе толықтай бас тарту		өтеу
1. Сенімсіз клиенттер мен әріптестерді анықтау. 2. Тәуекелі жоғары операциялардан бас тарту. 3. Қисынсыз ысырапқа жол бермеу.	1. Ықтимал ысыраптың барынша көп шамасын және барынша аз шамасын алдын ала есептеу 2. Ысыраптың ықтималдығын анықтау. 3. Ықтимал ысыраптың уақытын есептеу.	1. Сақтандыру. 2. Хеджерлеу 3. Ішкі бақылауды күшейту. 4. Тәуекелдер мониторингін енгізу
<b>Тәуекелдерді басқару объектілері</b>		
1. Қаржы тәуекелі 2. Валюталық тәуекел 3. Несиелік тәуекел 4. Инвестициялық тәуекел	1. Өтімділік тәуекелі 2. Операциялық тәуекел	1. Пайыздық тәуекел 2. Қор тәуекелі. 3. Валюталық тәуекел. 4. Несиелік тәуекел. 5. Инвестициялық тәуекел

Тәуекел-менеджментті талдауда төмендегі факторлар назарға алынады:

- банк басшылығы біліктілігін, басшылық жасау және әкімшілік ету қабілетін көрсетуге тиіс;
- банк басшылығы заңнаманы және белгіленген ішкі ережелерді, ҚРҰБ-тің және ҚҚА-тің, сондай-ақ ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсыныстарын сақтауға;
- банк басшылығы экономикалық ахуалдың өзгеруіне, банк ортасының өзгеруіне бейімделуін (тактика мен стратегияның оралымдылығын) көрсетуге тиіс;
- банк басшылығы тиісті ішкі жұмыс ережелерінің әзірленуі және олардың орындалуы үшін толықтай жауап беруге;
- банк басшылығы тәуекелдерді басқарудың тиісті біліктілігін қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлерді оқытуға;
- банк басшылығы пайдакүнем іс-әрекеттердің кез келген көрінісі, әсіресе банкпен ерекше қатынастар байланысты тұлғаларға жеңілдікпен қарыз беруге қатысты сынға ұшырайды.

### 13.5 Тәуекел-менеджментті дамыту және оның тиімділігін бағалау әдістемесін жетілдіру

Қазіргі заманғы экономика мен әлемдік шаруашылық жақсы дамыған қаржы нарығынсыз тұтастай толыққанды дами алмайды, ал

Қазақстанның қаржы нарығы негізінен екінші деңгейдегі банктерден құралады. Алайда, аталмыш нарықтар бір және соңғы рет қалыптасып қатып қалған құрылым емес. Сондықтан тек жаңа қаржы өнімдері мен қызметтердің пайда болуы ғана барлық өзгерістерге қарамастан нарыққа тұрақтылықты және басқаруды сақтап қалуға көмектеседі.

Инновациялық құралдарды іздестіру мен енгізу макроортадағы, нарық жағдаятындағы өзгерістермен, сондай-ақ ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерімен байланысты (Сурет 8).



Сурет 10 – Банк ортасында қаржы инновацияларының қалыптасу жағдайы

Инновациялардың пайда болуын ынталандыратын жағдайлар банк жүйесіне ықпал етеді, сондай-ақ айтарлықтай өзгерістерге әкеп соқтырады.

Халықаралық қаржы нарықтарына қатысты айтатын болсақ банк мекемелерінің инновациялық қызметінің басты бағыты (тренд) валюталық-несиелік және қаржы құралдары мен операцияларының жаңа формалары мен гибридтерін құру және оларды тарату болып табылады.

Банк тәуекелдерін басқару саясаты банктің жалпы қаржы стратегиясының бөлігі болып табылады, ол түрлі қаржы операцияларын жүзеге асырумен байланысты тәуекелдердің қаржылық салдарын ырықтандыру жөніндегі іс-шаралар жүйесін әзірлейді. Алайда соңғы уақытта тәуекелдерді басқару саласында жаңа үрдістер пайда болды: тәуекелдер айқынырақ, тәуекелді мөлшерін анықтайтын әдістер кеңірек пайдаланып, тәуекел жан-жақты бақылай отырып, өлшене бастады, жаңа әдістемелер мен ұйымдастырушылық технологиялар пайда болды. Осының барлығы менеджмент тарапынан да, сондай-ақ тәуекелдерді

басқару проблемаларына меншік иелері тарапынан да баса назар аударуына себеп болды.

Сондықтан банк тәуекелдерін басқаруда ең бастысы сол немесе басқа операциялар жасағанда тәуекелдің мүмкіндігін дұрыс бағалап, оны барынша төмен деңгейге дейін қысқарту. Банк менеджментінің ең маңызды міндеті банктің пайдалылығы, тәуекелдігі мен сенімділігінің арасындағы оңтайлы арақатынасты табу. Ал осыған банктің негізгі тәуекелдерін реттеу, яғни несиелік тәуекелді басқару арқылы қол жеткізуге болады.

Пайыздық тәуекелді басқару міндетіне осы тәуекелді банктің пайдалылығы мен мақсаттарының шектерінде барынша төмендету кіреді. Коммерциялық банктер пайыздық тәуекелге жол бермеу үшін:

1) пайыздың ақша нарығының жаңа жағдайларына бейімделу ережесін (несиелік шарттарда) пайдалануға;

2) баланстың құрылымын өзгертуге бағдарланған саясат жүргізуге;

3) пайыздық тәуекелдің өтемақысын белгілеуге тиіс.

Қазақстан банктерінің тәуекелдерін жекелеген банктің микродеңгейде төмендету мәселесін қарастыра отырып, мына шетелдік тәжірибені қолдануды ұсынуға болады:

– банк бөлімшесінің құрылымын өкілеттіктерді қатаң шектеу принципіне сәйкес құру. Аталмыш тәжірибені негізінен шетел капиталының көмегімен құрылған банктер ғана пайдаланады;

– банктің стратегиясын маркетингтік зерттеулер мен банктің алдына қойылған мақсаттардың негізінде әзірлеу;

– банкті аудиторлық компаниялар тарапынан ұдайы тексеру (жиірек болса – банк операцияларын бақылау тәуекелі де аз болады). Осы тәжірибені қазақстандық банктер енгізе бастады. Мәселен, Каспийский банкі 1997 жылы банкті тоқсан сайын аудиторлық тексеруге (аутсорсинг) «Қазақстанаудит» фирмасымен келісім жасады;

– банктің өтімділігі бірнеше клиентке немесе нарықтың жекелеген сегментіне тәуелді болмас үшін банктің пассивтері мен активтерін әртараптандыру. Банктер осы мақсатта филиалдарды көптеп құруға және көбірек клиент тартуға тырысуға тиіс;


– экономиканың нақты секторын несиелеуге ойластырылған тәртіптеменің болуы. Мұның өзінде несиеленетін кәсіпорындардың ең кемінде мына екі талапқа жауап беруі, яғни несие бойынша пайыздық ставканы жабатын деңгейдегі пайдалылығы және нарықтарда жылдам өтетін сапасы бар жеткілікті кепілзаты болуы тиіс;

– нарықтағы әлі бос орынды жаулап алу мақсатында практикаға жаңа құралдар мен қызметтер енгізу;

Ықтимал залал мен шығынды барынша төмендету мақсатында, қаржы және валюта нарығында негізгі операцияларды міндетті түрде лимиттеу. Атап айтқанда банк тәуекелдерін шектеу жөніндегі тиімді шаралардың бірі ретінде ашық жайғасымды лимиттерді, арнаулы лимиттерді және залал лимиттерін қолдану ұсынылады;

– банк қызметкерлерін тұрақты оқыту және қайта даярлау негізінде банк ұйымын басқару сапасын арттыру.

Тәуекелдерді кешенді басқару жүйесі ықтимал ысырапты толықтай болдырмайтын қорғаныс емес, алайда ол олардың жиынтығының ықпалы күтілетін мөлшерден тыс ысырапқа әкеп соқтырмайды деп айтуға негіз береді. Осы жүйе банк бизнесінің тәуекелдер жиынтығын шоғырландыруға және жағдай қолайсыз дамығанда ықтимал ысырапты барынша төмендетуге мүмкіндік береді. Біз осы пікірге арқа сүйеп екінші деңгейдегі банк менеджменттерінде тәуекел-менеджментті ұйымдастыру сызбасын әзірледік.



Сурет 11 – ЕДБ-те тәуекел-менеджментті ұйымдастыру сызбасы

Әлемнің ең ірі корпорацияларының тәжірибесін зерттеу негізінде әзірленген сызбадан тәуекел-менеджментті бөлімі банк Басқармасымен бір деңгейде қарастырылғаны көрінеді. Бұл тәуекел-менеджмент бөлімінің функционалдық маңызы банк Басқармасымен бірдей екенін растайды. Егер банк Басқармасы бүкіл банк жұмысын ағымдағы және жедел басқару үшін жауап берсе, онда тәуекел-менеджмент бөлімі



тәуекелдерді үйлестіру мен басқаруды Басқарма деңгейінде ұйымдастыруға тиіс. Тәуекел-менеджмент бөлімінің жұмысын ұйымдастырудың ұсынылып отырған біріктірілген сызбасы – банктің басқа барлық басқа бөлімдерімен және бөлімшелерімен өзара тығыз байланысты біртұтас жүйе, сондықтан ол барлық бизнес-процестерді қамтитын банк қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Осы сызбаға сәйкес тәуекел-менеджменті бөлімінің негізгі міндетіне банк басшылығын банктің бизнес-жайғасымы жөнінде объективті және толық ақпаратпен қамтамасыз ету, дағдарыстың алдын алуға немесе тәуелді факторлардың ықпалын төмендетуге бағытталған тиімді шешімдер әзірлеу жатады.

Біздің ойымызша, екінші деңгейдегі банктерде ұйымдастырылған тәуекел-менеджмент бөлімі жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында төмендегі принциптерге негізделуге тиіс, біз оларды сондықтан практикаға енгізуді ұсынамыз:

- тәуекел құнын бағалау принципі, яғни банк белгіленген сәтте бас тігетін жиынтық тәуекел банктің меншік капиталының мөлшерінен аспауға тиіс;

- тәуекелдің салмақтылық принципі, яғни азғана үшін көппен тәуекел етуге болмайды, сондықтан банк мамандары тәуекелдің салдарын барынша есептеп, болжауға тиіс;

- операцияның табыстылығына сенімді болу принципі, яғни сенімсіздік болмаса жағымды шешім қабылдануға тиіс (егер сенімсіздік 50%-ды және одан астамды құраса, онда осы операция бойынша жағымсыз шешім қабылдаған орынды);

- ресурстарды салудың сәйкестік принципі, яғни кірістілік деңгейі бойынша ұқсас қаражат салатын бағыт әркезде табылады оны да қарап талдау, салмақтау және ресурстар бастапқы салынған бағытпен салыстыру қажет;

- тәуекелді жабу принципі, яғни операция сәтсіз болған жағдайда банк оның есебінен ысырапты әркезде жабатын резерв болуы тиіс.

Тәуекел-менеджментті ұйымдастырудың жаңа механизмі жаңа тәсілдемелерді талап етеді, олардың біреуі – шешім қабылдау, математикалық модельдеу теорияларының, жүйелерді, ақпараттық және ұйымдастыруды модельдеу теориялары түйісуінде орналасқан контроллинг жүйесін енгізу болып табылады.

Контроллинг – тәуекел-менеджменттің аса маңызды элементтерінің бірі болып табылады, сонымен бірге ол барлық қажетті ішкі және сыртқы ақпарат жүйеленіп, талданып және басқарушылық шешім қабылдайтын тұлғаларға жіберілетін жағдайды қамтамасыз етеді.

Контроллинг тұжырымдамасы айналасында тәуекел-менеджментті ұйымдастыру басқарудың өзекті элементтері біріктірілуге тиіс негіз болып табылады.

Жалпы айтқанда контроллинг – жағдайды меңгеру, процестерді басқару әрі реттеу, сондай-ақ оған шығындарды есептеу. Біздің жағдайда контроллинг банк тәуекелдерін бақылауды, олардың математикалық есептеуді, сондай-ақ тәуекелділіктің қажеттілігін және түпкілікті нәтижесін анықтауды қамтамасыз етуге тиіс.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Тәуекел менеджментінің мәні мен мазмұны?
2. Тәуекел менеджментінің негізгі ережелері қандай?
3. Банк қызметінде тәуекел менеджментті қалыптастырудың теориялық аспектілері?

## **14 Тарау. БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІНІҢ КЕШЕНДІ ТАЛДАУЫ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒАЛАУ МЕХАНИЗМІ**

### **14.1 Кәсіпорындарда басқару тәуекелдің экономикалық бағалауының мәні**

Кәсіпорынның қазіргі менеджменті, фирма, компанияны ең маңызды аспект экономикалық бағалауды болып көрінеді және процесте өндірістік пайда болған басқару тәуекелдің төмендетуінің тәсілдері, - шаруашылық қызметі. Басқару тәуекелдің деңгейі сыртқыэкономикалық байланыстардың кәсіпорынның қаржы күйі, тиімділігі, инвестициялық құрал-жабдықтарды алудың мүмкіндігін анықтайды тағы басқалар.

Экономикалық тәуекелдерді бағалаудың оңтайлы теориялық тәсілін ұсынуға болады, екі негізгі оның сипаттамасымен ерекшеленеді: мүмкін болатын шығындарының мөлшері және олардың ықтималдылықтары. Бірінші сипаттамасы есепті жағы болып табылады, ал екінші - тәуекелдің қарқындылығымен сипатталады.

Тәуекелді бағалау, қорыта келгенде, мыналарды білдіреді: біріншіден, екі сипаттамалардың сандық бағалауын жасау, екіншіден, өзара салыстыру жасай отырып тәуекел жасау. Қандай тәуекелдер бар және олармен күресудің қажеттілігін айқындау ғана бұдан қорытынды шығаруға болады. Шығынның төрт түрінанықтайды - мүліктік шығындар; өндірістің тоқтауынан болатын шығындар; келісім міндеттемелерінің орындалмауының салдарынан болатын шығындар; штаттық шығындар.

Басқару тәуекелінің экономикалық бағалауында толық жетілдіру тетігінің мәселесін шешуде ол кез келген өндірістік және шаруашылық қызметте айтарлықтай әсерін тигізе алатынын ескерген жөн. Осыған байланысты «қауіпсіздіктің шегі» немесе тәуекел нүктелері деген синонимдерді анықтап алу өте маңызды, яғни бұл бола алатын өзгерістердің болатын аймағы.

Кәсіпорынның қызметіндегі тәуекелдің кризистік нүктелерінің анықтамасы - коммерциялық келісім, бизнес-жоспар және тағы басқа құжаттарды дайындаудағы міндетті шарттар. Жағымсыз шығындардан құтылу және оларды ескерту, мүмкін болатын кризистік нүктелердің болдырмау анықтауды талап етеді және инвестор немесе серіктес туралы оларға алдын ала дерек беру. Егер инвестор одан жағымсыз бүркеме фактор тапса, онда бұл компанияның сенімінде айтылуы мүмкін және серіктестің шығына және қаржыландырудың бас тартуына әкеледі.

Кәсіпкерлік қызметтің тәжірибесі тәуекелдің негізгі нүктелерін анықтауды қажет етеді. - тауар жоспарланған сату көлемдері жетпеуі және тағы басқалар.

Қорыта келгенде, тәуекелдің кризистік нүктесі кәсіпорын, фирма, компания, сыртқы және ішкі ортасында, яғни барлық жұмыс салаларында пайда бола алады. Бұдан тәуекелдің нүктесі өзімен таныстырғанын анықтайтынымыз. Бәрінен бұрын бұл аймақ қызметтерге тиісті, басқарушылық қызметін жүзеге асырған кезде шығындармен байланысты, алдн ала бақылауды қажет ететін, жоғары дәрежеде төмендететін қауіпті жағдайлар жиі туындайды.

Басқарушылық қызметіндегі процессте менеджер ретінде, сол сияқты кәсіпкер ретінде тәуекелдің мүмкін нүктелерін білу және оларды максималды түрде жоғарлату немесе төмендете білу өте маңызды.

Тәуекелдің кризистік нүктелерінің жуық шамамен орналасқан жерін айқындау – өте қиын тапсырманы шешудің бірінші кезеңі болып табылады – оның экономикалық бағасы.

Тәуекелді анықтаудағы қолданылатын өлшем ықтималдылық деп аталады. Математикалық есептелген тәуекелдің ортасы анықталмағандықтың жағдайы екені ескерген жөн.

Сонымен, тәуекел – ықтимал категория, мақсатқа лайықты түрде сипаттайтын болсақ, анықталған деңгейдегі табыстың пайда болу ықтималдылығы.

Жан-жақты тәуекелдерді бағалаудың негізде мүмкін табыстың әр шама мәнін және соған сәйкес сондай көлемнің болу ықтималдығын анықтау жатады. Көптеген экономист ғалымдар тәуекелді бағалау бойынша ықтималдықтың қисығын салуға кеңес береді. (Б.Райсберг, П.Граб, С.Петрово, С.Полтавцев, К.Романова, Б.Хрусталеv тағы басқалар).

Ықтималдықтың қисығын тұрғызу - кәсіпкерлік тәуекелінің бағалауының бастапқы кезеңі. Бұл өте күрделі мәселе, ықшамдалған тәсілдермен, сондықтан тәуекелді маңызды бірнеше сипаттамаларымен бағалап, ықшамдалған көзқарастармен шектеу қажет.

Тәуекелдің қисығын тұрғызу үшін және шығын деңгейін анықтау үшін «тәуекелдің облысы» ұғымы енгізіледі.

Ол астарында нарықтың жалпы шығын аймағын түсінеді, тәуекел деңгейінің орнатылып, жіберілген шығындарын жоғарлатады. Ысырап шеңберінде тәуекелдің орнатылған деңгейі рауалы мән асқан нарықтың ортақ ысыраптарын аймақты.

Рұқсат етілген, жоғарлатылған және кризистік шығындар аумағы табыс көлеміне байланысты.

Алдын-ала болжанбайтын шығындар күтілмейтін аймақ тәуекелсіз аймақ деп аталады. Бұл жерде шығындар маңызды емес немесе алдын ала қарастырылған болып табылады.

Жоғары тәуекелді аймақ дегеніміз – қарастырылмаған шығындардың максималды түрде рұқсат етілген аймағы.

Яғни сыни тәуекелдің облысы күтілетін пайданың шамасын асқан елеулі шығындармен сипаттайды, шығыны сомасын анықтаған кәсіпкерлік қызметтен табыстың толық шығыны жоғалыды, және кәсіпкер өз табысының, қаржыларының бәрін жоғалтуы мүмкін.

## **14.2 Басқару тәуекелінің сандық талдаудың әдістері**

Нақты басқарушылық шешімдерін мақсаты түрде қабылдау бұл тәуекелдің анықталған деңгейлерін құраған, бұл талдау мен бағалаудың шығу жолы болып табылады. Бұл тиімді басқарушылық қызмет үшін мүмкін тәуекел туралы ақсүйектер ғана емес керек екендігін білдіреді, және оның салалық талдау жасауын, ал оны бағалап, оның дәрежесі анықтау болып сараланады. Басқару тәуекел сандық бағалау сапалыға қосымшаны болып көрінеді. Басқарушы субъект бар болу оны жанында фирма басқару процесінде ең жоғары тиімділік жетуге қабілетті.

Басқарушылық тәуекелінің сандық бағалауы сапалыққа толықтау болады.

Басқарушы субъект фирма басқару процессінде ең жоғары тиімділік жетуге қабілетті болуға тырысады. Тәуекелді сандық бағалау маңызды, әсіресе, балама нұсқалардың жиынтығынан нақты басқарушылық шешімді таңдауын мүмкіндік қашанда болады.

Мұнда әр түрлі нәтижелік болған кезде анықталған нұсқалар болуы мүмкін, яғни төменгі шығындар және жоғарғы нәтижелер және керісінше, тәуекел деңгейінің бір нұсқасы келесімен салыстырғанда төмен болуы.

Оның өткізуінен кез-келген басқарушылық шешім экономикалық тиімділік қабылдауда оның жетістігі тәуекел дәрежесіне түзетуі керек.

Тәуекелге талдау жасау үшін субъектінің тура ерекшеліктерін ескеру қажет, кәсіпкерлікпен айналысатын және сыртқы ортаны өзгертетін ерекшеліктерімен фирма әрекет етеді және дамиды.

Тәуекелді талдау процесінде көптеген қағидаларды қолдануға болады, бірақ көбінде жалпы түрде келесіңдерді ескерген жөн:

1. Бір-біріне тәуелді еместәуекелдің әр түрлі түрлерінің шығынының көлемі, яғни, бір тәуекелді шешімнің келесінің шығынының көлеміне әсер етпейді (мысалы, егер фирма салық

заңнамасына байланысты шығынға ұшыраса да, бірақ инфляция шығыны өзгермейді).

2. Белгілі бір тәуекелдің іске асырылуы келесі бір түрдің көбею не азаю ықтималдығы міндетті түрде өзгермейді (форс-мажорлы жағдайдан басқа кезде). Өзара байланыс пен өзара әрекеттің көбі экономикалық процестің кезінде қағидаларға қарама-қарсы ғана болып қоймайды, ал керісінше оның қосымшасы болып табылады.

3. Максималды мүмкін болатын шығын, нақты тәуекелді іске асыруда шаруашылық субъектінің қаржылық мүмкіндіктерін жоғарлатпауы керек. Бұл қағида тек қана жеке активтер шегіндегі тәуекелдің нәтижесінің бар екендігі қаралған жағдайдағы тиімді тәуекел теориясына негізделген.

Кәсіпкерлік қызмет процесінде пайда болатын, фирма ресурстарының пайдаланатын нақты түрінің меншігіне байланысты шығындар келесі түрлерге жіктеледі: қаржылық шығындар, материалдық шығындар, уақыт шығыны, еңбек шығыны, әлеуметтік шығын, сату шығындар, экологиялық шығындар және моральді-психологиялық шығындар.

Сандық талдау кезінде көптеген әдіс-тәсілдер қолданылуы мүмкін. Қазіргі уақытта ең көп тараған түрлері мыналар болып табылады:

- статистикалық тәсіл;
- мақсатты бағдарланған шығындарды талдау тәсілі;
- сарапшы бағалық тәсіл;
- аналитикалық тәсіл;
- шешу тәсілін қолданудағы талдау тәсілі;
- ұқсастықты қодану тәсілі;

Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы анық дайындықтың, сол немесе басқа тәсілдің бағдарлануында менеджердің немесе кәсіпкердің көмегімен жүзеге асады.

Әр түрлі шаруашылық қызметтерде тәуекелді сандық талдаудағы кең таралған тәсілдердің бірі – статистикалық тәсіл.

Бұл тәсілдің мынада болып табылады, яғни қаралып отырған операцияның кәсіпорынның нәтижелі іске асыруындағы статистикалық мәліметтердің барлығы шығындардың пайда болу ықтималдық есебінің талдануында.

Шығынның пайда болу деңгейінің жиілігі келесі формуламен өрнектеледі:

$$F_0 = N^1 / N_{\text{жалпы}};$$

$F_0$  - Шығынның пайда болу деңгейінің жиілігі;

$N^1$  - нақты шығын деңгейіндегі түсім жағдайларының саны;  
 $N_{жалпы}$  – статистикалық таңдаудағы жағдайлардың жалпы саны,  
осы түрдің табысты іске асуын қосқанда.

Тәуекелдің талдауының құралдары, фирманың жалпы қаржылық жағдайы 5 қаржылық аймаққа бөлінеді.

- абсолютті тұрақты аймақ, қор мен шығынның минимальды көлемі тәуекелсіз облысқа сәйкес келгендегі; ( Тәуекел аймағы бұл нарықтағы жалпы шығынның бекітілген тәуекел деңгейінің шекті мәнінен шығындар аспайтын кейбір аймақтары);

- қалыпты тұрақтылық аймағы, қор мен шығындардың қалыпты шамасы болған кезде, минималды тәуекел аумағына сәйкес келеді;

- тұрақты емес жағдай аймағы, қор мен шығындардың артық мөлшері болған кезде, артық тәуекел аймағына сәйкес келеді;

- сындық күйдің аймағы, дайын өнімге сұраныс болып, ал өнімге төмен скраныс болған жағдайда болатын сыни тәуекелдің аймағына сәйкес келеді;

- күйзелістің аймағы, дайын өнімнің және қордың өте артық болған кезіндегі ретсіз тәуекелдің аумағына сәйкес келеді, және фирма банкроттық шегінде тұрады.

Қаржылық тұрақтылықтың көрсетілген 3 көрсеткіші әрбір қаржылық аймақтың тұрақтылық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Жеке айнымалы қаражаттарының болуы жеке меншік қаржы көздері мен негізгі қаражат көздерінің айырмасына тең шама болады:

$$E_c = I_c - F.$$

Сұрақ №3. Басқару қызметіндегі тәуекелді бағалау талдауының ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері.

Қазіргі кезде әр түрлі өндіріс жағдайларындағы немесе қызмет түрлеріндегі тәуекелді бағалау әдістері түгелдей зерттелмеген және тәуекелді төмендету ұсыныстары мүлдем жоқ. Көрсете кететін жайт, тәуекел теориясы нарықтық экономика құрылған елдерде жартылай даму үстінде, бірақ, тәуекелдің нақты жағдайында бизнесті басқару жөнінде тәуекелдік компаниялардың үлкен тәжірибесі бар.

Тәуекелдің деңгейін анықтау әдістері теориялық та, тәжірибелік те анықталған және оларды бағалауға және есептеуге болатын қызметтердің түрі бар. Бұл, көбінесе, мүлікті, денсаулықты, өмірді сақтандыру, сонымен қатар лотереялық және ойындық қызметтер.

Танымал әдістердің талдаулары тәуекелдік есептеулер толықтай жасалмаған күйде қалатындығын көрсетеді. Формальды әдістерді

қолдану басқару субъектісінің жоғары бағалауын толықтай сипаттай және тиімді шешімнің нақты таңдауын жасауды жүзеге асыра алмайды. Бұл маңызды түрде көп деңгейде тәуелсіздік деңгейіндегі басқару шешімі болып табылатын басқару қызметінің соңғы нәтижесімен түсіндіріледі, сонымен қатар, жеке шешімдер мен сапалы түрлілік нәтижелерінің салдары өте көп.

Басқарушылық тәуекелді бағалаудың тиімді әдістерінің бірі біздің ғасырдың 80-жылдары шыққан тәуекелді зерттеудегі жаңа бағыт – «технологиялық тәуекелді бағалау» талдауы.

Мұндай талдаудың бағытын нақты технологиялардың тәуекелділік талдауы және технологиялық жаңашылдықтарды басқару сұрақтарын шешу арқылы алды.

Тәуекелді талдау қазіргі заманғы ғылымның пәнаралық аймағын қамтиды және әр түрлі сала мамандарының: экономистер, элеуметтанушылар, психологтар, биологтар, физиктер, химиктердің бірлестігіне негізделген.

Тәуекелді талдауды тағайындау – нақты бір жобаға қатысу кезінде шешім қабылдау үшін мәліметтер алу және болуы мүмкін қаржылық шығындардың шараларын қарастыру.

Басқарушылық тәуекелдің сұрақтарына жүйелік ыңғай көрсетудің мысалына америкалық ғалым У.Роув жасаған тәуекелді талдау әдістемесін жатқызуға болады. Оның концепциясының негізінде рұқсат етілетін тәуекелдер түсінгі жатыр, «рұқсат етілетін тәуекелдерді» көптеген мамандар тәуекелді өлшеу және басқару мәселелерімен байланыстырады. Бірақ, «рұқсат етілетін тәуекелдердің» бәріне белгілі анықтамасы қарама-қарсылық туғызады, жеке және объективті бағалауға бағытталған рұқсат етілетін тәуекелдердің критерийлер тізбегінен тұрады. Автор (У.Роув) жағдайды өзгертуге тырысады. Оның концепциясы мынадай:

Тәуекелді талдаудың әр деңгейінде тәуекелді бағалаудың экономикалық әдістерінің әр түрлі күрделі комбинациялары қолданылады. Оған жататындары:

1. «Синтез жасау» мүмкіншілігінің әзірлемесі мақсатындағы объективті және субъективті тәуекелді бағалауды салыстыру әдісі.

2. Объективтілік және құндылық параметрлерін қолдану арқылы тәуекелдің болу мөлшерін анықтау әдісі.

3. Тәуекелмен байланысты құн (мүмкін болатын барлық шығандар) балансы және пайданың технологиялық циклін көрсететін әдіс.



4. Тәуекел мен табыстың арақатынасын жанама және тура талдауды көрсететін, сонымен қатар саяси көзқарас тұрғысынан барлық бағлауларға келісетін әдіс.

Тәуекелді бағалаудың субъективті зерттеуін жақтаушыларға гуманитарлық пәннің өкілдері – әлеуметтанушылар, заңгерлер, психологтар жатады. Олар тәуекелдің психологиялық, құқықтық, әлеуметтік жақтарын анықтайды.

Тәуекелді субъективті бағалау ақшалық өлшеммен байланысты емес. Ол тәуекелді шешім қабылдаудың моральдық және психологиялық шығындарын қарастырады және тәуекел – қоғамдық құбылыс деп сипаттайды.

Басқарушылық тәуекелді мүмкін болатын шығындар мен анықтылық, таңдап алынған шешімнің тәуекел өлшемі арасындағы байланысты қарастыратын тиімді шешім әдісі ретінде бағалауға болады. Бұл жағдайда қай шешім ең тиімді болып саналатындығы қаралады.

Тиімді шешім таңдауы келесі формуламен анықталады:

$$R = A + P' + (A + B) \times P''$$

Мұнда,

R – тәуекел, A және B – таңдалған шешімнен болуы мүмкін шығындар, P' және P'' – осы шешімді қабылдау барысында болатын қателіктердің сенімділік деңгейі.

Талдаудың мазмұны, оның жүргізілуіндегі негізгі бағыттар, маңызын, сонымен қатар тәуекелді бағалаудың түрлі экономикалық әдістерін қарай отырып, басқару қызметіндегі тәуекелді бағалау сапалы талдауының ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздемелерін жасаймыз.

Барлығынан бұрын, сапалы талдаудың басты мақсаты – тәуекел факторларын, этаптары мен жұмыстарын анықтау екендігін түсіну.

Тәуекелдің өсуіне әсер етуші барлық факторларды шартты түрде 2 топқа бөлуге болады: объективті және субъективті.

Объективті факторларға компания, фирма, кәсіпорынның өзіне байланысты емес факторлар: инфляция, бәсекелестік, анархия, саяси және экономикалық дағдарыстар, экология, кедендік салық т.б. жатады.

Субъективті факторларға берілген кәсіпорынның өзін сипаттайтын факторлар: өндірістік потенциал, техникалық жабдыктандыру, технологиялық мамандану деңгейі, еңбекті ұйымдастыру, техникалық қауіпсіздік деңгейі, жабдықтаушылар мен мердігерлер типтерінің түрлері жатады.

Тәуекел факторларының көрсетілген топтары бір-бірімен тығыз байланысты ортақ элементтерге де ие. Сондықтан, осы екі топты логикалық байланыстар тұрғысынан қаарау керек.

Жалпылай айтқанда, тәуекелді талдау келесі реттілікпен жүргізіледі.

1. Жоғарлатушы және төмендетуші нақты тәуекел түрлерінің ішкі және сыртқы факторларының пайда болуы.

2. Табылған факторлардың талдауы.

3. Тәуекелдің нақты түрінің зыңғайларды қолданудағы қаржылық жақтарының бағасы:

а) Жобаның қаржылық жағдайын анықтау;

б) Экономикалық мақсатқа лайықтылығын анықтау.

4. Рұқсат етілетін тәуекелдің деңгейін орнату.

5. Таңдалған тәуекел деңгейінің жеке операцияларының талдауы.

6. Тәуекелді төмендету шараларын жасау.

Тәуекел талдауының тізбектілігін анықтауда сапалы тәуекел талдауы негізгі бірнеше бағыттар бойынша жүргізіледі.

Бірінші бағыттың мазмұны нақты кәсіпкерлік қызметіндегі мүмкін болатын жағымсыз салдарларын күтілетін жағымды нәтижелермен салыстыру.

Екінші бағыт стратегияны жасау кезіндегі фирма қабылдаған шешімдердің шаруашылық қызметінің субъектілеріне әсерін анықтаудан тұрады.

Комплексті талдау механизмі мен басқарушылық тәуекелінің деңгейінің бағасын қарай келе, бұл мәселенің қиындығын және көпжақтылығын есепке алу керек. Осы мәселемен айналысушы көптеген ғалымдар сапалы талдау фирманың қызметінің бағытындағы тәуекел деңгейімен салыстырғанда, әлдеқайда қиын жұмы екендігімен келіседі. Оның басты тапсырмасы қызмет бағыты мен сатыларындағы тәуекел пайда болуы мүмкін тәуекел факторларын анықтаудан құралады. Сондықтан, сапалы талдау жасау кезінде потенциалды аймақтар орнатылады және осыдан кейін барлық мүмкін болатын тәуекелдер теңестіріледі.

Ақталған тәуекел – нарықтық экономика кезіндегі фирманың жүйелік қызметінің бар элементі. Шешімнің ықтималдық мінездемесі тәуекелді талдаудың арнайы әдістері арқылы табылады.

Жоғарыда көрсетілгендерден мынадай қортындылар шығаруға болады:

1. Қазіргі заманғы кәсіпорын, фирма, компания менеджментінің маңызды аспектісі өндірістік-шаруашылық қызмет кезінде пайда

болатын басқарушылық тәуекелін төмендету тәсілдері мен экономикалық бағасы болып табылады.

2. Тәуекелдің экономикалық бағасының тиімді теориялық әдісі ретінде оның басты 2 мінездемесін көрсетуге болады: болуы мүмкін шығындардың шамасы және олардың ықтималдығы.

3. Шығындардың 4 типін қарастырады – мүліктік шығындар, өндірістің тоқтауынан болатын шығындар, келісімшарттық міндеттемелерді орындамағаннан пайда болатын шығындар және штаттық шығындар.

4. Басқарушылық тәуекелдің сандық бағасы сапалыққа қосымша болып табылады. Оның көмегімен басқарушы субъект фирманы басқару процесінде максималды тиімділікке қол жеткізе алады.

5. Талдаудың басты мақсаты – анықталған жағдайға рұқсат етілетін тәуекел орнату. Алынған мәліметтер шешім қабылдаудың негізі болады.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Кәсіпорындарда басқару тәуекелдің экономикалық бағалауының мәні мен мағынасы?

2. Басқару тәуекелінің сандық талдаудың әдістері қандай?

3. Кәсіпорындарда тәуекел менеджментті қалыптастырудың теориялық аспектілері?

4. Кәсіпорындарда тәуекел-менеджменттің тиімділігін талдау мақсаты?

## 15 Тарау. КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ ТӘУЕКЕЛДІЛІКТІҢ ТӨМЕНДЕТУ ЖОЛДАРЫ

### 15.1 Тәуекелділікті төмендетудің негізгі тәсілі

Тәуекелділікті төмендетудің негізгі тәсілі:

- жоба зерттемесіне құзырлы серіктестікті, серіктіктерді және кеңесшілерді тарту;
- ілеспе мәселенің терең жоба жұмысы;
- өнімге немесе қызметке деген сұрау нарық конъюнктура даму үрдісінің болжамы;
- жобаға қатысушылар арасында тәуекелділікті орындаушылармен бөлінуі;
- тәуекелділіктің сақтануы;
- резервтену тәсілінің жобаланбаған шығынға өтелуі.

Кәсіпкер тәуекелмен түйіндес шешім қабылдарда, объективті және субъективті факторларды ескеруі керек. Тәуекелмен байланысты шешім қабылдайтын тұлғаның дұрыс ойлау, агрессивтілік, дербестік және тағы басқа жақсы жақтарына ие болу керек. Көптеген психологтар тәуекелге деген икемділік немесе оны терістеу тұлғаның сипаты емес деп ойлайды. Тәуекелге деген қарым-қатынас басты бейнемен, яғни, сыртқы шарт немесе адамның кейбір жеке және психологиялық өзгешеліктерімен анықталады, мысалы, агрессивтілік, аландаушылық деңгейі, күйзеліс. Сонымен қоса психологиялық зерттеулер көптеген адамның сипаттары, мысалы, өзімшілдік, конформизм және тағы басқа тәуекелге байланысты шешім қабылдарда әсер етпейді деп көрсетті.

Бір кәсіпкерлер тәуекелмен түйіндес шешім қабылдарда бірнеше баламалы шешімді қабылдауға бейім, әдетте олар өз күшіне сенеді, сыртқы орта қондырғымен үлкен күйзеліске қажырлылық танытады; басқа кәсіпкерлер қарама-қарсы сипатқа ие болады: өзіне деген сенімсіздік, кішігірім күйзеліске төтеп беру, бірнеше баламалы шешімді қабылдай алмау.

Жаңа шартты табысты істі ұйымдастыру үшін, кәсіпкер жақсы кәсіпкерлік дайындыққа ие болу керек, және экономика, саясаттану, психология, заң, өндірісті ұйымдастыру саласында білімді болу керек, ғалымдармен, меркетингтің маманымен, капитал иесімен қарым-қатынаста бола білуі керек. Осындай тұлғалық сипатқа ие шет ел мамандарын ұлттың айнасы, елдің іскер әлеуеті деп есептейді.

Шешім қабылдарда шамадан тыс ақпараттар туындауы мүмкін. Сонда керек мерзімдегі шешім қабылдауға қоршаған орта туралы таскын ақпараттар немесе ақпараттың жетіспеуі (тәуекелмен

байланысты типті, бірқалыпты жағдайдағы шешім қабылдауда нәтижені талап ету) кедергі келтіруі мүмкін. Шамадан тыс ақпараттар шешім қабылдау жұмысын жабады және жұмыстың қиындауын тудырады.

Тәуекелмен түйіндес шектеулі жағдайдағы шешім қабылдау алдын ала сақтау және авантюризм болып табылады. Алдын ала сақтауда тәуекел нөлге түйіледі, ал авантюризм максималды мүмкіндіктегі тәуекелге алып келеді. Алдын ала сақтау төмендетілген нәтижеге алып келуі мүмкін, ал авантюризм - әдеттен тыс тәуекелмен байланысты болжанған нәтиженің алмауына алып келеді. Есеппен тиянақталған тәуекелді құрайтын үйлесімді шешім керек. Ғылыми болжамның артықшылықтарын пайдалануымыз керек. Тиянақты тәуекел әрдайым пайдалы. Ол кәсіпкерлік қызметтің нәтижелілігін көтереді.

Шешім – басқарудың негізі, ол бірнеше мүмкіндіктің ішінен дұрыс әдісті таңдау әрекеті болып табылады. Үйлесімді шешімге жақсы мен ең жақсының арасында орналасқанды түсінуі керек. Үйлесімді шешім өндірістің шарттарымен сәйкес келуі керек, яғни жұмыс үшін қажетті және керекті болу, сонымен қатар тәуекелдің аз ғана үлесін және жобалық нәтиженің табысын қамтамасыздандыру. Үйлесімді шешім – бұл кәсіпкердің өзінің еңбегіндегі негізгі нәтиженің табысы.

Кәсіпкер ескерту немесе байыпты түрде лизинг арқылы тәуекелді қысқарту, тауарды сату туралы келісім шартқа келу, тауарды тасуға және сақтауға көмек көрсету қызметтерін атқара алады. Лизингтің шартында, байыпты тәуекелдің бөлігінде мүліктің азғынуы және құртылуы жалгерге лизингтің келісім шартымен, айрықша сылтаумен, салынуы мүмкін. Тауарды сату туралы келісім шартты құруда қызмет көрсету артықшылығымен сатып алушыға өту немесе келісім шартта өндірушінің жауапкершілігін қанаушылық жолындағы тауар ақаудың жойылуы немесе ақаулы тауардың ауысуы бар сатылым дәнекері қарастырылады. Ақырында, тәуекелділік өндірушіге ықпал етеді.

Тауар тасымалы және сақтауы кезінде екіжақты тәуекелі бар келісім шарт құрылады. Тауар тасымалы және сақтауы кезінде бағаның төмендеуі және соған байланысты шығындарды өндіруші көтереді. Сонымен қатар, тауар тасымалы және сақтауы кезіндегі материалды шығындарды осы тауар тасымалы мен сақтауды жасайтын транспорттық немесе басқа да ұйымдар көтереді.

Фирма қаржылық әрекетті жүзеге асыру барысында мүмкін болатын қаржылық тәуекелдерді айқындағаннан кейін, тәуекел деңгейін анықтау және тәуекелді бағалау кезінде факторларды анықтағаннан кейін, мүмкін болатын жоғалтуларды анықтағаннан кейін кәсіпорынның алдында қаржылық тәуекелдерді төмендетудің іс шараларын құрастыру әрекеті тұрады. Осылайша, тәуекел бойынша маман қаржылық

**тәуекелді бейтараптандыру барысында ең ұтымды жолдарын іздестіріп, тәуекелді төмендетуде ең ұтымды тәсілді таңдауы жөн.**

**Тәуекел деңгейін төмендету – мүмкін болатын жоғалтулар көлемін қысқарту.**

Қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау мен бағалау үлкен шеберлікті талап ететін іс, сол себепті банктің қарыз алушының несие қабілеттілігін ұтымды бағалай алатын талдау кешені болғаны дұрыс. Біз өз зерттеуімізде, қарыз алушының несие қабілеттілігін бағалаудың кешенді талдауын ұсынып: қарыз алушының несие қабілеттілігін бағалауда алға тартылатын белгілерін, қарыз алушының несие тәуекелділігін басқару әдістерін және қарыз алушыға қатысты несие тәуекелділігін басқару әдістері мен элементтерін, қарыз алушының несие қабілеттілігін бағалаудың қалыпты әдістемесін талдадық.

Несие жүйесіндегі тәуекелдерді басқару мен бағалаудың отандық және шетел тәжірибелерін қарастыра келе, әдістер мен әдістемелердің әр түрінің зерттеу барысында айтылған өзіндік ерекшеліктері мен басымдықтары бар, тек қарыз алушы субъектті жақсы тани біліп, тиісті әдістер мен әдістемелерді орынды қолдана білгенде ғана қарыз алушының несие қабілетін анықтауға мүмкіндік болады деп санаймыз, бұл жерде басты назар несие менеджерінің іскерлік қабілетінде болуы тиіс.

## Глассарий

<b>Ақшалай қорлар</b>	Нақты бір экономикалық субъектіге (меншік иесіне) қатысты нақты бір мақсатқа негізделген (жұмыс күшінің қоры, еңбек ақы қоры, амортизациялық қор) ақшалардың белгілі бір құны.
<b>Еңбек ақы</b>	Атқарылған еңбекке төленетін ақшалай қаражат; жұмысшыға кәсіпорында еңбекпен өндірілген өнімнің бір бөлігінің берілуі
<b>Қорлар</b>	Тұлғаға оның қызмет түріне байланыссыз қалыптасатын қаражаттар.
<b>Инвестициялық қорлар</b>	Өндірістің қаржысын ұйымдастыруға алынатын бастапқы капитал. Ұйымның меншікті қаржыларында – пассивте (акционерлік, жарналық, қоймалық) орналастырылады
<b>Несие</b>	Ақшалай қаражаттарды немесе тауарларды белгілі бір уақытқа пайыз мөлшерлемесін бекіте отырып, қаразға беру (алу)
<b>Айырбас құны</b>	Бір тауардың екіншісіне қатысты сатып алыну қабілеттілігін сипаттайтын тауар өндірісімен және айналысының құбылысы. Айырбас құны бұл айырбасталатын тауарлар арасындағы сандық пропорция болып табылады.
<b>Аударымдар</b>	Кәсіпорын жүзеге асыратын төлемдер мен шығындар. Аударымдар олардың кірістерінен алынып, мемлекеттік және жергілікті бюджетке аударылады. Аударымдардың келесідей түрлерін бөліп көрсетуге болады: амортизациялық аударымдар, әлеуметтік сақтандыруға жұмсалатын аударымдар, пайдадан резервті қорға аударылатын аударымдар және т.б.
<b>Капитал айналымы</b>	Жүйелі түрде жаңарып отыратын үрдістегі капитал айналымы. Капиталдың бір айналымы капиталдың ақшалай түрде берілген уақытынан бастапқы қалпына келтірілгенге дейінгі уақыт кезеңін қамтиды.
<b>Айналыс</b>	Сатып алу мен сату арқылы жүзеге асырылатын тауар өндірісінің, еңбек өнімдерінің, ақшаның және меншіктің басқа да, объектілерінің айырбасқа келу нысаны
<b>Капитал айналысы</b>	Нарықтағы ақшалардың тауарға немесе тауарлардың ақшаға айналу үрдісі. Капитал айналысы капиталдың айналымының құрамдас бөлігі болып табылады.

**Өндірістің жалпы рентабельділігі**  
**Бастапқы құн**

Баланстық пайданың негізгі өндірістік қорлардың ортажылдық құнына және пайыз түрінде есептелінетін айналыс құралдарының мөлшеріне қатынасын береді. Негізгі қорларды сатып алуға жұмсалынған, оларды жеткізу мен жөндеуге кеткен және төленген салықтар мен активтерді жұмыс орнына жеткізіп, пайдаланғанға дейінгі барлық шығындарды қоса есептегендегі жұмсалаған қаражаттар.

**Тұтыну құны**

Адамның кез-келген қажеттілігін еңбек өнімінің қамтамасыз ету қабілеттілігі. Тұтыну құнының жиынтығы жиынтық ішкі өнімнің және ұлттық табыстың натуралды-заттай мазмұнын құрайды.

**Қосылған құн**

Жалдамалы жұмысшының еңбегімен еңбек күшінің құнының үстіне қосылған құны.

**Пайда**

Жиынтық табыстың шығындардан артық қалыптасуы яғни жиынтық табыс пен шығынның айырмашылығы. Микроэкономика ғылымында пайданы есептеу барысында оның құрамына меншікті капиталды қосады, ал ссудалық капиталдың пайызының көлемі шығындарға жатқызылады.

**Тұтыну қорлары**

Қоғамдық және жеке тұтынуға арналған қаражаттар (физиологиялық, әлеуметтік, ішкі жан дүниелік және тағы басқа қажеттіліктерді қанағаттандыратын құндылықтар)

**Тұтыну**

Қажеттіліктерді қамтамасыз ету үрдісінде өнімнің пайдаланылуы, тұтынылуы. Өндірістік тұтыну өндіріс құралдары мен жұмыс күші пайдаланылатын өндіріс үрдісін айтамыз. Ал өндірістен тыс тұтынуға өндіріс өнімдері (тамақ, киім, аяқ киім) үрдісіндегі тұтыну жатады. Өндірістік тұтытуда өнім өндірілсе, өндірістен тыс тұтытуда олар тұтынылады.

**Резервті капитал**

Қызмет ету барысында орын алатын жоспарланбаған шығындарды жабу үшін, заңдылықты және құрылтайшылардың құжаттарына сәйкес қалыптасатын кәсіпорынның қаражаттарының сомасы.

**Сақтандыру қорлары**

Адамдардың өмір сүру барасында мемлекетте, ұйымдарда қалыптасатын кездейсоқ табиғи және тағы басқа құбылыстардың нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық шығындарды жабуға бағытталатын қаржылар



<b>Өндіріс аясындағы құралдар Тауар-ақша қатынастары</b>	Өндіріс үрдісіне тікелей қатынасатын еңбек құралдары мен еңбек заттары. Оларға: негізгі қорлар, материалдық емес активтер және еңбек заттары кіреді. Қоғамдық өнімді өндіру, бөлу және айырбастау үрдісінде орын алатын экономикалық қатынастардың жиынтығы.
<b>Жарғылық капитал</b>	Құрылтайшылардың құжаттары негізінде кәсіпорынның қызметін құруға салынатын кәсіпорын құрылтайшыларының ақшалай түрдегі салымдарының (негізгі қорлардың құны, материалдық емес активтердің құны, айналым және ақша қаражаттарының құны) жиынтығы
<b>Тұтыну қоры</b>	Өндірістен тыс аядағы ұйымдарды қаржыландыруға және өндірістік емес тұтынуды қамтамасыз ететін ұлттық табыстың бір бөлігі. Құрамына материалдық игіліктер мен қызметтер кіретін тұтыну қоры дегеніміз қажетті өнім мен қосымша өнім.
<b>Жинақтау қоры</b>	Өндірісті ұлғайтуға, өндірістік емес қорларды кеңейтуге, сонымен қатар ел экономикасының резервті қорларын өсіруге пайдаланылатын ұлттық табыстың бір бөлігі
<b>Қаржылық ресурстар</b>	Ұлттық табыс пен жиынтық қоғамдық өнімді өндіру, бөлу және қайта бөлудегі мемлекетпен және басқада экономикалық агенттермен жинақталатын ақшалай қаражаттар.
<b>Қаржылық қор</b>	Қаржылық әдістермен қалыптасатын белгілі бір қажеттіліктерді қамтамасыз етуге пайдаланылатын мақсатты ақшалай қаражаттар.
<b>Қаржылар</b>	Қоғамның субъекттерімен ақшалай қаражаттардың қалыптасу, бөлістірілу жүйесін сипаттайтын объективті экономикалық құбылыс
<b>Қаржылық қорлар</b>	Жаңа құнның қалыптасуы мен жүзеге асырылуын және құнның басқа құнға ауыстырылуын (амортизациялық және еңбекақы қорлары) қамтамасыз ететін ақшалай қаражаттар
<b>Қаржыландыру</b>	Кәсіпорынның жеке қаражаттарының, бюджеттік қаражаттарының негізінде халық шаруашылығының дамуын, әлеуметтік-мәдени шараларды, қорғаныс саласын қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуі.

<b>Қаржылық қатынастар</b>	Өндірістік қатынастардың құрамдас бөлігі; мемлекет пен жеке шаруашылық субъекттері арасында ақшалай нысандағы экономикалық байланыстарды сипаттайды.
<b>Баға</b>	Тауар мен қызметтің бір бірлігіне берілетін ақшалай түрдегі құн..
<b>Экономикалық көрсеткіштер</b>	Экономикалық үрдістер мен құбылыстарды, заңдылықтарды, экономикалық өсуді сандық түрде сипаттау үшін пайдаланылатын абсолютті және салыстырмалы өлшемдер.
<b>Бюджеттен тыс қорлар</b>	Бюджетке енетін шығындарды қаржыландырумен байланысты ақшалай қаражаттар.
<b>Валюталық саясат</b>	Мемлекет пен халықаралық валюталық-қаржылық ұйымдардың валюталық қатынастар аясындағы экономикалық, заңдылықты, ұйымдық әдістердің жиынтығы
<b>Табыс саясаты</b>	Субъектінің қоғамдағы, ұжымдағы орны мен әлеуметтік-экономикалық қызметімен сипатталады және аз шығын шығарып, көп пайда табу қағидасына негізделеді.
<b>Инвестициялық саясат</b>	Контрагенттердің ұқсас жақтарымен салыстырғанда салынған қаржылардан минимум көлемде нәтиже алу.
<b>Халықаралық төлем құралдары</b>	әр түрлі мемлекеттер арасында сыртқы экономикалық байланыстар мен халықаралық есеп-айырысудағы ақшалай бірліктер.
<b>Салық саясаты</b>	Салықтың әр түрі бойынша салық құрамын, мөлшерлемесін, көлемін анықтауды жүзеге асыратын саясат түрі
<b>Жалпы мемлекеттік қаржылар</b>	Мемлекеттік бюджеттегі қаржы ресурстарының орталықтандырылған қоры ретінде қаржылық ресурстар тұрғысында және арнайы бюджеттен тыс қорларда қоғамдық қажетті қаржыландырудың қосалқы көзі ретіндегі қаржылық қатынастарды сипаттайды.
<b>Міндетті-шығын саясаты</b>	Экономикалық субъекттердің мемлекеттік тауарға салық түріндегі төлем қатынастарын (қорғаныс, ұлттық басқару және ұлттық кәуіпсіздікті қамтамасыз ету) сипаттайды
<b>Тұтыну саясаты</b>	Жеке тұлғалармен, заңды тұлғалармен, мемлекетпен мемлекетаралық құрылымдармен жүзеге асырылатын ЖІӨ қоғамда пайдалынуы.

<b>Шығын саясаты</b>	Әр түрлі тауарлар мен қызметтердің шығындарына қатысты субъекттердің өзара байланысы
<b>Сақтандыру саясаты</b>	Қоғамда сақтандыру қорларын қалыптастыру мен пайдалану барысындағы экономикалық субъекттердің материалдық қатынастарын жүзеге асыру және қорғаумен байланысты қатынастар.
<b>Трансферт</b>	1. Шет елдік валютаны бір елден екінші елге ауыстыру 2. Бір тұлғаның екінші тұлғаға бағалы қағаздарды иелену құқығын беруі 3. Келісім бойынша бір шоттан екінші шотқа ақшаның аударылуы
<b>Қаржылық жүйе</b>	Ақша қорларының қалыптасуы мен пайдалануы негізінде қалыптасатын қатынастар жиынтығы
<b>Ұйымдардың қаржысы</b>	Негізгі капитал мен айналым қаржыларының қалыптасуы мен пайдалануы, өнімді өндіру мен өткізу, ұлттық шаруашылықта ақшалай қаражаттарды жинақтау үрдісіндегі экономикалық қатынастар жиынтығы.
<b>Қаржылық саясат</b>	1. Субъектінің қаржылық қатынастарын жүзеге асыру мен қорғау қағидасын білдіреді. 2. Қаржы аясындағы өздерінің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру барысында мемлекет пен басқада экономикалық агенттермен жүргізілетін іс-шаралардың жиынтығы.
<b>Қаржылық механизм</b>	Қаржыны ұйымдастыру, жоспарлау және басқару түрлерінің, нысандарының және әдістерінің жүйесі болып табылады. .
<b>Қаржылық стратегия</b>	Алға қойылған мақсатқа жету үшін пайдаланылатын қаржылардың жалпы бағыттарын анықтайды яғни қоғамның әлеуметтік дамуы мен экономиканың ірі көлемді міндеттерін атқару үшін дайындалатын, ұзақ мерзімді келешекке бағытталған жоспар.
<b>Қаржылық тактика</b>	Алға қойылған мақсатқа жету барысындағы жеке байланыстар мен қатынастардың жүйесі яғни күтуді қажет етпейтін міндеттерді шешуге, елдің, аймақтың, экономикасының және қалыптасатын қаржылық ауытқуларды шешуге қатысты жеке байланыстардың жиынтығы және стратегияның нақтылануы.
<b>Фискалдық саясат</b>	Мемлекеттің салықтық-бюджеттік саясаты және оны экономикалық процестердегі жүзеге асыру

	механизмі.
<b>Қаржылық менеджмент</b>	Қаржылық қатынастарды, құндылықты (ақшалай) қатынастарды және қоғамның субъектлернің корларын басқару жүйесінің ғылыми түрде негізделуі.
<b>Қаржылық реттеу</b>	Жоспарлы тапсырмаларды орындау үшін қаржы ресурстарын шебер және икемді жұмсау
<b>Басқарудың автоматтандыру жүйесі</b>	Алға қойылған мақсатқа сәйкес күрделі объектіні немесе үрдісті мақсатты басқаруды қамтамасыз ететін экономика-математикалық, техникалық құралдардың және ұйымдастырушылық кешендерінің жиынтығы.
<b>Бюджетті құру</b>	Бюджеттік кірістер мен шығыстарды құру үрдісі
<b>Қаржы ресурстарының балансы</b>	Белгілі бір кезеңге және нақты күндегі барлық түсімдер мен шығындардың теңестірілуі
<b>Ұйымның балансы</b>	Қаржы көздерімен (пассив) олардың пайдалану бағыттарын(активтер) сипаттайтын заңды тұлғаның арнайы қаржылық құжаттары
<b>Дебитор</b>	Кәсіпорыннан, ұйымнан алатын қарызы бар заңды және жеке тұлға
<b>Дебиторлық қарыздар</b>	Өзара шаруашылық қатынастар жүргізу нәтижесінде заңды және жеке тұлғалардың кәсіпорынға төленбеген қарыз сомалары
<b>Индикативті (ұсынбалы, нұсқамалық) жоспарлау</b>	Ол ақпараттық үйлестіруші ролді атқарады және қаржы қызметінің субъекттеріне экономикалық реттеушілер арқылы жанама түрде ықпал етеді.
<b>Кредиторлық қарыздар</b>	Жабдықтаушылармен есеп айырысу барысында қалыптасатын қарыздар яғни кәсіпорынның ақша айналымында кредитордың қаражаттарының болуы
<b>Оперативті жоспарлау</b>	Белгілі бір уақыттағы ағымдағы жоспарлау
<b>Жоспар</b>	Іс әрекет шараларды белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асыруға бағытталған өзара байланысты мақсаттардың жиынтығы
<b>Жоспарлау</b>	Жоспардык құрылуы, ұйымдастырылуы, орындалуы және бақылануын қамтитын үрдіс
<b>Арнайы баланстар</b>	Экономикалық субъекттердің қаржылық қызметінің әр түрлі аясын, ақша қаражаттарының жағдайы мен қозғалысын сипаттайды

<b>Тактикалық жоспарлау</b>	Стратегиялық жоспарлаудың нақтылануы
<b>Қаржылық жоспарлау</b>	Қаржылық өзгерістердің нақты шамаланған бағыттары яғни қаржылық қызметтің жағдайын мақсатты түрде шамалау мен дайындаудың субъективті үрдісі
<b>Қаржылық жоспар</b>	Шаруашылық субъекттердің, саланың, жүйелердің, аймақтардың және толығымен мемлекеттің ақшалай кірістері мен жинақтарын қалыптастыру мен пайдалану жоспары
<b>Қаржылық бағдарламалау</b>	Мемлекеттік бюджетті құру барысында және қаржының басқа да буындарының кірістері мен шығыстарын құрамын дайындауда мақсатты-бағдарламалау әдістерін қолдану
<b>Қаржылық нормалар мен нормативтер</b>	Қаржылық ресурстарды құру, бөлу, реттеу және бөлістіруде қаржылық жоспарлауға ықпал ететін минималды, орташа және максималды шекті өлшемді көрсеткіштер
<b>Бюджет заңнамасы</b>	Белгілі бір уақыт аралығында орындалуын міндеттейтін бюджеттің заңдылықты негізі және билік органдарның қаржылық-құқықтық актілердің жиынтығы
<b>Міндеттеу әдістері</b>	Азаматтар мен қызметкерлердің заңды орындауына негізделеді
<b>Санкциялар</b>	Қаржы – құқықтық нормаларды бұзушыларға қолданылатын жауапкершілік шараларды білдіреді.
<b>Қаржылық құқық</b>	Бұл қоғам дамуының тиісті кезеңіндегі мемлекеттік міндетті төлемдерін жүзеге асыру үшін қажетті ақша қорларын жасау, бөлу және пайдалану үрдісінде (процесінде) пайда болатын қаржы қатынастарын реттейтін заң нормаларының жиынтығы
<b>Қаржылық-құқықтық нормалар</b>	Құқықтық негіздің бастапқы элементтері, яғни мемлекет белгілеген және қаржы қатынастарындағы мәжбүрлеу шарларымен қамтамасыз етілген іс-әрекеттің қатаң белгілі бір ережесінің пайдаланылуы
<b>Қаржылық тәртіп</b>	Барлық кәсіпорындар мен қызметкерлерге арналған қаржылық қызметтің жүзеге асырылу тәртібі
<b>Аудиторлық бақылау</b>	Тәуелсіз аудиторлық фирма мен шаруашылық жүргізуші субъекттерінің жасаған келісім-шарты негізінде қаржылық-шаруашылық қызметтің жағдайын тексеру

<b>Акт</b>	Заңды күші бар арнайы құжат
<b>Ревизия (тексеріс) актісі</b>	Шаруашылық субъектінің шаруашылық-қаржылық қызметінің нәтижелері рәсімделетін арнайы құжат
<b>Бюджеттік бақылау</b>	Бюджеттік қаражаттардың қалыптастыруын, бөлістірілуін және пайдалануын бюджетті даярлау барысында тексеретін мемлекеттік қаржылық бақылаудың бір бөлігі
<b>Сыртқы бақылау</b>	Республикалық бюджеттің орындалуын бақылаушы есеп комиссиясымен және ревизия комиссиясымен жүзеге асырылатын мемлекеттік қаржылық бақылау
<b>Ішкі бақылау</b>	Рталық ішкі бақылау органымен және ішкі бақылау қызметімен жүзеге асырылатын мемлекеттік қаржылық бақылау
<b>Үстеме бақылау</b>	Мемлекеттік қаржылық бақылау объектісіне қатысты ақпарат алу қажеттігіне байланысты үшінші бір тұлғаларды бақылау, ол операциялардың бір деңгейлігіне қарай бір-бірімен өзара байланысты құжаттарды салыстырып қарауды білдіреді
<b>Ведомстволық қаржылық бақылау</b>	Жеке министрліктің, ведомствоның өкілдері шегінде олардың жүйесіне кіретін шаруашылық жүргізуші қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу
<b>Ішкі шаруашылық бақылау</b>	Нақты шаруашылық субъектіге жүргізілетін бақылау
<b>Іріктеулі ревизия</b>	Қаржы-шаруашылық қызметтің жеке жақтарына бақылаудың жүргізілуі
<b>Кейінгі (келесі) қаржылық бақылау</b>	Қаржы операцияларын жасағаннан кейінгі нақтылықты анықтайтын бақылау әдісі
<b>Мемлекеттік қаржылық бақылау</b>	Мемлекеттік қаржылық бақылау аясындағы экономикалық заңдылықтар талабының сақталуы, жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табыстың бөлінуін, бюджеттің орындалуы мен оның атқарылуына бақылау жүргізу
<b>Тиімділікті бақылау</b>	Мемлекеттік қаржылық бақылау объектісінің республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаттарын, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік беретін қарыздарды, мемлекеттік мекемелердің тауарлары мен қызметтерін өткізуден түскен ақшаның мақсатты түрде жұмсалуын бақылау

<b>Кешенді бақылау</b>	Мемлекеттік қаржылық бақылау объектісінің нақты кезеңдегі қызметін жалпыға ортақ әдіспен тексеру және бағалау
<b>Бақылау әдістемесі</b>	Қаржы ресурстарының жүзеге асырылуын тексерудің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы
<b>Бақылау үрдісі</b>	Тікелей бақылаушылық қызмет
<b>Алдын ала қаржылық бақылау</b>	Ақшалай қаражаттардың қалыптасуы, бөлістірілуі және пайдаланылуы бойынша операциялардың жүзеге асырылуы
<b>Тақырыптық бақылау</b>	Мемлекеттік қаржылық бақылау объектісінің нақты кезеңдегі қызметін жекелеген мәселелер бойынша жаппай әдіспен тексеру
<b>Ағымдық қаржылық бақылау</b>	Ақшалай операциялардың жүзеге асырылу үрдісіне бақылау
<b>Қаржылық бақылау</b>	Ақшалай қаражаттардың қалыптасуы мен пайдаланылу үрдісіне қоғамның экономикалық субъекттерінің бақылау жасауы
<b>Акционерлік қоғам</b>	Жарғылық қоры акциялар тұрғысында беріліп, акционерлерге пайданы алуға құқық беретін және олардың арасында бөлістірілетін заңды тұлға.
<b>Айналымды қаражаттар</b>	Кәсіпорынның активтерінің жаңа құндылықтарын құру мақсатындағы өндіріс факторларының өзара байланысына тікелей әсер ететін инвестициялық қордың өзгертілген түрі.
<b>Айналымнан тыс активтер</b>	Кәсіпорын қызметінде бір жылдан аса жүзеге аса отырып, өзінің құнын біртіндеп, өндірілетін активтерге аударатын кәсіпорындардың активтер.
<b>Бәсекелестік</b>	Жеке пайдаға ие болу барысындағы жеке және заңды тұлғалардың бәсекелеске келуі.
<b>Амортизация мөлшері (нормасы)</b>	Белгілі бір уақыт аралығындағы амортизациялық аударымдардың негізгі өндірістік қорлардың баланстық құнына пайыздық түрдегі қатынасы
<b>Айналым қаржылары</b>	Өндірістік қорлар мен айналыс қорына авансталған ақшалай қаражаттар
<b>Жөндеу қоры</b>	Бұл қор шаруашылық субъекттерде негізгі қорлардың барлық түріне күрделі жөндеу жүргізу үшін қалыптасады
<b>Резервті қор</b>	Ұйымның кездейсоқ қалыптасатын шығындарын жабуға және арналған және бөлістірілмеген пайда негізінде қалыптасатын ақшалай қаражаттар болып

<b>Өзін-өзі жабу</b>	табылады Бұл шаруашылық жүргізудің негізгі қағидасы болып табылады және ол шаруашылық субъектінің өнімін өткізуден түскен табыс негізінде өнімді өндіру мен жеткізуге кеткен барлық шығындарды жабуға міндетті болып табылады.
<b>Меншікті капитал</b>	Бұл міндеттемелерді төлегеннен кейінгі қалған субъектінің активтері болып табылады. Кәсіпорынның меншікті капиталына құрылтайшылардың алғашқы жарналары, амортизациялық аударымдар және таза табыс жатады.
<b>Жиынтық жылдық табыс Жарғылық қор (капитал)</b>	Занды және жеке тұлғалардың бір жыл ішіндегі әр түрлі көзден құралған жиынтық табысы. Алғашқыда шаруашылық жүргізуші субъекттерді құрған кезде өндірістік капиталдарды, материалдық емес активтерді, айналым қорларын сатып алуға жұмсалатын ақшалай қаражаттар жатады.
<b>Шаруашылық субъекттердің қаржылары</b>	Өнім мен қызметті өндіру мен өткізу барысында ақшалай кірістерді, жинақтар мен қорларды пайдалану мен бөлуге қатысты экономикалық қатынастар жиынтығы
<b>Қаржылық қорлар</b>	Заттық құнды қалыптастыру мен жүзеге асыруға сәйкес қалыптасатын ақшалай қаражаттар (амортизациялық қор, элеуметтік қор, сақтандыру қоры, өндіріс шығындары, түсім, пайда, еңбек ақы қоры)
<b>Айналыс қорлары Жинақ қорлары</b>	Айналым аясындағы тауарлы және ақшалай түрдегі ресурстар (ұдайы өнім және ақшалай қаражаттар) Өндірістік емес қорларды кеңейтуге, ұлғаймалы өндірісті дамытуға және ел экономикасында резервті қаражаттарды өсіруге пайдаланылатын ұлттық табыстың бір бөлігі.
<b>Тұтыну қорлары</b>	Өндірістік емес қажеттіліктерді қанағаттандыруға, сонымен қатар өндірістік емес аядағы ұйымдарды қаржыландыруға пайдаланылатын ұлттық табыстың бір бөлігі болып табылады. Материалдық игіліктер мен қызметтерден тұратын тұтыну қорының негізгі көздеріне қажетті көлемдегі өнім мен қосалқы өнім жатады.



<b>Нақты төлемдер</b>	Ұжымның қызметіне байланыссыз факторлардың негізінде қалыптасқан кәсіпорынның пайдасының бір бөлігінің мемлекеттің кірісіне алыну нысанын айтамыз.
<b>Қаржылық қызмет</b>	Меншікті капитал мен заемдік қорлардың құрамының көлемінің өзгерісімен сипатталатын заңды және жеке тұлғалардың қызметі болып табылады.
<b>Кәсіпорынның қаржылық жағдайы</b>	Кәсіпорынның қалыпты шаруашылық қызметін жүргізуіне және өз уақытысында ақшалай есеп айырысуына қажетті ақшалай қаражаттармен қамтамасыз етілуімен, қамтамасыз етілмеу жағдайы
<b>Қаржылық резервтер</b>	Кәсіпорындарда, банктерде, экономика салаларында кездейсоқ шығындар мен арнайы қажеттіліктерді жабу мақсатында резервте жинақталатын ақшалай қаражаттар
<b>Таза пайда</b>	Жиынтық пайда мен пайдаға салынатын салық арасында айырмашылық түрінде анықталады.
<b>Мемлекеттік резервтер</b>	Мемлекетпен жүзеге асырылатын шикізаттардың маңызды түрлерінің, отынның, машинаның кейбір түрлерінің, бидайдың, азық-түлік тауарларының, қорғанысқа қажетті басқа да тауарлардың жинақталған қоры
<b>Мемлекеттік шығындар</b>	Мемлекеттің қызметіне жұмсалатын ақшалай шығындар
<b>Мемлекеттік табыстар</b>	Мемлекеттің қызмет етуіне қажетті материалдық базаның негізін құрайтын мемлекеттің меншігіне келіп түсетін және экономикалық қатынастар нәтижесінде құралатын қаражаттардың жиынтығы.
<b>Кіріс</b>	Белгілі бір қызметтің нәтижесінде түскен түсімнен шығындарын алып тастағаннан кейінгі қалған ақшалай түсімдері
<b>Дотация</b>	Кәсіпорынның шығындарын жабуға арналған бюджеттік қаржылардан немесе бюджеттен тыс қорлардан қайтарымсыз түрде берілетін ақшалай қаражаттары
<b>Капиталдық салымдар</b>	Халық шаруашылығының барлық салаларында негізгі қорлардың өндірісін ұлғайтуға бағытталған материалдық, еңбек және ақшалай ресурстардың жиынтығы.
<b>Бөлістірілмеген пайда</b>	Кәсіпорынның таза пайдасы яғни кәсіпорынның шығындарының көлемінен артық түсімінен

корпоративті табыс салығын шегергеннен кейінгі қалатын сумма.

**Жәрдемақы**

Жұмыстан белгілі бір жағдайға байланысты қол үзген жағдайда берілетін мемлекетпен кепілдендірілген ақшалай қаражат.

**Субвенция**

Халықты әлеуметтік қамтамасыздардыру бойынша бағдарламалар мен арнайы шараларға бөлінетін мемлекеттік қаржылық көмек.

**Акциздер**

Тауардың құнына кіретін және сатып алушымен төленетін салықтың түрі.

**Мемлекеттік төлемдер**

Мемлекеттік органдарға және өкілетті органдарға заңды негізді іс-әрекеттер үшін төленетін міндетті төлем.

**Салық салу бірлігі**

Салық есептеуінде қолданылатын салық объектісінің өлшеуші бірлігі (1 тенге, 1 га, 1 метр)

**Корпоративті табыс салығы**

Бұл тікелей салықтың бір түрі; бұл салықты Ұлттық банк және мемлекеттік ұйымдардан басқа барлық қызмет жүргізуші резидент және резидент емес заңды тұлғалар төлейді.

**Жанама салықтар**

Бағаға немесе тарифке үстеме түрінде белгіленген салық төлеушінің кірістері мен мүлкіне байланыссыз салықтар. Бұл салықтарға: қосылған құнға салынатын салықтар, акциздік салықтар, сыртқы экономикалық қызметтерге салынатын салықтар (кедендік төлемдер мен экспортқа және импортқа салынатын салықтар) жатады

**Қосылған құнға салық**

Бұл жанама салықтың бір түрі болып табылады. Кәсіпорынның өнім өндіру айналымының жалпы көлемінен алынып, бюджетке аударылатын салықтың түрін айтамыз.

**Салық базасы**

Салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектінің құндық, заттай немесе өзге де сипаттамалары, олардың негізінде бюджетке төленуге тиіс салықтар және басқада міндетті төлемдердің сомасы анықталады.

**Үстеме пайда салығы**

Салық кодексінде бекітілген нормативтен жоғары алынатын табысқа салынатын салық.

**Салық жеңілдіктері**

Заңға сәйкес салық төлеушінің жартылай немесе толықтай салық төлеуден босатылуы.

**Салық салу міндеті**

Салық төлеуден босатылатын салық төлеушілердің аз бөлігі.

<b>Салық мөлшерлемесі</b>	Салық мөлшерлемесі салық базасының өлшем бірлігіне салық есептеулерінің шамасын береді.
<b>Салықтық үлес (квота)</b>	Салық төлеушінің табысынан алынатын пайыз түріндегі салық мөлшерлемесі.
<b>Салықшыл Салықтық режим</b>	Субъектінің бір объекіден төлейтін салық сомасы. Бюджетке салық пен басқада төлемдерді төлеуде қолданылатын салық заңдылығының нормаларының жинтығы.
<b>Салық міндетемесі</b>	Салық заңдылығына сәйкес орын алатын салық төлеушінің мемлекет алдындағы салық органында арнайы салық тіркеушінің тіркеуінен өтуі, салық салу объектісін анықтауы, мемлекеттік бюджетке салықтар мен басқа да төлемдерді төлеуі туралы міндеттемесі.
<b>Салық кезеңі</b>	Жеке салықтар мен басқа да міндеттемелерге қатысты белгіленген уақыт кезеңі.
<b>Салық жүйесі</b>	Мемлекетте алынатын салық түрлерінің, оны құру меналудың нысандары мен әдістерінің салық қызметі органдарының жиынтығы
<b>Салықтар</b>	Белгілі бір көлемде, белгілі бір уақытқа сәйкес алынатын мемлекетпен бекітілетін міндетті төлемдер.
<b>Салық салуды ұйымдастыру</b>	Салық қатынастары нысандарының элементтерін, яғни салық түрлерінің нақты атауларын сандай-ақ оларды қолданудың тәртібі мен әдістерін, іс қимылдың тәсілдерін біріктіретін салық механизмін құру мен жүзеге асыру үрдісі.
<b>Төлемақылар</b>	Жер учаскелерін, су қорын және т.б. табиғи қорларды пайланғаны үшін және қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін ақшалай төлем.
<b>Төлемдер</b>	Заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік органдардың оларға көрсететін қызметтері үшін төленетін міндетті төлемдерін айтады. Төлемдердің тіркеуге арналған. кедендік, соттық, пошталық, мұрагерлік, патенттік, биржалық және т.б. түрлері бар.
<b>Роялти Арнайы салық режимі</b>	Пайдалы қазбаларды игеруге төленетін төлем түрі. Салық төлеушілердің жекеленген санаттарына – шағын бизнес субъекттері, шаруа қожалықтары, заңды тұлғалар – ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер, кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін белгіленетін және салық төлеудің

	оңайлатылған тәртібін қолдануды көздейтін бюджетпен есеп-айырысудың ерекше тәртібі
<b>Алымдар</b>	Занды және жеке тұлғалардың мемлекеттік органдарға тіркеуге алғандары үшін және қозғалмалы мүлікке иелік ету куәлігі үшін төлейтін міндетті төлемінің түрі.
<b>Бюджеттің тепе-теңдігі (Баланс)</b>	Бюджеттің кірістері мен шығыстарының теңдігін көрсетеді.
<b>Бюджеттік несиелер</b>	Мемлекеттік бюджеттен ақылы негізде берілетін, жедел қайтарылатын ақшалай қаражаттар.
<b>Бюджеттің жіктелуі (классификациясы)</b>	Мемлекеттің қаржылық органдарының бюджеттік қызметіне жататын бюджеттік кірістер мен шығыстардың бір текті нысандары бойынша топтастырылып, жүйеленуі.
<b>Бюджеттік бағдарлама</b>	Мемлекетті басқару қызметі мен саясатын жүзеге асыру жөніндегі бюджеттің шығыстары бюджеттік бағдарлама деп аталады.
<b>Бюджеттік субвенция</b>	Төменгі бюджеттердің жоғарғы бюджеттерден заңнамалық актлермен және маслихаттардың шешімдерімен бекітілген сомалар шегіндегі алынатын ресми трансферттері.
<b>Бюджеттік алынымдар</b>	Заңнамалық актлермен немесе маслихаттардың шешімдерімен бекітілген сомалар шегінде төменгі бюджеттердің жоғарғы бюджеттерге беретін ресми трансферттері
<b>Бюджеттік жүйе</b>	Экономикалық қатынастар мен заңнамалық нормаларға негізделген бюджеттің барлық нормаларының жиынтығы
<b>Бюджеттік құрылым</b>	Бюджет жүйесінің қалыптасу қағидасы мен оның буындарының (звенья) өзара байланысының ұйымдастырылуы
<b>Бюджеттік үрдіс(процессе)</b>	Бюджет жүйесін басқару, жоспарлау, талқылау, бекіту, орындау, анықтау, түзету, бюджеттік есепті ұйымдастыру және мемлекеттік қаржылық бақылау жөніндегі салық заңнамасымен реттелетін қызметтер.
<b>Бюджеттік кірістері</b>	Салықтар мен басқада міндетті төлемдер, ресми трансферттер, мемлекетке бюджетке өтеусіз негізде берілетін, қайтаралмайтын, ақшалай қаражаттар.
<b>Бюджеттің тапшылығы</b>	Бюджеттік түсімдер мен шығыстар арасындағы кері айырманың қалыптасуы

<b>Бюджет механизмі</b>	Ақшалай қаражаттарды қалыптастыру мен пайдалану жүйесі
<b>Бюджетаралық қатынастар</b>	Бюджет үрдісіндегі жоғарғы мен төменгі бюджет арасындағы қатынастар
<b>Салықтық түсімдер</b>	Саық кодексімен бекітілген бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер
<b>Салықтық емес түсімдер</b>	Республиканың актлерімен бекітілген бюджетке төленетін міндетті қайтарымсыз төлемдер
<b>Бюджеттік несиелерді жабу</b>	Бюджеттік несиені алушылардың (заемщиктер) жағынан ақшалай қаражаттардың түсуі.
<b>Бюджет профициті</b>	Бюджеттік түсімдер мен шығыстар арасындағы оң айырмашлықтың болуы яғни бюджеттік шығыстардан түсімдеркөлемінің артуы
<b>Бюджет тапшылығын қаржыландыру</b>	Қарыз алу және бюджет қаражаттарының бос қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды қамтамасыз ету. Оның көлемі алынған қарыздар сомасының, бюджет қаражаты қалдықтары қозғалысының қарыздар бойынша негізгі боорышыт өтеу сомасынан асып түсуі ретінде белгіленеді.
<b>Мақсатты ағымды трансферттер</b>	Республикалық немесе жергілікті бюджетте бекітілген жеке ағымдық бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында жоғарғы бюджеттен төменгі бюджетке бөлінетін арнайы трансферттер
<b>Таза бюджеттік несиелеу</b>	Бюджеттік несиелеумен оны жабу арасындағы айырмашылық
<b>Бюджеттен тыс қорлар</b>	Мемлекеттің қатаң белгілі бір мақсаттарға пайдаланылатын және заң жүзінде қалыптасуының бекітілген көздері бар ақша ресурстарының жиынтығы
<b>Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы</b>	Міндетті зейнетақы жарналары негізінде зейнетақымен қамтамасыз етуші ұйымдармен келісімге отырған және зейнетақы жинақтаушы қорында жеке зейнетақы шоты бар жеке тұлға.
<b>Еркін зейнетақы жарналарының салымшысы</b>	Келісім шартқа сәйкес өзінің жеке қаражатынан еркін зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын заңды және жеке тұлға.
<b>Кәсіпкерлікті және бәсекелестікті қолдау бойынша бюджеттен тыс қорлар</b>	Нарықтық қатынастарды дамыту мен баламалы экономикалық құрылымдарды ұйымдастыруға және әр түрлі меншік нысанында кәсіпорындарға қолдау көрсетуге бағытталған қорлар.

<b>Бюджеттен тыс қаражаттар</b>	Бюджеттік ұйымдарға бюджеттен тыс қорлардан берілетін қаржылар
<b>Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры</b>	Жалғыз құрылтайшысы және қатынасушысы мемлекет болып табылатын акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым
<b>Мемлекеттік зейнетақы жинақтау қоры</b>	Заң негізінде зейнетақы салымшыларын тарту, зейнетақы төлемдерін төлеу, сонымен қатар зейнетақы активтерін қалыптастыру бойынша қызметтерді атқаратын заңды тұлға
<b>Еркін зейнетақы қорлары</b>	Салымшының өз қалауы бойынша зейнетақы қорларына жарналарын салуы
<b>Жол қоры</b>	Жалпы пайдаланудағы автокөлік жолдарын соғу, жөндеумен байланысты ақшалай қаражаттарды жинақтайтын қор
<b>Инвестициялық қор</b>	Экономиканың жеке салаларына қаржылық көмек көрсету мақсатында және болашағы зор жобаларға инвестицияны тартуды жүзеге асыратын қорлар
<b>Инновациялық қор</b>	Инновациялық қызметті жүзеге асыру, инновациялық қызметке қолдау көрсету, ғылыми негізде өндірісті жаңарту мақсатында құрылған ақшалай қаражаттар
<b>Зейнетақы қорлары</b>	Зейнетақы төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, сонымен қатар республиканың заңының негізінде анықталған зейнетақы қорларынан алымдарды ұйымдастыруды жүзеге асыратын ақшалар мен басқа да қаржылық құралдар.
<b>Жеке әлеуметтік код</b>	Жеке азаматтар мен тұлғаларға зейнетақымен қамтамасыз ету құқығын беретін тұрақты жеке код.
<b>Жинақтаушы зейнетақы қорларының меншікті капиталы</b>	Жинақтаушы зейнетақы қорларының олардың міндеттемелернің сомасын алып тастағаннан кейінгі активтерінің құны.
<b>Бюджеттік несиелеу</b>	Мемлекеттік бюджеттен қайтарымды және ақылы негізде бекітілген тәртіппен заңды және жеке тұлғаларға, төменгі сатылы бюджеттерге ақшалардың бөлінуі
<b>Сыртқы қарыздар (заемдар)</b>	Қарыз берушінің қарыз алушыға белгілі бір көлемде, белгілі бір уақыт аралығына және белгілі бір пайызбен(немесе пайызсыз) ақшалай қаражаттарын

	беруі
<b>Сыртқы мемлекеттік қарыз</b>	Мемлекеттің басқа бір шет елдік несиесіне берушіден белгілі уақытта аралығында қайтаруға міндетті қаржылық міндеттемелерінің көлемі. Бұл несиені мемлекет белгілі бір уақыт өткеннен кейін қайтаруға міндетті болады.
<b>Ішкі мемлекеттік қарыз</b>	Бұл мемлекеттік қарыздың құрамдас бөлігі болып табылады. Оған мемлекет ішіндегі үкіметтің, жергілікті билік органдарының және Ұлттық банктің кредитор-резиденттер алдындағы займдары мен борыштары жатады
<b>Кепілдендірілген несиесі</b>	Бір кәсіпкердің екіншісіне банк, фирманемесе үкімет органдары арқылы кепілдендіріп берген несиесі.
<b>Мемлекеттік несиесі</b>	Мемлекетпен берілген және төленбеген (пайыздарды қоса алғанда) мемлекеттік займдар бойынша қарыздар сомасы.
<b>Мемлекеттің кепілдендірілген қарыздары</b>	Белгілі бір уақытқа алынған, белгілі бір уақыт аралығында төленбеген және республиканың мемлекеттік кепілділігіне ие мемлекеттік емес займдарының көлемі
<b>Мемлекеттік займ</b>	Мемлекет борышкер тұрғысында қатынасатын несиесіне қатынастары
<b>Мемлекеттік несиесі</b>	Жалпы мемлекеттік қаржының басты буындарының бірі және несиесіне қатынастарының жиынтығы. Бұл қатынастарда мемлекет несиесінің де, қарыз алушының да, гаранттың да ролінде қатынаса алады.
<b>Несие менеджменті</b>	Несие қатынастары мен ссудалық құндылықтар ағынын басқару жүйесі
<b>Кредитор</b>	Несие келісімінің белсенді субъектісі яғни еркін құндылықтардың иегері
<b>Несие нарығы</b>	Ссудалық қорды сатып алу мен сату бойынша кредитор-сатушымен қарыз алушы –сатып алушылардың өзара байланысы
<b>Несие (Кредит)</b>	Қажетті қаражаттарды жеделділік, қайтарымдылық және төлемділік шарттары негізінде қалыптастыру мен пайдалану жүйесі
<b>Қысқа мерзімді ссудалар</b>	Айналым капиталының қозғалысы мен кездейсоқ шығындарды қамтамасыз етумен байланысты қарыз алушылардың ағымдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету

<p><b>Үкіметтік борыштың шектеулігі (лимиті)</b>  <b>Халықаралық несиесі</b>  <b>Халықаралық мемлекеттік несиесі</b></p>	<p>Сәйкес қаржылық жылға арналып, республикалық бюджетпен бекітілген үкіметтің алынған және жабылмаған қарыздары және бұл қарыздар үкімет бекіткен көлемнен аспауы тиіс</p> <p>Бір мемлекетке, банктерге, заңды және жеке тұлғаларға басқа мемлекеттен берілетін қарыздар</p> <p>Халықаралық экономикалық қатынастар аясында елдердің материалдық ресурстарының тауарлы және ақшалай түрдегі қозғалысы және оларға уақытша қолданғаны үшін қайтарымдылық негізінде пайыздық-төлемдердің жүруі.</p>
<p><b>Қайта қаржыландыру Мемлекеттік борышты басқару</b>  <b>Акционерное страхование</b></p>	<p>Мемлекеттік берешекті жана қарызды шығар (беру) арқылы жабу</p> <p>Мемлекеттік несиенің тиімділігін қамтамасыз ету бойынша е мемлекеттік өкілетті органдардың қызметі</p>
<p><b>Сақтандыру түрлері</b>  <b>Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру</b></p>	<p>Организационная форма страховой деятельности, при которой в качестве страховщиков выступают акционерные общества и страховая компания</p> <p>Сақтандырушыға сақтандыру ұйымынан келісім негізінде ұсынылатын сақтандыру өнімдерінің түрлері</p> <p>Азаматтарды еңбек ету қабілетін жоғалтуна және жұмысынан айрылуына, сонждай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты кірістің бір бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралардың жиынтығы</p>
<p><b>Сақтандыру</b>  <b>Сақтандыру нарығы</b></p>	<p>Кездейсоқ әртүрлі жағдайларда олардың орнын жабуға қажетті ақшалай қаражаттардың мақсатты қорларын қалыптастыру мен пайдалану жүйесін беретін экономикалық құбылыс</p> <p>Сату және сатып алуда негізгі объект ретінде – сақтандыру қызметі пайдаланылатын ақшалай қатынастар аясы</p>
<p><b>Сақтандыру қоры</b></p>	<p>Сақтандыру жағдайлары қалыптасқан жағдайда шығындарды жабуға пайдаланылатын материалдық және ақшалай қаражаттардың резервтері</p>
<p><b>Сақтандыру төлемі</b></p>	<p>Кездейсоқ жағдай болған уақытта сақтандыру ұйымынан және сақтандырушыға төленетін ақшалай қаражаттар</p>



<b>Сақтандыру жарнасы</b>	Келісім-шарт негізінде сақтандырушының сақтанушыға төлейтін міндетті төлемі
<b>Өзін-өзі сақтандыру немесе тәуекелділік қоры</b>	Шаруашылық субъектінің натуралды қосалқы бөлшектері түріндегі орталықтандырылған қор
<b>Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу</b>	Бұл макроэкономикалық тепе-теңдікке және экономиканың жұмыс істеуінің әрбір нақтылы нақтылы кезеңінде оның үдемелі дамуына әсер етуі үшін, сондай-ақ қаржы ресурстарын тиімді пайдаланудың күнделікті үрдісін қамтамасыз ету үшін шаруашылық субъектіге мемлекеттік қаржылық ықпал етудің әдістері мен нысандары
<b>Өршімелі инфляция</b>	Жоғарғы қарқынды инфляция
<b>Гиперинфляция</b>	Инфляцияның ірі көлемі яғни айналымдағы ақша массасы мен тауарлардың бағасы өте жедел қарқынмен өсіп, ақша бірліктері күрт төмендейді, және қалыпты шаруашылық байланыстар мен төлем айналысы бузылады
<b>Инфляция</b>	Тауарлар мен қызметтердің құнының және ақша жүйесінің құнсыздануы
<b>Баға индексі</b>	Белгілі бір уақыт аралығындағы тұтыну тауарлары мен қызметтерінің сомасының базалық кезеңдегі сомасына қатынасы
<b>Сұраныс инфляциясы</b>	Заңды және жеке тұлғаларда ақшалай қаражаттардың массасының көбеюіне байланысты тауарлар мен қызметтерге, өнімдерге сұраныстың арту жағдайы

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау/Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2006ж.
2. Савицкая Г.В. «Экономический анализ». - Москва, Новое знание, 2005.
3. Балабанов И.Т. Риск-менеджмент. – М.: Финансы и статистика, 2006.
4. Бланк И.А. Стратегия и тактика управления финансами. – Киев: ИТЕМЛтд, АДЕФ-Украина, 2006.
5. Ван Хорн Дж.К. Основы управления финансами. – М.: Финансы и статистика, 2004.
6. Вишняков Я. Д., Колосов А. В., Шемякин В. Л. Оценка и анализ финансовых рисков предприятия в условиях враждебной окружающей среды бизнеса //Менеджмент в России и за рубежом–2000 г.№3, с.15-17.
7. Глухов В.В., Бахрамов Ю.М. Финансовый менеджмент. – С.-Петербург: Специальная литература, 2005.
8. Грабовой П. Г. . Риски в современном бизнесе. – М.: Аланс, 2004. - 240с
9. Толысбаев Б.С. Организация и управление производством в перерабатывающих предприятиях АПК: теория, методология, практика : На материалах Республики Казахстан Дисс... на соиск. учен. степени д.э.н. М. 2006. - С.36.
10. Лапуста М.Г., Шаршукова Л.Г. Риски в предпринимательской деятельности. – М.: Финансы и статистика, 2003.
11. Станиславчик Е. Н. Риск-менеджмент на предприятии. Теория и практика. М.: «Ось-89», 2002. – 80 с.
12. Стоянова Е.С. Финансовый менеджмент. Российская практика. – М.: Перспектива, 2003.
13. Чернова Г. В. Практика управления рисками на уровне предприятия. – СПб: Питер, 2000. – 176с
14. Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С. Методика финансового анализа М: ИНФРА, 2005.
15. Э.А. Уткин «Финансовый менеджмент»: Москва.- учебник для вузов. – 2004 г.. - 179 с;
16. Балабанов И.Т. Финансовый менеджмент: Учебник. – М: Изд-во «Финансы и статистика», 2002. – 489 с.
17. Анафияева Ж.А. Формирование и функционирование экономического механизма зернового подкомплекса региона. Дисс... на соиск. учен. степени д.э.н. М. 2002. - С.36.

18. Лялин В.А., Воробьев П.В. Финансовый менеджмент (управление финансами фирмы). – СПб: Изд-во «Юность», 2004. – 574 с.

19. Управление по результатам: Пер. с финск. / Общ. ред. и предисл. Я.А. Леймана. – М.: Издательская группа "Прогресс", 2003. – 320 с.

20. Финансовый менеджмент: теория и практика: Учебник / Под ред. Е.С. Стояновой. – М: Изд-во«Перспектива», 2000. – 656 с.

21. Теплова Т. В. Финансовые решения: стратегия и тактика: Учебное пособие. – М.: Изд-во «Магистр», 2001, – 264 с.

22. Хоминич И. П. Финансовая стратегия компаний: Научное издание. – М.: Изд-во Росс. экон. академии, 2003, – 156 с.

23. Международные финансы / Под ред. Г. Фишера. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 782с.

24. Масалимова С.Ш., Зиядин / «Қаржылық менеджмент».

25. Исакаев.Б Қаржылар теориясы.Оқу құралы.– Астана, 2011 – 202 бет.

26. Абленов Д.О. Финансовый контроль и углубленный аудит: теория, методология, практика: Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2007 – 608с.

27. Ахметова А.А. Кредитные риски в коммерческих банках и механизм управления ими – Астана, Издательство «ПарасатӘлемі», 2005

28. Баймуратов У. Инвестиции и инновации: нелинейный синтез. Том 3. Алматы, БИС, 2005 г.

29. Бандурко Ж.Ю. Влияние глобализации на мировые финансовые рынки. М.2007.

30. Бибатырова И.А. Государственное регулирование национальной экономики. Учебное пособие.— Астана: Данекер, 2006.

31. Бланд Д. Страхование: принципы и практика. – М.: Финансы и статистика, 2009

32. Боровкова В.А. Рынок ценных бумаг. – СПб.: Питер, 2005 – 320 с.

33. Буkenov A.Ж. «Финансово-кредитные ресурсы в инвестировании экономического развития: моделирование показателей взаимовлияния на региональном уровне». Астана.2001

34. Додонов В. Ю. Портфельный менеджмент на развивающихся фондовых рынках. - Алматы: ИД «Китап», 2008.

35. «Инвестиции», под ред. Подшиваленко, М., Кнорус, 2008

36. Исакаев У., Макынш С., Бокаев Д. Банковский сектор Казахстана: Учебник. – Алматы: Экономика, 2005.

37. Исакаев У.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А. Финансовые рынки и

посредники.- Алматы: Экономика, 2005. – 298 с.

38. Ғ. Керімбек «Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік» пәні бойынша оқу құралы: Астана «Фолиант» 2005ж

39. Капитоненко В.В. Инвестиции и хеджирование, СПб, СШЭ, 2006

40. Карагузов Ф. С. Ценные бумаги и деньги в системе объектов гражданских прав. – Алматы, Жетіжарғы, 2007. – 432 с.

41. Международные финансы: Учебное пособие/ РАН ИНИОН. – М., 2007. – 130 с.

42. Сейткасымов Г., Бекболатулы Ж., Каримжанов С. Банковская система Казахстана: Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2008.

43. Шеффер П., Финансирование и инвестиции, СПб, Питер, 2007.

Басуға 12.05.2014 жылы қол қойылды  
Пішімі 60/84 /16  
Тапсырыс 083

Шартты баспа табағы 17,4  
Таралымы 100 дана

---

«Мастер ПО» ЖШС басылды  
010008, Астана қ., Пушкин көшесі, 15-76  
e-mail.: masterpo08@mail.ru